Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **Өз орнын тауып отыру.** Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, онымен санасу, жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы,	Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыра білу,**Құрастыру**	қоршаған ортаның әсемдігіне, өнер туындыларына, тұрмыстық заттарға, қазақ және басқа халықтардың ойыншықтарына эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру. **Сурет салу**	(текше, пластина, кірпіш, блок және т.б.) аттарын атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өзбетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау **Құрастыру**	Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру: түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу **Мүсіндеу**

		шынықтыру)			
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың үйге қайтуы	«Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата-аналармен кеңестер жүргізу.	Балабақшаға кешікпей келулерін ескерту.	Күзгі табиғаттағы ағаштардың түрлері туралы әңгімелесу.	Баласымен бірлесе отырып күзгі жапырақтар жинау.	Балалардың балабақшаға таза келулерін қадағалау.

Тексерілді: Ибад

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қыркүйек айы 2024 жыл 4 апта

Күн тәртібі	Дүйсенбі 23.09.2024ж	Сейсенбі 24.09.2024ж	Сәрсенбі 25.09.2024ж	Бейсенбі 26.09.2024ж	Жұма 27.09.2024ж
Балаларды қабылдау	Көңілді күн әнімен қарсы алу	Қонаққа келген қуыршақпен қарсы алу	Достық эстафетасы арқылы қарсы алу	Балаларды қоңыраумен қарсы алу. Сылдырлатып қоңырауын соғып кіріп,келесі балаға береді	Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегін қандай әдемі т.б)
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың бақшаға бейімделуі жайлы әңгіме	Баланың денсаулығы жайлы әңгіме	Баланың басқа балалармен қарым – қатынасы жайлы әңгіме	Топтық іс-шаралар мен мерекелер жайлы әңгіме	Баланың көңіл күйі туралы әңгімелсу
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	«Кімнің шары алысқа ұшады?» Мақсаты: Дөңгелек жақ бұлшық етін дамыту, тыныш тұрған еріндер	«Мені қайтала» дидактикалық ойын Мақсаты: Жасырын тұрған суреттерді тауып,	Біздің денсаулығымызға не керек ? Мақсаты: Балалардың денсаулыққа қажетті заттар туралы білімдерін бекіту,	Дид-к ойын: «Менің айтуым бойынша». Мақсаты: Суреттеп айткан баланы табу . **Қоршаған ортамен таныстыру**	«Жоғарыда төменде» Мақсаты: Жоғары-төмен ұғымдарын түсіндіру. Байқағыштықты, зейін, киялды дамыту

	өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру **Қоршаған ортамен таныстыру**				
Білім беру ұйымының кестесібойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** **Жүру.** Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.	**Музыка** Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.	**Дене шынықтыру** Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөренеңін бойымен жүру. Қолды екі жаққа созып, баска қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу. Қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жүру	**Қазақ тілі** Байланыстыра сөйлеу тілін дамыту: сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету, сөздік қорын байыту. Ойын арқылы қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Есту, көру, сөйлеу қабілеттерін арттыру. Қазақ тілінде таза, дұрыс сөйлеп үйрету. 4-5 сөзден тұратын сөйлем айту; сөйлем сөздерін бір-бірімен үйлестіру; құрдастарымен және ересектермен диалог жүргізу; тақырыпты сипаттай білу; антонимдерді түсіну (ақ-қара, үлкен-кішкентай). (Балабақша, үй, есік, терезе, дүкен, емхана, сабын, су, кір, таза,	**Дене шынықтыру** Қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 см жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту,

				билейік, ән айтамыз) Бөбекжайда жұмыс істейтін мамандықтармен таныстыру; сөйлем құрастыру мүмкіндігін дамыту; «Мынау кім?» «Мынау не?» «Не істейді?» «Қандай?» деген сұрақтардың мағынасын түсіндіру. «Ә», «Ү», «Ы» , «Ұ» дыбыстарының айтылуын үйрету. (Тәрбиеші, күтуші, аспазшы, меңгеруші, жақсы, жұмыс істейді) Ойыншықтарды қазақша дұрыс атауға үйрету. Сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата білуге жаттықтыру. Өткен сөздерді бекіту. Ойыншықты таза ұстауға тәрбиелеу. (Сылдырмақ, конжық, сұр, қоңыр, жолақ, ойнаймыз, санаймыз, жинаймыз) Отбасының барлық мүшелеріне деген құрметті тәрбиелеу. Қазақ тіліне тән «Ә», «І», «Ғ», «Ң» дыбыстарын дұрыс атау. Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер	

	достарын таныстыру. Достарының есімдерін. сұрап, балаларға өз есімдерін айтқызу арқылы танысу дос болу жолдарын таныту. Достармен қандай ойын ойнайтынын сұрап ойын ойнау негізінде достық сезімдерін дамыту **сөйлеуді дамыту** Аружанның достарына қалаулары бойынша сурет салып беру, арқылы немесе мүсін жасау арқылы жеке қарандашты , ермек сазды қолдану қабылеттерін қалыптастыру **Сурет салу Мүсіндеу**	әңгімелеуді дамыту. Топтағы заттарды салыстыру негізінде үлкен кіші, ұзын қыска деген сөздерді түсініп, қолдануды үйрету. Заттарды пайдаланып көру қабылеттерін дамыту **сөйлеуді дамыту,Қоршаған ортамен таныстыру,математика негіздері**	туралы әңгімелеп беруін сұрау негізінде сөйлеуін қалыптастыру. **сөйлеуді дамыту** Ойыншық туралы жаттаған тақпағын айтып, әжеден сыйлық алып құану сезіміне бөлену жағдай жасау **көркем әдебиет** Әженің қоржынынан шыққан заттарды санау, топтастыру, салыстыру бойынша санау қабылеттерін дамыту **математика негіздері**	бастамасы бойынша іс әрекет жасау. Балалардан қуыршаққа не болғаны туралы сұрап,ойларын дамыту. Дыбыстарды дұрыс айтып, байланыстыра сөйлеуін үйрету. **сөйлеуді дамыту** Қуыршақтың сүйікті ойыншығы доп екен. Бізде доппен ойнай аламыз ба деп доппен ойындар ойнату.Сосын доптың суретін салып, мүсінін жасауын , тақтаға жапсыруын ұйымдастыру. Қол кимылын дамытуға жағдай жасау **Сурет салу,Мүсіндеу,Жапсыру**	Біз апайымызға қалай қамқорлық таныта аламыз деп балалардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. **сөйлеуді дамыту** Апайымызбен бірге кітаптар қарайық. Кітаптан көргенімізді апайымызға айтып берейік деп қызығушылығын жетілдіру **көркем әдебиет**

				құрастыруға үйрету. (Әже, ата, әке, ана, іні, сіңлі, туыс, екеу, үшеу, мейрімді) **Музыка** аландамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, катты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу,қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату	
	Дос болу сезімін дамыту үшін топқа қонақ боп келген Жанель құыршақты таныстыру. Ол өзімен ертіп келген	Балаларға топты аралатып, топтағы заттарды көрсету. Оларды атап, не үшін қолданылатынын	Топқа әже қонаққа келеді? Балалардан қонаққа кім келгенін сұрау. Сәлемдесу өз әжелерінің есімін атау, әже қандай адамі	Топқа кір қожалақ құыршақ көмек сұрап келеді. Балалардан құыршақка қалай көмектесуге болатынын сұрау арқылы олардың	Балалардан бізге тамақ әкелін, бізді күтін қарайтын апайымыздың есімі кім? Ол бізге қалай қамқорлық танытады

	Олар жаз бойы азықтарын жинап, қыска дайындалады да, күз түсіп күн суыта бастаған кезде жер астындағы індеріне кіріп жатады. Кейбір жәндіктер өз індерін ағаш қуыстарына, қалың шөп астына да салады. Балаларға тапсырма: «Құмырсқалар илеуі» тақырыбына бормен сурет салу. Қимылды ойын : «Аққу - қаздар» Мақсаты: белгі берісімен тез жүгіруге жаттықтыру. Жаттығу ойындары: допты жерге лақтырып,әуелі екі қолмен, кейін бір қолмен допты қағып алуға жаттықтыру. *(Қоршаған ортамен таныстыру,дене*		-Қалың ну-халық саулығы! Аңыратпайды ағашын. Көк орман-Отан байлығы! Дидактикалық ойын: «Қай ағаш екенін тап» Мақсаты: тәрбиешінің берген нұсқауымен аталған ағашта табу. Қимылды ойын: «Кім ағашқа бұрын жетеді». Мақсаты: Берілген белгі бойынша тез жүгіруге жаттықтыру, мақсатқа жетуге деген ынталарын арттыру. *(Қоршаған ортамен таныстыру,дене шынықтыру)*		шағады! Балаларға сұрақтар Құмырсқалар өте еңбексүйгіш. Олар өздерінің қыстық азағын жаз бойы тынбай дайындайды. Бұл істе олар өте ұйымшылдықпен жұмыс істейді. Құмырсқаның бірлігі мен еңбексүйгіштігін адамдар үлгі тұтып, ертегі, аңыздарға, жыр, мысалдарға қосқан. Оларды өлтіруге, илеулерін бұзуға тыйым салған. Қимылды ойын: «Орамал тастамақ» Мақсаты: Байқампаздыққа, жылдамдыққа баулу*(Қоршаған ортамен таныстыру,дене шынықтыру)*

Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**				
Серуен	Жәндіктерді бақылау Мақсаты: балабақша ауласындағы жәндіктерді бақылау жұмыстарын жалғастыру. Олардың жазғы тіршілігі туралы білімдерін молайту. Бақылау барысы Балаларға сұрақтар: Жәндіктер дүниесі алуан түрлі. Олардың біз білмейтін, біз көрмеген түрлері де көп-ақ. Олардың өз ерекшеліктері, өз тіршіліктері бар. Жәндіктер көктемнің аяғына қарай, жер әбден қызған кезде пайда болады. Олар қайдан шығады?	Өткінші жаңбырды бақылау. Мақсаты: Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың пайдасы , жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бақшаны , саяжайдағы көкөніс, жеміс – жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру. «Кім бірінші» қимылды ойыны Мақсаты: ойын ережесіне сай жарысу арқылы, жеңімпаз болуға асығу қабілеттерін арттыру. *(Қоршаған ортамен таныстыру,дене шынықтыру)*	Ағаштарды бақылау Мақсаты: Балабақшаның ауласында өсіп тұрған ағаштрды жапырақтары бойынша танып, атын атай білу. Табиғат байлығы ағаштарға қамқор болуға, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Бақылау барысы Балаларға сұрақтар: Орманшы менің нағашым, Лайлатпайды тұнығын, Омырауында үлкен дүрбісі. Ауырлатпайды ауасын. Аралап орман арасын, Көрсең де қашан, қай түні, Түспейді аттан бұл кісі. Айтатын сөзі әйгілі: Шырылдатып шыбығын,	Күннің көзін бақылау. Мақсаты:Балаларға күн туралы түсініктерді тиянақтау; табиғи құбылыстарға деген қызығушылықты арттыру. - Балалар, аспанда жарқырап тұрған не? - Ол неге ұқсайды? - Күннің көзі болмаса біз өмір сүре аламыз ба? - Күннің бізге қандай пайдасы бар? Өлең шумағы: Күн шыққанда: Алақай, алақай! Күн шықты күн шықты! Жер үстінде нұр шықты! *(Қоршаған ортамен таныстыру,дене шынықтыру)*	Құмырсқаны бақылау Мақсаты: Балалардың жәндіктер туралы білімдерін молайту. Құмырсқаның еңбеккорлығы, бірлігі туралы айта отырып еңбексүйгіштікке, бірлікке тәрбиелеу. Бақылау барысы Жұмбақ: Бәрі бірдей жұмысқа, Шығатын не ? - Құмырска. Көркем сөз «Құмырсқалар» М. Әлімбаев Құмырсқаның илеуі- Илеуіне жұмылып, Құмырсқаның үйлері Инелікті сүйрейді Бір тілек, бір ниетпе, Құмырсқалар тамағын, Барлық тұрғын үйдегі, Еңбекпенен табады. Елгезектер бұйығып, Өзін қорғай алады, Ерінуді білмейді. Шамшандырсаң,

Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).				
Серуен	« Тым-тырақай» Мақсаты: Ойнаушы балалар шеңберге тұрады да, бір баланы санамақ айтып, ортаға шығарады. Балалар тәрбиешінің белгісімен:Ал, кәнеки балалар. Бір, екі, үш-деп санаңдар. Бір, екі, үш—Ал тарандардеп. Жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң тәрбиеші бір, екі, үш деп санағанша балалар тез шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады. *(Дене шынықтыру)*	«Допты тордан лақтыр» Мақсаты: Допты лақтыра білуге үйрету, топпен жарыса білуді ептілікке,шапшаңдық қа үйрету. *(Дене шынықтыру)*	« Кім шапшаң?» Мақсаты:Балалар саппен келе жатып, тәрбиеші белгі берісімен, жан-жаққа бытырап, ойнап кетеді. Екінші белгімен тез өз орындарына тұра қалады. Тәрбиеші «1,2,3» деп санағанша балалар тұрып үлгеруі керек. Кімнің тез, дұрыс тұрғанын атап айтылып, жаңылған балаға ескерту беріледі. *(Дене шынықтыру)*	«Өзіне жұп тап» Мақсаты: Балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту.*(Дене шынықтыру)*	«Ұстап ал» Мақсаты: Балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. *(Дене шынықтыру)*
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта				

Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Достарымызбен шеңберге тұрайық, ойыншықтардан шеңбер жасайық. Шеңбер бойлап айналайық. Топта шеңберге ұқсас заттарды тауып салыстыру. **математика негіздері** Құрылыс заттарынан достарына үйшік құрастыру **Құрастыру** Дайын жапсыру пішіндерінің ішінен домалақ пішінді табу, атау,тақтайшаға жапсыру. **Жапсыру**	Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп, еркін тақырыпта сурет салу, тұзды қамырды пайдаланып мүсін жасау. Фланелеграф тақтасына әр түрлі пішіндерді тізбектеп жапсыру. **Сурет салу,Мүсіндеу, Жапсыру**	Әр түрлі құрылыс заттарын пайдаланып, балалардың қалауы бойынша жануарларға қоралады жасауды үйрету **Құрастыру** Мерекелік әсем шарлар деп суретін салу, мүсінін ермексаздан жасауды жетілдіру ,**Сурет салу,Мүсіндеу**	Ойыншық туралы жаттаған тақпақтарды айтқызу арқылы есте сақтауын дамыту. **көркем әдебиет** Қонағымызды топтағы қуыршақтармен салыстырып көрейікші. Ол зат қандай сұрағына жауап беруін қалыптастыру. **математика негіздері**	Тапсырмалары бір қораптарды көрсету. Ойнап көреміз бе? деп«артығын тап» айдарында тапсырмаларды орындату **математика негіздері** Қандай суретті бояймыздеп балаларға қалауы бойынша таңдаған жемісті бояту, ермак саздан жасату немесе тақтаға жапсыру және сипаттауын қалыптастыру. **Сурет салу,Мүсіндеу,Жапсыру**
Балалармен жеке жұмыс	Мақал үйрету	Жұмбақ үйрету	Тілдік жаттығулар	Сурет салу	Тақпақ үйрету

	шынықтыру)
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	*Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулармен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).**
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**

	киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**				
Балалардың үйге қайтуы	Төлемақыны уақытымен төлеуді ескерту.	Баланың дамуына ойыншықтардың тигізетін әсері. Қазіргі ойыншықтардың теріс әсері»	Балалармен үйде сөйлесу керектігін ескерту.	Балабақшаға кешікпей келулерін ескерту.	Баллардың тазалығы жайлы әңгімелесу

Тәрбиеші:

БЕКІТЕМІН:

ЖШС-гі «Ақжайық бөбекжай-балабақшасы

меңгерушісі _____ Б.Сансызбаев

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің қызметінің циклограммасы

Қазан айы

Тәрбиеші: Абдраманова. Х

2024-2025 оқу жылы

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Топ: «Күншуақ» ересек жас тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 30 қыркүйек – 4 қазан 2024 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды арнайы жасалған жүрекшелермен қарсы алу, ыстық мейірімге баулу. **(сөйлеуді дамыту)**	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. **(сөйлеуді дамыту)**	Саусақ жаттығулары «Бұл атаның саусағы…» - ұсақ моториканы дамыту **(математика негіздері,дене шынықтыру)**	Бала денсаулығы туралы сөйлесіп, ауа-райының салқындауына байланысты «тұмау» ауруының алдын-алу жөнінде кеңес беру. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	Балалармен бүгінгі ауа-райы жөнінде әңгімелесу. Міндеті: Өз ойларын анық айтуға үйрету. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау.	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау.	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу.	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	№13 «Қай мезгілде киеміз» Міндеті: Балаларға киім түрлері қысқы киімдер,жазғы киімдер,аяқ киімдер туралы түсінік беру,әр жыл мезгіліне сәйкес киімдерді ажырата білуге үйрету. **(көркем әдебиет)**	Үстел үсті ойыны: «Ұшады, жүзеді, жүреді» Міндеті: Суреттерге қарап,ұшатын-ұшпайтын заттарды анықтап айтуға үйрету. **(қоршаған ортамен танысу,дене шынықтыру)**	№5 «Заттың санын цифрмен сәйкестендіру» Міндеті: Заттың санына қарай,цифрды дұрыс орналастыра білуге үйрету. **(сөйлеуді дамыту,математика негіздері)**	Табиғат бұрышындағы еңбек. Мақсаты: Гүлдерді суарып, қопсытуға үйрету. **(қоршаған ортамен танысу)**	№12 «Бұл қандай ертегі?» Міндеті: Ертегілерді атауға,әр түрлі суретпен берілген ертігілердің бөлігін тауып,құрастыруға үйрету. **(көркем әдебиет,құрастыру,қазақ тілі,математика негіздері)**
Таңертеңгі жаттығу	Сапқа тұру, басшыға қарай бағынып қатардан шыққпай жүру. Баяу жүру одан сәл қаттырақ жүру.	Баяу қарқынмен аяқтын ұшымен өкшеге қарай ауысу, қарқынды өзгерте отырып белгі бойынша тоқтай жүгіру.	Сәл адым алып және адымдап шашырап жүгіру.	Қолды белге қойып басымызды оңға, солға 4-рет айналдыру. Қолды иыққа қойып, алдыға артқа 2-рет айналдыру 3-4 рет қайталау. Қолымызды алдыға созып, бір орнынан отырып тұру 5-6 рет қайталау.	«Шапалақ» жаттығуы. БҚ. Аяқ сәл алшақ 1-2 рет қолды шетке созу 3-4 қолды төмен түсіріп, санды екі рет соғып «шарт-шарт» деу 5-6 рет.
Таңғы ас	**Ойын-жаттығу**	**«Ас адамның арқауы»**	Нан қиқымын шашпаңдар,	Асхананы бақылау:	«Дұрыс тамақтануға баулу» әңгіме

	«Таза қолдар» Балалардың назарын тағамға аудару.Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын»	Мақсаты: Балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру,сұрақ-жауап	Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып, кастерлеп Торғайларға тастаңдар. **Сөйлеуді дамыту**	Нанның қадірін түсіндіру. Ойын: «Көңілді трактор»	**Көркем әдебиет**
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері: «Бас,иық,тізе,аяқ» Міндеті: Балаларды әңгімеге тарту,бірлесіп жасауға үйрету.**(сөйлеуді дамыту,дене белсенділігі)**	Табиғат бұрышындағы гүлдерге күтім жасауға арналған құралдар туралы білімдерін қалыптастыру. **(қоршаған ортамен танысу)**	Конструкторлармен ойнау,әртүрлі түстер мен пішіндердің бөлшектерінен қарапайым құрылыстардың дағдыларын қалыптастыру. **(құрастыру)**	Сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен байыту 4-5 сөзден тұратын сөйлем айту**(сөйлеуді дамыту,қазақ тілі)**	Жан-жануарлар туралы әңгімелесу. Білетін тақпақтарын,мақал-мәтелдерін еске түсіру. **(қорш ортамен таныстыру,қазақ тілі,көркем әдебиет)**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Тақырыбы: «Біз азырақ сергідік...»** **Міндеттері:** Бір-бірден тізбекке тұруға жаттықтыру, өз бетінше әрекет ету және сапқа тұрған кезде кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. Бір орында қос аяқтап секіруге жаттығуды жалғастыру. Бір уақытта екі аяқпен бірдей еденнен серпіліп секіру қабілетін қалыптастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **Дидактикалық ойын:** «Атауын ата және көрсет» Шарты: беттегі ауыз, мұрын, құлақ, көз сынды мүшелерді атап беру. **Негізгі кезең** Ойын түрінде бір-бірден тізбекке тұру, «Өз орныңды тап!» ойыны. Тізбектегі қашықтыққа назар аудару. Бағытын ауыстыру арқылы бір-	**Тақырыбы: «Әдемі болайық»** **Міндеттері:** Шеңбер түрінде дөңгелентіп тасталған жіпті бойлай жүруге, тепе-теңдік сақтауға үйрету, дене сымбатының бұзылуының алдын алу. Төрт аяқтап еңбектеген кезде қол мен аяқтың үйлесімділігін дамытуды жалғастыру, топпен бірге жұмыс істеу және жіпке денесін тигізбеу қабілетін дамыту. Спортпен айналысуға, сұлу да шымыр болуға деген қызығушылығын қалыптастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **Ойын: «Не жасырылғанын тап!»** **Шарты:** Таспа жіп ұстаған гимнаст қыздың суретін көрсету. Оның дене сымбатына, қозғалыс сұлулығына балалардың назарын аударады.	**Тақырыбы: «1 цифры. Жылдам – баяу. Үшбұрыш»** **Міндеттері:** Балалардың 1 цифры туралы білімін нығайту.Цифрды заттың санымен сәйкестендіру,жұмбақты көрген мәліметтерге сүйене отырып шешу,таныс заттарды көлеміне қарай (үлкен, кіші, кішкентай) салыстыру, заттарды сол белгілері бойынша біріктіру,үшбұрыш туралы білімін нығайту, оны өзге пішіндердің арасынан табу, көру арқылы есте сақтау дағдыларын дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** **Жұмбақ жасыру:** 1.Таңғажайып кірпішті, Бір-біріне қаладым. Ұнамаса құлатып, Қайта-қайта қаладым. (Текшелер) 2.Кезікті көрбез сұлу, бір жануар.	**Тақырыбы: «Жіппен ойнаймыз»** **Міндеттері:** Санты бұзбай жүріру және жүру қабілетін дамыту, өз қимылын өзге балалармен келісіп отыруға үйрету. Жіпті бойлай жүрген кезде тепе-теңдік сақтау, жалпақтабанның алдын алу. Допты бір-біріне домалатуға жаттықтыру, көзбен мөлшерлеу, допты қозғалыс бағытын сақтау қабілетін дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалардың назарын шеңбер пішінінде тасталған жіпке аударады. Жіпті пайдаланып орындаған жаттығуларды, жіпті пайдалану жолдарын еске түсіру **Негізгі кезең.**	**Тақырыбы: «Кожекпен ойналық»** (Дидактикалық ойын) **Міндеттері:** Сөйлемді толық құрау, етістік сөздерді қолдана білу, дыбысты анық айтуға дағдыландыру. Ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізу дағдысын қалыптастыру. Жануарларға деген сүйіспеншілігін ояту, жануарлар жайында мақал-мәтелдерді білу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ғажайып сәт: ойыншық сұр қоянды қонақ ретінде таныстыру. Балалар қызығушылық танытады. **Сұрақ-жауап:** – Балалар бұл не? (Бірге қайталату: қоян). **Қ дыбысын буын ішінде келтіріп қайталату арқылы жаттығуды орындату.** Қо-ко-ко – қоян. Құ-кұ-кұ – құлақ. Қ ка-қа – қалам. Қы-қы-қы – қылыш Қу-қу-қу – құлық. («Қ» дыбысының даусыссыз дыбыс екендігін, ауыз қуысынан еркін шықпай, қысылып шығатындығын балаларды айтқызу арқылы ажырат) **Қоянға сипаттама беру:** – Қоянның түсі қандай?

бірден тізбекте жүру, жүгіру. Екі тізбекке тұру. **Жалпы дамытатын жаттығуларды орындау** Жаттығулардың орындалуын көрсету. **Негізгі қимыл-қозғалыстарды ойын түрінде орындау:** «Шыршалар, шырша бүрі, қояндар». Организмді шынықтырамыз. **Спорттық жаттығулар – самокат тебу.** Педагог тәрбиеленушілерге самокатпен жеке-жеке сырғануды ұсынады. «Мұрныңды тауып көрсет». **Мұрынмен жасалатын ойындық жаттығулар** «Мұрныңа серуенге дайындалуға көмектес». «Мұрын қыдырып жүреді». Педагог мұрынға қыдыруға кедергі келтірмес үшін ауызды мықтап жабуды ұсынады. «Мұрын еркелейді». «Мұрын жұпар иіс иіскейді». «Мұрын өлең айтады». «Мұрнымызды жылытамыз». «Мұрын үйге қайтады». **«Көбелек» тыныс алу жаттығуы.** Әр баланың алдында жіпке «көбелек» орнатылған. «Көбелек» ұшуы үшін оған үрлеп «жан бітіруге» шақырады. **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Бос орын» Күзгі бақта не өседі? Балалардың ойларын тындау.Дауысты,	**Негізгі кезең** Ойын түріндегі жаттығу: «Тез ал, тез көтер» – таспа жіптің төңірегінде жүру, жүгіру. **Екі ұшы бір-біріне байланған таспа жіппен жалпы дамытатын жаттығуларды орындау.** **Негізгі іс-қимылдарды ойын түрінде орындау:** Тепе-теңдік – шеңбер формасында тасталған таспа жіп бойымен жүру – гимнасттар сияқты әдемі жүру. Жаттығуды дұрыс орындау жолдарын түсіндіру: қолды қапталға созып, басты тік ұстайды, табандарымен таспа жіпті басады; шеңбердің сыртына шықпау керек. **Ойын түріндегі жаттығу «Қоңырауға жанаспа»** **Шарты:** Төрт аяқтап еңбектеу, таспаның астымен төмен еңкейіп өтеді және қоңырауға жанаспауға тырысады. **Ойындар ұйымдастыру: «Көбелектер мен құрбақалар».** **Шарты:** Белгі бойынша қимылдайды. **«Қатып қал!». Бір-бірден тізбекте жүру, тапсырмаларды орындау.** Балалардан ұйымдастырылған іс-әрекеттен кейін әдемі болғандарын, әдемі жүруді үйренгендерін көрсетіп берулерін сұрайды. Үйде айнаның алдында тұрып жаттығу қажеттігін айтады. «Түлкі мен қоян» ертегісін оқып беру. Кейіпкерлердің жағымды	Үстінде екі тауы бар. (Түйе) **Негізгі кезең** **Тапсырмаларды орындау** Педагог: «Неше текше, неше түйе, неше доп бар?» – деп сұрайды. 1 цифры бір затты білдіретінін түсіндіреді. Балаларға 1 цифрын бояуды ұсынады. 2-тапсырма. Педагог сол жақта тек 1 цифры жазылғанын көрсетеді. Балаларға 1 цифрына сәйкес заттарды бояу туралы тапсырма беріледі. –Неше шәйнекті боядындар (бір), неше такия (бір), неше Күнді (бір) боядындар? **Сергіту сәті: «Кәне, қанат жазайық...»** **Жұмбақ жасырады:** Үш бұрышы, Үш қабырғасы бар Бұл қандай пішін? **Үшбұрышты жан-жақты қарап зерттеу.** – Кәне, үшбұрыштың қанша төбесі, қанша қабырғасы бар екенін тексерейік. – Үшбұрыштың қандай қабырғалары ұқсас? Балаларға мынадай сұрақ қояды: – Суреттердің арасынан неше үшбұрышты таптындар? – Үшбұрыштардың өлшемі қандай? – Үшбұрыштардың ең үлкенін қызыл қарындашпен, одан кішілеуін көкпен, ал ең кішкентайын жасыл түспен боядындар. Қызыл түсті қандай жемістер мен көкөністерді білесіндер?	**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тез шеңберге кір»** **Шарты:** Музыканың ырғағымен өкшені жоғары көтеріп аяқтың ұшымен жүру, денесін тік ұстау. Бір-бірден тізбекте жүру, жүгіру – арақашықтықтарын сақтау, мұрын арқылы демалу, қимылдарды үйлесімді орындауға тырысу. **Шеңбер формасындағы жіппен жалпы дамытатын жаттығуларды орындау. Негізгі іс-қимылдарды орындайды:** Тепе-теңдік – шеңбер формасында тасталған таспа жіп бойымен жүру. Табанды жіптің үстіне қою, шеңберден шықпау қабілетін бақылау. «Өкшеге отырып» допты бір-біріне домалатады (қашықтық – 2 метр). «1-2-3 – жұбыңды тап!» командасы бойынша өз жұбын табу. Допты екі қолдың күшімен итеру қажеттігіне және доптың қозғалыс бағытын сақтауға балалардың назарын аудару. **Жіпті пайдалану арқылы: «Соқыртеке» ойынын ұйымдастыру.** **Шарты:** Соқыртеке рөлін орындайтындарға	– Қояның түсі сұр. – Оның жүні қандай? – Оның жүні жұмсақ, мамық, үлпілдек. – Қояның құлағы қандай? Ұзын ба әлде қысқа ма? – Неше құлағы бар? – Қояның құлағы ұзын. Оның екі құлағы бар және оның екі көзі, тұмсығы, аузы, мұртгары, төрт аяғы. кішкентай құйрығы бар. **Сергіту жаттығуы: «Сұр қоян».** **– Балалар, көжек деген не?** (Қояның баласы) **К дыбысын буын ішінде келтіріп қайталату арқылы жаттығуды орындату.** Кө-кө-кө-көжек. Кө-кө-кө-көже. Кө-кө-кө-кокек. Кө-кө-кө-көрпе. Жаттығуды қайталау арқылы «К» дыбысын анық айтуға тырысады. («К» дыбысының дауыссыз дыбыс екендігін, ауыздан кедергілерге ұшырап, қысылып шығатындығын түсіндіру). – Балалар көжек қандай болады? (Көжек кішкентай, жүндері жұп-жұмсақ және сүйсүйкімді болады). **Дидактикалық ойын:«Көжекпен ойналық»** **Мақсаты:** балалардың ойлау қабілетін дамыту және жылдамдылыққа үйрету. Ойын шарты: Сәйлеуді дамыту дәптерімен орындалады, Көжектің сәбізге дейінгі жолын сызып көрсет. – Қоян жүзеді ме? Әлде ұшады ма? (Секіріп жүгіреді). – Ол қандай жабайы аңдардан қорқады? – Жабайы аңдарға нелер жатады? Мақалдың мағынасын түсіндіру. Мал жуасы – қой, Ан жуасы – қоян. (Жуас, момын, ешкімге зияны жоқ). Мақал-мәтелді «Үш дауыс» әдісімен жаттату. Әдістің қолданылуы: бірінші жоғары дауыспен; • екінші орташа дауыспен; • үшінші төмен дауыспен қайталанылады. Дыбыстарды анық айтуға ұсыныс

	даусыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету. **(сөйлеуді дамыту)** Құрастыру құралдарымен күзгі бақ тақырыбында еркін ойындар **(құрастыру)** **Музыка** (пән жетекшісінің жоспары бойынша)	және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға үйрету **(көркем әдебиет,қазақ тілі)** Түлкі мен қоян ойыншықтарын салыстырып қою арқылы оларды санамай-ақ жұптарын салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету. **(математика негіздері)**	Ал жасыл түсті болады ма? Күзгі бақта өсетін жемістер жидектер көкөністер туралы не білетіндерін сұрау,сөйлем құрастыру, әңгімелеу, білетін әндер мен тақпақтарын айтқызу,**(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет,қоршаған ортамен таныстыру,қазақ тілі)** **Музыка** (пән жетекшісінің жоспары бойынша)	арнап шеңбер жасайды. Ең епті әрі алғыр балаларды ынталандыру. **Қорытынды кезең** Тапсырманы жақсы орындауға тырысқан епті балаларды ынталандыру. Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған **Дидактикалық ойын: «Бағдаршам»** Балалардың ойлау,есте сақтау қабілетін және тілін дамыту.Ертегілер және ертегілер кейіпкерлері туралы түсініктерін кеңейту. **(сөйлеуді дамыту)** Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта **(сурет салу, қағаздан қиып жапсыру)**	біліду. **«Мақтаншақ қоян» ертегісін теледидардан тамашалау.** Осы тамашалаған ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету. **(көркем әдебиет)** Ертегі кейіпкерлерінің санын салыстыру. Салыстырылатын топтар: бір көп, бір және екі, екі және үш және төрт, төрт және бес. **(математика негіздері)**
Серуенге дайындық	Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу.	Серуенге ойын құралдарын дайындау.	Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру.	Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке бауду.	Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.
Серуен	**№ 3** **Желдің соғуын бақылау** **Мақсаты:** Балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; ішкі сипат бойынша жел соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; тым нашар, ағаш басының қозғалуы; күзбен	**№ 1** **Ауа райын бақылау** **Мақсаты:** Бірінші күзгі өзгерістер туралы және өлі табиғат туралы балаларға мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі – суық; бұлтты және жаңбырлы күндер – сұр аспан,бұлыңғыр, бұлттың көшуі, күннің көзінің сирек шығуы, жапырақтар сарғайып	**№ 23** **Шөптің солуын бақылау** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақ шешу. Дала кілемі. Ол не? (Шөп, өсімдіктер) Мақсаты: Балаларды шөптің кескін-келбеті өзгеруі туралы түсініктерін көңейту. Өсімдіктерге деген сүйіспеншілігін арттыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** Қимылды ойын: **«Көгершін»** ойын	**№14** **Аула тазалаушының еңбегін бақылау** **Мақсаты:** Аула тазалаушының еңбегі туралы білімдерін молайту, және оған қажетті құралдармен танысу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс** **Мақал-мәтел** Еңбексіз өмір – сөнген	**№20** **Ағаштарды бақылау** **Мақсаты:** Күз мезгілі туралы жалпы білімдері қалыптасады. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қ/О:«Өз жұбыңды ізде!»** **Мақсаты:** Қимыл епділігі дамиды, ес сақтау қабілеті артады. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:Аланда тазалық жұмыстары жүргізу** **Мақсаты:** еңбексүйгіштікке,үлкенде көмекке келуге баулу. **(тілдік қарым-қатынас,танымдық зерттеу әрекеттері)** **Балалармен жеке жұмыс**

	салыстыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Тәжірибе: Желге қарсы жүгіру.** **Қорытынды:** Желге қарсы жүгіру қиын. **Қимылды ойын: «Желбезекпен жүгіру»** **Мақсаты:** Желбезекті қолға алып жарысу, кім бірінші мәреге жетеді, сол жеңімпаз болатынын түсіндіру. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Тәрбиешіге көмек** **Мақсаты:** Үлкендерге қызмет көрсетуге тәрбиелеу. Ауланы тазартуға қатыстыру, жапырақтарды жинауға көмектесу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** **Жұмбақ** Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады. (Жел) **Коммуникативтік дағды** ***Өз бетімен ойындар:* «Желбезекпен ойын»** Ыңғайлы жағдайларды жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды дамыту.	жерге түседі. Табиғатты сүюге баулу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Соқыр теке» (Қазақтың ұлттық ойыны)** **Мақсаты:** Балаларды ойын ережелерін сақтауға үйрету. Алаңда дұрыс қозғала білу. Бір-бірлеріне кедергі жасамау. Дабылға жылдам назар аудару. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** ***Еңбек:* Гүл шоқтарынан букет жасау.** **Мақсаты:** Сұлулықты сезінуге баулу. Жеке істерін қошеметтеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** Тақпақты қайталау,жаттау. **«Алтын күз»** Ғ.Қайырбеков Алтын, алтын, сары алтын, Алтын күзе нұр жатыр Біз мектепке баратын, Алақай – ау, күн жақын. **Коммуникативтік дағды**	(шешен-ингуш ұлттық ойыны) Мақсаты: Алаңда орын ауыстыруды бекіту, жартылай отырып, аяқты бірге қосып, қолды тізеге дейін созып, айқастырып ұстау (қабылдаған қалыпты сақтап, орын ауыстыру, бір-бірін итермеу). Ойын ережесін сақтау. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Құрап қалған шөпті тырнауышпен жинау.** *Мақсаты:* Тырнауыштармен жұмыс істеуді бекіту, нақтылы орынға шөпті жинау. Еңбексүйгіштікке баулу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	көмір. **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Қармақ»** **Мақсаты:** ойын арқылыептіліктері, жылдамдықтары дамиды. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Аула тазалаушыға көмектесу** **Мақсаты:** үлкендердің еңбегін құрметтей алады. **(тілдік қарым-қатынас,танымдық зерттеу әрекеттері)**	Көркем сөз Тербеледі ағаштар Алдымнан жел еседі Кіп-кішкентай ағаштар Үп-үлкен боп өседі **Коммуникативтік дағды**

	Көтеріңкі, көңіл күйде болу.				
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру.	Кім жылы сумен жуынса-өте жақсы сол бала. Кім салқын сумен жуынса –батыр бала ол бала. Ал егерде ол жуынбаса –ештене деп аталмайды ол бала.	Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру.	Достарымен ішке кіру. «Менің досым» Мақсаты: Дос туралы түсінік беру. Досы туралы әңгімелеуге үйрету. **Сөйлеуді дамыту**
Түскі ас	Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту,тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**	Ас ішер алдында қолыңды жуу керек.	Мақал-мәтел: Тату үйдің тамағы-тәтті.	Ыдыспен ойнамау, қолдарын сермеп тамақты шашпау.
Күндізгі ұйқы	Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі.	«Әлди –әлди ұйықтайғой» **Сөйлеуді дамыту**	«Бесік жырын» тыңдату.	«Бауырсақ» ертегісін оқып беру. **Көркем әдебиет**	«Жақсы жатып, жайлы тұр!»
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсекте жатып жасайтын жаттығулар. (2-3 минут) Отырып башпайларымызды уқалаймыз, аяғымызды сипаймыз.	Отырып оң аяғын сол аяғына қойып табандағы нүктелерге массаж жасау, аяқтарын ауыстырып табандағы нүктелерге массаж жасау. (3- 4 рет)	Тізеге тұрып қолымызды санымызға қою басымызды төмен қаратып арқамызды жоғары көтеру. (10 сек) Тізеге тұрып қолымызды санымызға қою басымызды жоғары созу, белімізді созу . 10 сек	Демалу жаттығулары: Мяууу мяууу мяууу Фррр фрррр фрррр	Салқын сумен қолымызды бетімізді жуамыз.
Бесін ас	Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.	Балалардың назарын тағамға аудару.	Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.	«Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету. (Көркем әдебиет)	Ас мәзірімен таныстыру, балалардың назарын тағамға аудару.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Жиналған жапырақтарды салыстыру, санау. Тең тең емес екенін анықтау. **(математика негіздері)** Топқа бөлініп,жұмыс жасау. Жапырақтарды плакатқа жапсыру арқылы күзгі бақты бейнелеу.	«Түлкі мен қоян» ертегісін айтып беру дағдыларын қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту)** Топтық жұмыс, плакатқа «Түлкі мен қоянға арналған жолдар» қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді	**В/К : «Таза болса табиғат, аман болар адамзат»** **Тақырыбы:** «Күзгі саябаққа саяхат» **Міндеті:** Балалардың қызығушылығын арттыру, ой-өрісін кеңейту. Табиғат сұлулығын сезіне білуге,	Көгөністер мен жемістерді ажыратып, атау дағдыларын жетілдіру. Балалардың көздерін байлап, жеміс немесе көкөністің дәмін тату арқылы тану, атауды үйрету. **(қоршаған ортамен таныстыру)** халық	Ұсынылған мазмұн бойынша сахналауға үйрету. Апта бойына айтылған ертегілердің киімдерін киіп, рөлдерді сомдауға үйрету. **(сөйлеуді дамыту)** Балалардың қалауы бойынша күзгі бақ өнімдерін құрастыру материалдарынан **(құрастыру, мүсіндеу және жапсыру)**

	(жапсыру,мүсіндеу,сурет салу)	қалыптастыру. Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды үйрету. **(жапсыру)** Ормандағы ағаштарды бояулармен салу. **(сурет салу)**	оны аялай білуге тәрбиелеу. **ҮОҚ барысы:** 1 Шаттық шеңбер 2 Күзгі бақ туралы слайд көрсету. 3 Поездбен бақшаға барамыз. 4 Сергіту сәті: «Күзгі жапырақ» 5 Ойын «Саяхатшы ойыншық» Мақсаты:Табиғат туралы білімдерін кеңейту. 6 Сұрақ-жауап 7 Өлең «Күз келді» 8 Қорытынды	шеберлерінің еңбектерімен таныстыру, халық бұйымдарының желісі бойынша жемістерге арналған ыдыстарды мүсіндеуге үйрету **(мүсіндеу)** дөңгелек пішінді жемістермен көкөністерді салу; техникалық дағдылар мен біліктерді игеру. **(сурет салу)**	
Балалармен жеке жұмыс	**Алибекқызы Мединамен жеке жұмыс** Дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. **(Коммуникативтік дағды)**	**Әділбек Асылыммен жеке жұмыс** Жаңаны тануға ұмтылдыру, заттарды қызығып, қуанып зерттеуге талпындыру. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)**	**Базарбеков Нұрасылмен жеке жұмыс** Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табуды үйрету. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)**	**Ғанибай Саятпен жеке жұмыс** Сурет салу техникасының бастапқы дағдыларын меңгерту. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**	**Еділ Айнамкөзбен жеке жұмыс** Созерді жіктелуіне, сепгелуіне қарай байланыстыруды меңгерту. **(Коммуникативтік дағды)**
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау.	Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау.	Балалармен жеке әңгімелесу.	Серуенге шығамыз деген ыұсқаумен барлық балалар орындарына тұру.	Балаларды табиғатпен таныстыру.
Серуен	**№3**	**№1**	**№23**	**№14**	**№20**
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы, киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.				
Балалардың үйге қайтуы	Күзгі өзгерістерді үйге қайтар жолда бақылауды ұсыну.	Түлкі мен қоян ертегісін айтып беруін балаларынан сұрау.	Балалардан бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы ата-аналарымен әңгімелесуін	Күзгі бақ өнімдері туралы әңгемелесуді	Апта бойы жасаған әрекеттері туралы әңгімелесу,апта күндерін атау.Демалыс

			талап иету.	ұсыну.	күндеріне сәттілік тілеу.

Тексерілді

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Топ: «Күншуақ» ересек жас тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 7 – 11 қазан 2024 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу. Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. **(музыка,дене белсенділігі)**	Бір-бірімізге қол беріп Айтамыз жақсы сөз жөн көріп, Қалмаймыз тек іркіле Сыйлаймыз жылы күлкі. Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу. Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау,тақпақтар айту. **(көркем әдебиет)**	Үш түрлі смайликпен қарсы алу. Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу. **(қазақ тілі)**	Қонжықтың таңғы тілегімен қарсы алу. Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу. **(сәйлеуді дамыту,математика негіздері)**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Балалармен жыл мезгілі, туралы әңгімелесу. «Жылдың қай мезгілі екенін тап». Міндеті: жыл мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін әңгімелеп айтып беруге үйрету. **(көркем әдебиет)**	«Үшады, жүзеді, жүреді» үстел үсті ойыны: Мақсаты Тәрбиеші көліктің түрлерін суреттерін көрсетеді, ал балалар қимыл-қозғалыспен оны көрсетіп – ол ұшама, жүреме, жүзе ме айтады. **(қоршаған ортамен танысу,дене шынықтыру)**	«Бұл қай кезде болады?» дидактикалық ойыны: Мақсаты: Берілген жыл мезгілдерінің суреттері бойынша балалар ерекшеліктерін тауып, айтады, әңгімелейді. **(сөйлеуді дамыту)**	Табиғат бұрышындағы еңбек. Мақсаты:Еңбекке байланысты мақал-мәтелдер айту. Гүлдерді суарып, қопсытуға көмектеседі. **(қоршаған ортамен танысу)**	Дидактикалық ойын: «Құстар» Мақсаты: Қыстап қалатын құстардың аттарын атап, немен қоректенетінін айтады. **(қоршаған ортамен танысу)**
Таңертеңгі жаттығу	Сапқа тұру, басшыға қарай бағыныпқатардан шықпай жүру. Баяу жүру одан сәл қаттырақ жүру.	Баяу қарқынмен аяқтың ұшымен өкшеге қарай ауысу, қарқынды өзгерте отырып белгі бойынша тоқтай жүгіру.	Сәл адым алып және адымдап шашырап жүгіру.	Қолды белге қойып басымызды оңға, солға 4-рет айналдыру. Қолды иыққа қойып, алдыға артқа 2-рет айналдыру 3-4 рет қайталау. Қолымызды алдыға созып, бір орнынан отырып тұру 5-6 рет қайталау.	«Шаналақ» жаттығуы. БҚ. Аяқ сәл алшақ 1-2 рет қолды иетке созу 3-4 қолды төмен түсіріп, санды екі рет соғып «шарт-шарт» деу 5-6 рет
Таңғы ас	**Ойын-жаттығу «Таза қолдар»**	**«Ас адамның арқауы»** Мақсаты: Балаларға	Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар.	Асхананы бақылау: Нанның қадірін түсіндіру.	«Дұрыс тамақтануға баулу» әңгіме

	Балалардың назарын тағамға аудару.Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын»	аспазшының жұмысымен таныстыру,сұрақ-жауап	Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар. **Сөйлеуді дамыту**	Ойын: «Көңілді трактор»	**Көркем әдебиет**
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	№5 «Заттың санын цифрмен сәйкестендіру» Міндеті: Заттың санына қарай,цифрды дұрыс орналастыра білуге үйрету. **(сөйлеуді** дамыту,математика негіздері)	Табиғат бұрышындағы тірі объектілерге күтім жасауға арналған құралдар туралы білімдерін қалыптастыру **(қоршаған ортамен танысу)**	Конструкторлармен ойнау,әртүрлі түстер мен пішіндердің бөлшектерінен қарапайым құрылыстардың дағдыларын қалыптастыру. **(құрастыру)**	№49 «Әңгімелеп бер» Міндеті: Суретке қарап,өз ойын толық айтуға ынталандыру. (сөйлеуді дамыту,қазақ тілі)	Жан-жануарлар туралы әңгімелесу. Білетін тақпақтарын,мақал-мәтелдерін еске түсіру. **(қорш ортамен таныстыру,қазақ тілі,көркем әдебиет)**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Тақырыбы: «Түрлі түсті кілемшелер» Міндеттері:** Үш дөңгелекті велосипедті тебуге үйрету. Бұлшық ет корсетін нығайту, жалпақтабанның алдын алу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, дыбыстар шығару арқылы тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындау қабілетін нығайту. «Өкшеге отырып» допты бірбіріне қарай домалату қабілетін нығайту, көзбен мөлшерлеу дағдысын дамыту, доптың бағытын сақтай білуге баулу. Тізесін аздап бүгіп, ақырын жерге түсу қабілетін дамытуды жалғастыру. Епті әрі тез болуға ынталандыруды жалғастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет: Жалпы дамытатын жаттығу:** Массаж жасайтын төсеніштен. **Негізгі қимыл қозғалыстарды ойын түрінде орындау:**	**Тақырыбы: «Қоянға сауығып кетуге көмектесейік» Міндеттері:** Қапталға бұрылу үшін мейлінше биікке секіруге үйрету, сапта тұрғанда бірқалыпты қозғалыс ырғағын сақтай отырып жүру және жүгіру қабілетін нығайту. Еңбектеуге жаттықтыру. 3 доғаның астынан кезекпен өткізіп, ептілік пен икемділік қабілетін дамыту. Өз денсаулығын күтуге үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет: Негізгі кезең** Бір-бірден тізбекке тұру. Бір-бірден тізбекте жүру, жүгіру – аяқ пен қол шынайы, жеңіл қозғалады. Екі тізбекке тұру. **Қол шапалақтап жалпы дамытатын жаттығуларды орындайды** Тізбектегі арақашықтықты, белгіленген бастапқы қалыпты сақтау қабілетін бақылау. **Негізгі қимыл-қозғалыстарды ойын**	**Тақырыбы: «Қанатты достар» Міндеттері:** Құстардың дене құрылысы туралы ұғымдарын кеңейту. Құрдастарымен және ересектермен еркін қарым-қатынас барысында танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын дамыту. Құстарға ізгі көзқарастарын тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Өлең оқып, ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды көңіл күй қалыптастыру. «Тырналар» Қастек Баянбай Аспанда самғайды, Тырналар тізіліп. Біреуі қалмайды, Қатардан үзіліп. Сақтайды сапарда. Бірлікті кім мұндай? Бұзылмас қатары. Кәдімгі шынжырдай. Күз белгілерін айтуды ұсынады. Ауа райын күнтізбеге белгілеу.	**Тақырыбы: «Мүкият болайық» Міндеттері:** Допты заттардың арасымен домалатқан кезде доп траекториясы бағытын өзгертуді үйрету. Допты қол саусақтарымен қатты күш салмай ақырын итеріп жіберу қабілетін дамыту. Бір орында секіруге, оң және сол жаққа бұрылуға жаттықтыру, екі аяқпен бір уақытта жерден серпіле секіріп, оңға, солға бұрылу және айналу қабілетін нығайту. Зейінін, үйлестіру қабілетін дамыту. Салауатты өмір сүру дағдысын қалыптастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Дені сау, салауатты болу, ауырмай, күшті әрі шапшаң болу үшін не істеу керек деген тақырыпта қысқаша әңгімелесу. **Негізгі кезең**	**Тақырыбы: «Әдемі торғай» Міндеттері:** Құстың бөлшектерін дайындап, бөлшектерді бір-бірімен біріктіре алуды үйрету; құстар туралы білімдерін дамыту, саусақ икемділіктерін арттыру; сөйлеу тілдерін дамыту; саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру, балаларды құстарға қамқорлық жасауға, мейірімділікке, еңбекке баулуға тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет: Педагог балаларға тақпақ оқиды:** Торғай, торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып ал. Бөтегесі бұлтиып, Шық-шық етіп отырмақ – Балалар, құстың дене құрылысына сипаттама берілдерші? – Ол қалай қоректенеді? Сөздік жұмыс: шырылдайды, гүілдейді, қаңқылдайды, қаркылдайды, шықылықтайды Сергіту сәті Кәне, қанат жазайық, Құс боп желмен ұшайық. Ұшып-ұшып алайық, Ұямызға

Кез келген бағытта қос аяқтап секіру. Педагог алаңның периметрі бойынша құрсауларды орналастырады.
Тәрбиеленушілер белгі бойынша алаңның ортасына қарай секіреді. «Орныңды тап!» деген нұсқау бойынша тәрбиеленушілер өз құрсауларын жылдам табулары керек.
Нұсқау: жер бетінен екі аяқпен бірдей екпінді түрде итерілу, аяқты тізеден жұмсақ бүге отырып, аяқтың ұшымен түсу.
Үш дөңгелекті велосипед тебу.
Ойын: «Орын ауыстыр»
Шарты: Тәрбиеленушілер спорт алаңының қарама-қарсы жақтарында тұрады. Педагог қыздарға ұлдармен орын алмастыруды, велосипедпен жүріп қайтуды ұсынады.
Тыныс алу жаттығуы:
«Ботқа пісіреміз»
Б.к.: аяқтың арасын сәл ашамыз, қолды белге қоямыз. 1-мұрынмен дем аламыз; 2-«ш-ш-ш» деген дыбыстармен демді сыртқа шығарамыз.
Ойын түріндегі жаттығу:
«Міне, біз қандаймыз!»
Топқа оралу.
Үй құстар мен дала құстары туралы фильм тамашалау.
Суреттер қарау. Әңгімелеу.
Құстар сөйлей ала ма?
Олар қалай сөйлеседі?
Олар қалай тамақтанады?
Олар қайда өмір сүреді?
Балалардың ойларын тыңдау. (көркем әдебиет)

түрінде орындау.
Ойын түріндегі жаттығу: «Секір-бұрыл»
Бір орында тұрып оңға және солға бұрылып секіру.
Бұрылып секіру техникасын түсіндіру: еленнен аяқтарымен екпінмен итерілу, бұрылу үшін мүмкіндігінше жоғары секіру.
Үш доғаның астымен еңбектеп өту.
Тізбектердің арасына екі қатарға үш доғалдан қойылады.
«Кім епті?» ойыны
Шарты: 1-2-3 доғалдарының астымен ізбе-із өту.
Көзбен мөлшерлеу қабілетін дамытуға арналған ойын: «Кегельді құлат»
Педагог ойын тәртібін түсіндіріп, орындау әдісін көрсетіп береді.
«Қарынға массаж жасайын» ойыны
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау (өзіне-өзі қызмет көрсетудің мәдени-гигиеналық дағдылары, еңбек әрекеті (кезекшілік)). Балалардың назарын тағамға аудару, үстелге отырғанда балалардың дұрыс қалпын қадағалау, кеудені тік ұстап отыру **(сөйлеуді дамыту, қимылды, коммуникативті әрекет).**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Бәріміз бірге айтайық. Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз. **Қазақ тілі**	Ойын: «Қандай жұмбақ болса да, шешпей оны қоймаймыз» 1. Тұмсығы ұзын аң? 2. Баласын қалтасына салып жүретін аң? 3. Арадан қорқатын аң? 4. Ең ұзын мойын... 5. Ыстық елде мекендейтін аң? 6. Мысыққа ұқсайтын аң... 7. Сүйкімді аң не? **Көркем әдебиет**	Ыдыс - аяққа қатысты ырым – тыйымдарды бірге қайталайық. 1.Қазанды төңкеріп қойса, ырыс - несібе кетеді. 2.Ас ішкен ыдысты төңкеріп қоймайды. Ол ырысыңның таусылғанын білдіреді. 3.Қонаққа кетік кесеге шай құюға болмайды. Бұл қонақты құрметтемеу болып саналады. 4.Ыдыстан су ішерде азырақ төгіп жіберу қажет.	Жаңылтпаш айту. Үшып кетті үш құс, Үшып келді үшқыш. **Көркем әдебиет**	Тіл ұстарту жаттығуын бірге қайталау. Рақ-рақ-рақ Саулайды жапырақ .Ел-ел-ел Соғады жел. Үз-үз-үз Жаңбырлы күз. **(қазақ тілі)**
Мектепке дейінгі	**Тақырыбы: «Тірі және өлі табиғат»**	**Міндеттері:** Доптың жоғары	**Тақырыбы: «Ыдыстар»**	**Міндеттері:** Доптың еленге	**Тақырыбы: «Ауа не үшін**

Күйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет					
	Міндеттері: Балаларды әңгіме айтуға үйрету,мақал – мәтел айту өнеріне баулу. Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуға және олардың талқылауға мүмкіндік беру. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге,желімдеуге қызығушылығын арттыру. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын кеңейту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Табиғат бізге бай жерді, ағаштарды гүлдерді, жан-жануарларды сыйға берді. Балалар далаға қарайықшы терезеден не көріп тұрмыз? Ағашта жапырақтар бар ма? Ағаш,жер,аспан,үйлердің тасы осылардың бәрі табиғатқа жатады. Яғни бүгін сол табиғат туралы әңгімелесеміз. Табиғаттың өзі екіге бөлінеді тірі және өлі болып. Тірі табиғатқа: өсетін,көбейетін,тыныс алатын,қоректенетін нәрселерді жатқызамыз. -Қане кім айтады тірі табиғатқа нені жатқызуға болады екен? Өлі табиғатқа: өспейтін,көбеймейтін,қоректенбейтін, тыныс алмайтын заттарды жатқызамыз. Сонда өлі табиғатқа қандай заттар жатады деп ойлайсыңдар? Тиым Сөздерді бірге айтайықшы: 1.Далада от жағуға болмайды. 2.Суға түкіруге болмайды. **(сөйлеуді дамыту,қазақ тілі)** Тобымызда тірі табиғатқа жататын қандай заттарды көріп тұрсыңдар? Біздің табиғат бұрышында гүлдер өсіп тұр, бірақ соның ішінде денсаулыққа пайдалы пияз жоқ, сондықтан біз бүгін сендермен ыдыска пиязды отырғызамыз,мен	лақтыруға және оны қос қолдан қағып алуға үйрету. Арқаның астынан оң және сол жақ бүйірмен еңбектеп өткен кезде дұрыс тұратсу қабілетін нығайту, ептілігін дамыту. Балалардың қозғалыс тәжірибесін байытуды жалғастыру, денешынықтыру жаттығуларымен өз бетінше айналысуға құштарлығын дамыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Бір-бірден тізбекке тұру. Жүру, жүгіру, доппен түзету жаттығуларын жасау: допты қолына ұстап жүру (оң қолына), аяқтың ұшымен жүргенде – допты басынан жоғары көтеріп ұстайды, өкшемен жүргенде – допты алдында ұстайды. Екі тізбекке тұрады. **Доппен жалпы дамытатын жаттығуларды орындау.** Жаттығулардың дұрыс орындалуына, арақашықтықтың сақталуына, бастапқы қалыпқа тұру, допты жерге түсіріп алмау қабілеттерін бақылайды. **Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды:** Допты жоғары лақтыру және оны екі қолдан қағып алу. Жаттығуды түсіндіру және көрсету: допты алға-жоғары лақтырып, саусақтармен ұстау қажет. Допты өзіне жақындатып қыспайды. Биіктігі 40 см арқанның астымен бүйірімен (қапталдап) өту. Жаттығудың орындалу техникасын түсіндіру: арқанға жақындап, оң қапталымен тұрады, еңкейеді, арқанның астына алдымен оң аяғы мен оң жақ нығын, басын кіргізіп, өтеді, содан кейін сол аяғын шығарады, бойын тіктеп, тізбектің соңына барып тұрады. **Қимыл-қозғалыс ойыны:** **Қим.ойын:** «Қояндар мен	**Міндеттері:** Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ыдыс), байыту, олардың аткару қызметін ұғындыру. «Ы» дыбысына артикуляциялық жаттығу жасату, қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруді жалғастыру. Қоршаған ортадағы заттар тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау. Тұрмыстық заттарға сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалауға баулу. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға жапсыруға мүмкіндік беру. Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру. Қимылды ойындарда ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын: «Көңілді доп» Міндеті: Ыдыстардың атын атай білуге үйрету,жылдамдылыққа баулу. Шарты: балалар шеңбер бойымен тұрады, педагог ортаға тұрып, балаларға допты ақырын лақтырады. Оны қағып алған бала кез келген ыдыстың атын айту керек. Жалпы асхана құралдарына не жатады? - Қазан, таба, тарелке, шәйнек, қасық, шаңышқы т. б.. Ыдыс - аяқтың түрлері өте көп. Олар өздері: 1. Тамақ жасауға арналған ыдыстар. 2. Тамақтануға арналған ыдыстар. 3. Тамақты сақтауға арналған ыдыстар болып бөлінеді. - Қалай ойлайсыңдар тамақ жасауға	лақтыру, жерге тиіп секірген допты қос қолдың еркін қимылымен қағып алу қабілетін дамыту. Қойылған заттарға жанаспай, олардың арасымен бағытын ауыстыра отырып еңбектеу қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз; ептілік, организмнің жалпы төзімділігін дамыту. Қайырымдылыққа, айналадағы тіршілік иелеріне жағымды көзқарас қалыптастыруға ықпал ету; салауатты өмір сүруге және отбасымен бірге дене тәрбиесімен айналысуға дағдыландыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын: «Белгіге құлақ сал». Қолдарына доп ұстап (оң қолға) зал ішінде «шашырап» жүреді. Бір-бірден тізбекке тұру. Жүру, жүгіру. Балалардың назарын кеңістікте бағдарлауға аударады. Екі тізбекке тұрады. **Доппен жалпы дамытатын жаттығуларды орындау** **Ойын түріндегі жаттығу:** «Доппен фигура жаса» **Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау.** Допты жерге лақтыру және секіргеннен кейін қағып алу. Балаларға түсіндіру: қолды қыспай, саусақтардың арасын ашып, екі жаққа созамыз; допты жерге төмен қарай тігінен тастаймыз, жерге тиіп секіргеннен кейін, қолдың еркін қимылымен ұстап аламыз. Бір қатарға қойылған заттардың арасымен алақаны мен табанын тіреп еңбектеу (кегельдерді екі сызық бойына 6 данадан қойып шығады). Түсіндіру: қимылдарды балалардың бірі көрсетіп тұрады. Нұсқау: кегельдерді айналып, абайлап еңбектеу қажет. **«Біз көңілді балалар» ойынын ұйымдастыру** Ойын тәртібін түсіндіру. Қуғыншыдан қашып құтылу керектігін, жүгіргенде бір-бірімен соқтығыспау қажеттігін ескертеді. **Тақырыбы: «Көліктер»** **Міндеттері:** Қоршаған ортадағы заттардың атауларын айту және	**қажет?»** **Міндеттері:** Балаларға табиғат құбылыстары: жел, жаңбыр туралы қарапайым түсінік беру. Маусымдық өзгерістерді дұрыс қабылдай білуге тәрбиелеу. Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып салу. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Қысқа өлеңдерді жатқа айтуға, тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** – Балалар, ауа туралы білгілерің келе ме? Біз немен тыныс аламыз? – Ауа қай жерде жүр көлмен үстіп көрейікші? – Және, кім ауаны үстап алды? – Балалар, ауа бізге көрінбейді және ауаның иісі жоқ екен. Алайда ауа көрінбесе де, онсыз біз тіршілік ете алмаймыз. Ауасыз өсімдіктер де, жануарлар да тіршілік ете алмайды. Ауаның бар екендігін қалай білуге болады. – Су туралы сендер не білесіңдер? Сендер жаңбыр туралы не білесіңдер? Жаңбыр қайдан, қалай жауады екен? (Аспаннан). Жаңбырдың табиғат құбылысы екенін түсіндіру,теледидардан табиғат құбылыстарының бейнесін көрсету **(қоршаған ортамен**

сендерге пиязды егу тәсілін көрсетемін.
(қоршаған ортамен таныстыру)
Ал, мына құм қандай табиғатқа жатады?
Қане,бәріміз түтікшемен үріп көрейікші?
Құмның бетіне пішіндердің суретін салыңдар?
Кім қандай пішін салды,айтып берсін?
(сурет салу,математика негіздері)
Қорытынды.
Бүгін біз не туралы әңгімелестік?
Тірі табиғатқа нелер жатады екен,ал өлі табиғатқа ше?
Табиғат туралы мақал-мәтелдер:
1.Таза болса табиғат,
Аман болар адамзат.
2.Туған жердің суы да тәтті,
Топырағы да ыстық.
(көркем әдебиет)
Музыка пән жетекшісінің жоспары бойынша
Міндеттері: Қарды нысанаға лақтыруға, сермеуге үйрегу. Бір-бірін шанамен сүйреу, шананы бірде оң, бірде сол қолымен сүйреу білігін дамыту. Тұрақты тепе-теңдік пен биікте жүрген кезде денені тік ұстап, дене сымбатын сақтау, одан аяқтың ұшымен жеңіл түсу қабілетін нығайту (сколиоздың алдын алу). Дұрыс тыныс алу дағдысын қалыптастыруды жалғастыру. Қозғалыстың айқындығын, ырғаққа сәйкестігін дамыту. Қоршаған ортаның сұлулығын қабылдай білуге үйрету, ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу
Ұйымдастырылған іс-әрекет:
Ырғақты-музыкалық қимылдар: музыканың ырғағымен тізбекте бір-бірден жүру, тапсырмаларды орындау: айналу, жеңіл әрі ырғақпен секіру. Ырғақты гимнастиканы орындау (балалардың өз қалауынша сапқа тұруына көмектеседі). **Тыныс алу гимнастикасы:** «Ха». Ауаны сыртқа шығарамыз. Ауаны ысқырған дыбыс шығару арқылы ауыздан шығарады («с» дыбысын айтқандағы сияқты). Шығып жатқан ауаға тілімен кедергі келтіреді.
Негізгі қимылдарды орындау.
қасқыр»
Ойын шарты: Балалардың жартысы қояндар,ал бір бала қасқыр болады. Алаңның бір бөлігіне қояндар өз үйлерін белгілейді. Келесі бөлігінде қасқыр өз апанында тығылып жатады.
Қазақ тілі
Тақырыбы: «Бауырсақ» ертегісі
Міндеттері: Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу өнеріне баулу.
5 көлемінде санай алады, сандарды ретімен атайды. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйренеді. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. Қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі. қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту.
Ұйымдастырылған іс-әрекет:
Күндей жарқырап,
Айдай арайлап,
Жұлдыздай жарқырап,
Судай мөлдір таза көңілмен,
Бүгінгі күнімізді бастайық.
Балалар маған қарап
арналған қандай ыдыстарды білесіңдер?
- Қазан, кастрөл, таба.
- Қандай тамақты қазанға жасауға болады?
- Ал табаға ше?
- Кастрөлге ше?
- Ал тамақтануға қандай ыдыстар жатады?
- Тәрелке, кесе, қасық, шанышқы, табақ т. б.
Жұмбақтар жасыру
Беті дуылдап тұр,
Танауы шуылдап тұр.
(Шәйнек)
Аяғы жоқ, басы бар,
Іліп алған асы бар.
Тиген кезде қолыңа,
Ауыңа тез асығар.
(Қасық)
Тіл ұстарту жаттығуы:
Ыс-ыс-ыс
Болсын мол ы-рыс,
Болып қапты қыс.
Аман болсын ту-ыс, Ыдыстарды жу-ыс.
(«Ы» дыбысының дауысты дыбыс екендігін айту.)
(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)
Балалар үстелдің үстінде әр түрлі ыдыстар тұр.
-Мынау не?
-Кесенің түс іқандай?
-Мынау не?
-Шәйнектің түсі қандай? Мынау не?
Табақтың түсі қандай?
Неше кесе,неше қасық көріп тұрсыңдар?
Кесе көп пе,қасық көп пе?
(математика негіздері)
Ыдыстарды ұқыпты ұстау керек,ойткені ол тез сынады. Сынған ыдыстың ұшы өте үшкір болады.
Қолдарыңды жаралап алуларың мүмкін. Сондықтан, балалар, ыдыстарды сындырып алмау үшін,үстел үстінен алған кезде екі қолмен абайлап алу керек.
(қоршаған ортамен таныстыру)
Тәрелкені ермексаздан жасау және суретін саусақ арқылы бастыру.
Халық бұйымдарының желісі
түсіну дағдыларын қалыптастыру.
Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп, күнделікті өмірде қолдана білуге және жаңылтпаштарды айтуға үйрету.
Затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға дағдыландыру.
Балаларға жиын, онын әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру.
Қысқа өлеңдерді, тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға баулу.
Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну.
Құрылыс материалдарынан құрастыру.
Ұйымдастырылған іс-әрекет:
Ғажайып сәт.
-Балалар таңертең балабақшаға келе жатқанда
сикырлы қоралша тауып алдым.
- Ішінде не бар екенін көреміз бе?
Бір-бірден таңдап алыңдар.
-Балалар мұның ішінде тағы да жұмбақтар бар екен. Шешіп көрміз бе?
Ал, мүкият тыңдайық.
1.Қанаты бар, жаны жоқ ,
Табаны бар, аяғы жоқ .
Өзі ұшады, аспанда жүреді ,
Теңізден де, таудан да өтеді.
(Ұшақ)
-Жарайсыңдар! Қайсы кімнің қолында ұшақ бар?2. Қос күрекпен еседі,
Су көлігі деседі.
-Дұрыс таптыңдар! Қайсы кімнің қолында қайық бар?
3.Жүргізуші жүргізеді,
Төрт аяқты батырды.
Қолындағы жұмбаққа сәйкес тапқан көліктерін көрсетеді.
Балалар,машина,ұшақ,кемені бір сөзбен көліктер деп атаймыз.Міне балалар бүгінгі ұйымдастырылған іс әрекетіміздің тақырыбы «Көліктер» деп аталады. Балалар. қазір сендермен көлік деген
таныстыру)
Жаңбырдың астында тұруға бола ма?
Жаңбырлы күні қалай киінеміз?
(сөйлейді дамыту)
Түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді және тұйықталған дөңгелек сызықтарды жүргізуді, осы әрекеттерді ырғақты қайталауды үйрету,парақ бетінде бейнелеу.
(сурет салу)
Қағаз бетіне орналасқан бұлттың бейнесіне ермексаз (көк) жағу, жаңбырды мүсінін ермексаздан мүсіндеу және үй құрастыру.
(мүсіндеу, құрастыру)
Жау-жау, жаңбыр, жау, жаңбыр.
Жауған жаңбыр – жауған нұр,
Жердің шаңы басылсын, Гүлдің аузы ашылсын.
Еккен егін көктесін
Бізге нанды көп берсін
Жау, жау!
Гүлденсін бау!
(көркем әдебиет)
Ауа-райы туралы болжамдар.
-Күнде тышқан биікке шығып шиқылдаса, ұзамай қар жауады.
-Жылан мезгілінде ұйықтамаса, күз ұзақ әрі жылы болады.
(қазақ тілі)
Қимылдық ойын
«Күн мен түн»
Міндеті: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу.
керек.
(дене шынықтыру)

Ойын жаттығуы: «Кім мерген?» (8 рет) Қарды нысанаға оң және сол қолмен лақтыру. Қар үйіндісінің жоғары жағына педагог төбешелерді қояды. Балалар 2 метр қашықтықтан оған қарды тигізуге тырысады.
Ойын түріндегі жаттығу: «Лақтыр-қағып ал». Еске салу: допты алдына шығарып ұстайды және алға-жоғары лақтырады, ұстағанда саусақтарының арасын ашып тұрады. **Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Құыспақ» Спорттық жаттығулар – бір-бірін шанамен сырғанату. Педагог сүйреген кезде қолды ауыстыруға – шананы бірде оң, бірде сол қолмен ауыстыруға, денені алға қарай еңкейтуге баса назар аударады.

күлімдейміз,
Бір-бірімізге жылулық мейірімін сыйлаймыз.
«Атадан қашты,ападан қашты» бұл ертегі не туралы?
Балалар жауабы:«Бауырсақ» «Бауырсақ» ертегісін әңгімелеп беру.
Ертеде бір ата мен әже болыпты, ата әжеге бауырсақ пісіруді тапсырады.
Осы кезде әже,егерде сен маған жыл мезгілін айтсаң тәтті бауырсақ пісіремін депті.
Ал ата болса есіне түсіре алмай бізге келіп көмек сұрап отыр.
Балалар атаға көмектесеміз бе?
- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?
-Ай аттарын ретімен кім айтады?
- Аптаның қай күні?
-Айтада неше күн бар?
- Қандай мерекелерді тойладық?
-Балалар атаға көмектесіп,атага әже бауырсақ пісіреді.
Ыстық бауырсақты әже терезеге суытып қояды.
Осы кезде ыстық бауырсақ домалап қаша жөнеледі.
«Атадан қаштым, ападан қаштым» алдынан қоян шыға келеді.
Қоян: Иісің қандай тәтті? Атың кім?
Бауырсақ: Бауырсақпын.
Қоян: Мен сені жеймін!
Бауырсақ: Қоян сен мені жемеші мен саған өлең айтып берейін.
(қазақ тілі)
Қоян: Маған өлең керек емес, мына тапсырмаларды орындасаң жіберемін.
Тәрбиеші: Бауырсаққа көмектесейік.
1 тапсырма: 1-ден 5-ке дейін сандарды ретімен орналастыр.
2 тапсырма:1-ден 5-ке дейін тура және кері сана.

бойынша ыдыстарды мүсіндеуге үйрету. **(мүсіндеу,сурет салу)**
«Түлкі мен тырна» ертегісі.
Ертегі ұнады ма?
Түлкі мен тырна бір-біріне ренжісіп қалды. Оларды достастыру үшін түлкісің тәрелкісін және тырнаның құмырасын әдемілеп береміз.
(көркем әдебиет,жапсыру)
Ыдыстарға конструктордан үстел құрастыру.
(құрастыру)
Қимылдық ойын «Түлкі мен қаздар».
Шарты:
Түлкі мен қаздың қимылын келтіру арқылы ойнау.
(дене шынықтыру)
Музыка – пән жетекшісінің жоспары бойынша.

сөздің төнірегінде әңгіме жүргізетін боламыз.
- Көлік дегеніміз не?
- Ол адамға неге қажет?
- Сендер балабақшаға қандай көлік түрлерімен келесіңдер?
Дыбыстық жаттығулар:
Кө -кө -кө-көлік.
Шақ-шақ-шақ-мынау-ұшақ.
Үш-үш-үш-ұшақ ұшты.
Ұшақ ұзақ ұшты.
Жаңылпашмен таныстыру.
Ұшып кетті үш құс.
Ұшып келді ұшқыш.
Балалар көліктердің өзі тортке бөлінеді:
Әуеде жүретін көліктер - Ұшақ, Тікұшақ,зымыран.
Суда жүретін көліктер – Кеме, қайық.
Темір жол көліктері – Поезд.
(сөйлеуді дамыту,қазақ тілі)

Ал, жерде жүретін көліктердің өзі екіге бөлінеді екен.
Олар жеңіл және ауыр көліктер.
Мысалы автобус,жедел жәрдем көлігі, жүк көлігі, өрт сөндіру көлігі т.б.
Ойын: «Жеңіл,ауыр»
Шарты: Ойын ойыншықтармен орындалады. **(математика негіздері)**
-Құрылыс бөлшектерінен көліктерге гараж құрастыру (ер балалар). **(құрастыру)**
-Қима бөліктерден көлік түрлерін жапсыру. (қыз балалар)
(жапсыру)
(математика негіздері)
Сергіту сәті: «Көңілді көліктер»
(музыка)
Көшедегі қимыл- қозғалысты реттеу үшін не қажет деп ойлайсыңдар?
(Бағдаршам қажет)
- Бағдаршам туралы кім тақпақ біледі?
Қызыл көзін ашқанда.
Сынық сүйем баспа алға.
Сары көзін ашқанда,
Қарап қалма аспанға.
Жасыл көзін ашқанда.
Өте бергін жасқанба
- Жолда жүру тәртібі не үшін

3 тапсырма: 1-ден5-ке дейін санамақ айт.
(математика негіздері)
Серіту сәті:
Ал, балалар, келіңдер,
Бой жазайық бәріміз-
Мойнымызды бұрамыз,
Қолымызды созамыз,
Топ-топ басып аяқпен,
Орнымызға барамыз.
Қоян бауырсақты жібереді.Бауырсақ әндете жөнеледі.Алдынан қорбандап аю шығады. Аюдың қолындағы тапсырмасын орындау.
Бауырсаққа балалар көмектеседі.
1-тапсырма:сурет бойынша әңгіме.
2-тапсырма: «Көңілді гимнастика»
Қолымызды көтереміз,оң қолды төмен түсіріңдер,сол қолды жоғары, оңға бұрылу, солға бұрылу.
3-тапсырма: Екі пішінді пайдаланып үй құрастыр.
(құрастыру)
(Ұжымдық жұмыс)
Бауырсақ аюдың тапсырмасын орындап домалап әрі кетеді.
Осы кезде алдынан аш қасқыр шыға келеді.
Тістерін ақсита сен кімсің?
Исің қандай тәтті?
Мен сені жеймін!
Бауырсақ сен мені жеме мен саған өлең айтамын.
Қасқыр: Сенің өлеңіңнің қажеті жоқ сен оданда менің тапсырмама көмектес.
1-тапсырма: Суреттегі жабайы андардың тіршілік ету ортасы,азығы туралы әңгімелеп бер.
(қоршаған ортамен таныстыру)
2-тапсырма: Онда менің жұмбақтарымды шешіп көріңдер.
1. Қыста ақ,
Жазда сұр. (қоян)
2.Қорбан- корбан етеді,

қажет ?
(Жол апаты болмау үшін)
- Ал, машина туралы тақпақты кім айтады?
Тақпақ айту: Бип-бип,бип дейді.
Жолдан былай кет –дейді.
Күшікті басуға, басуға,
Болмайды, болмайды машина.
Бип-бип-бип.
(көркем әдебиет)
Дидактикалық
ойын: *«Бағдаршам» ойыны.*
Ойын шарты: Бір бала - «Бағдаршам» болып тұрады. Ол қызыл түсті көтергенде, балалар бір адым артқа, сары түсі көтергенде
орындарында тапжылмай тұрады. Жасыл түсі көтергенде, бір адым алға жылжиды.
Көліктердің түрлерін ажырата білу. Слайд арқылы көрсетіледі.
-Балалар, жедел жәрдем қолігі кімдерге қызмет етеді.
(Ауырып қалғандарға)
-Жол полициясы қандай қызмет атқарады?
(Жол тәртібін қадағалайды)
-Өрт сөндіретін машина қандай қызмет көрсетеді?
(Өрт болған жағдайда)
-Автобус, пойыз, ұшақ не үшін керек?
(Ұзақ сапарға . шыққанда керек)
-Дұрыс айтасыңдар, машина жүргізетін адамды кім деп атауға болады?
Пойызды жүргізетін адамды кім деп айтамыз?
Ұшақты кім басқарады?
Жарайсыңдар балалар
Қорытынды: Дидактикалық ойыны «Бұл қандай көліктер»
Мақсаты: ойыншық көліктердің ішінен суда, әуеде және жерде жүретін көліктерді ажырату.
Балалар көліктерді үшке бөліп көрсетеді.
Балалар, үйде аға – әкеміз көлікпен жолға шығуға дайындалып жатса,біз не дейміз?
Балалар: «Жолың болсын» дейміз
«Бағдаршам» әдісі.
Түс иелері жасыл көлік, ортаға

		Орманда ол жүреді (ақ) 3.Орманда тұрады, озі бір қу, Жүрген жері айқай-шу. (түлкі). **(сойлеуді дамыту)** Бауырсақ әндете домалап кете барады. Осы кезде алдынан қуланып қу түлкі шыға келеді. Түлкі бірден, бауырсақ сенің дауысың қандай әдемі! Сен маған өзің туралы және мен туралы ән айтып берші. Дос болайық. Түлкі бауырсақ балалармен қосылып ән айтады. **(музыка)** Қорытынды: Балалар ұйымдастырылған іс-әрекет соңында бауырсақ кейіпкерлерін ақ қағаз бетіне түсіріп, көрме ұйымдастырады. **(сурет салу,жапсыру,мүсіндеу)**		түсінсеңдер сарыны, түсінбесеңдер қызыл көзді көрсетіңдер. Балаларды мадақтау. **(коршаған ортамен таныстыру)**	
Серуенге дайындық	Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райының жағдайына байланысты).Ауа –райының құбылыстары жайлы әңгіме жүргізу.				
Серуен	**№27** **Жапырақтардың толық түсуін бақылау** **Міндеттері:** Өсімдіктер дүниесінің маусымды өзгерістері туралы түсініктерін жалғастыру: жаланаш ағаштар. Жапырақтардың қайдан түскенін, қайда түскенін, түсі қандай болғанын естеріне түсіру. Әдемі жапырақтарға сүйсіне қарап, табиғатты білуді және табиғатпен қарым-қатынастан қуаныш алуға тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс** **Жұмбақ** Ағайынды бәрі, Шықса жасыл, Түссе сары. (Жапырақ) **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Соқыр теке» ойыны»** **(орыс ұлттық ойыны)** **Міндеттері:** Ойын ережесін сақтай отырып, балалардың ойынға қатысуын қадағалау. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру**	**№ 14** **Аула сыпырушының жұмысын бақылау** **Міндеттері:** Аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау. Еңбек нәтижесін атап көрсету. Аула сыпырушы еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға үйретіп, тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Құнан шабысы»** **(Қырғыз ұлттық ойыны)** **Міндеттері:** Ойын ережесін сақтауға (белгіден соң жүру, бірін-бірі итермеу) үйрету. Жылдамдықпен күш жігерді дамыту. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Балалармен жеке жұмыс** **Мақал-мәтел жаттау** Еңбексіз өмір – сөнген көмір. **Коммуникативтік дағды** **Еңбек: Аула сыпырушыға көмектесу**	**№ 21** **Қылқанжапырақты ағаштарды бақылау Балалармен жеке жұмыс Жұмбақ** **Қысы-жазы бір түсте. (Шырша)** **Коммуникативтік дағды** **Міндеттері:** Балабақша алаңында осетін қылқанжапырақты ағаштарды танып білу. Сыртқы бейнесіне қарап: шырша – инелері қысқа және ашық түсті емес. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын «Бос орын»** **Міндеттері:** Жүгіру, жүру, секіру сияқты жаттығуларды бекіту, түрлі қимыл-қозғалыстарын үйлесімді орындау. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Құстарды тамақтандыру** **Міндеттері:** Табиғат бұрышының мекендеушілерін тамақтандыруға үйрету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**№ 15** **Балалармен жеке жұмыс Жеңіл көлікті бақылау Жұмбақтар шешу** Аркасында алып жүр, ала тайым шауып жүр. (Автобус) Табанында жолы бар, төбесінде қолы бар. (Трамвай) **Коммуникативтік дағды** **Міндеттері:** Жеңіл көліктер жайлы біліп, оларды атап көрсету; жеңіл көліктердің қосалқы бөліктері жөнінде білімдерін кеңейту. Жүк машинасы мен жеңіл машинаның айырмашылықтарын атап көрсету. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Такси»** **Міндеттері**: Қос аяқты түзу ұстап, аяқтың ұшымен, обручпен қосақтасып жүгіру. Бір-бірін итермей ойын ережесін сақтауға тәрбиелеу. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:**	**№ 3** **Желдің соғуын бақылау** **Міндеттері:** Балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; ішкі сипат бойынша жел соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, катты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; тым нашар, ағаш басының қозғалуы; күшбен салыстыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Желбезекпен жүгіру»** **Міндеттері:** Желбезекті қолға алып жарысу, кім бірінші мәреге жетеді, сол жеңімпаз болатынын түсіндіру. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Тәрбиешіге көмек** **Міндеттері:** Үлкендерге қызмет көрсетуге тәрбиелеу

	Еңбек: Ауладағы жұмыс. **Міндеттері:** Жапырақтарды тырмауышпен жинауды үйрету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**Міндеттері:** Балаларды ересектерге көмектесуге үйрету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**		**Берілген жеке тапсырманы орындау** **Міндеттері:** Еңбекке деген түзу көзқарастарын дамытып, тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	Ауланы тазартуға қатыстыру, жапырақтарды жинауға көмектесу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** **Жұмбақ** Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады. (Жел) **Коммуникативтік дағды**
Серуеннен оралу	Жүйелі түрде шешіну, киімді шкафқа салу, қолды жуу				
Түскі ас	Кезекшілердің жұмысы. Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою. Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Ана мен бала» музыкасын тыңдату **(музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсекте жатып жасайтын жаттығулар. (2-3 минут) Созылу б.к. арқада жатып қолымызды денеміздің бойымен қойып иегімізді кеудемізге тигіземіз , аяқтың ұшын өзімізге қарай тартамыз. (2- 4 рет) Ішімізде жатып басымызды аяғымызды жоғары көтеру. (2- 4 рет) Майтабанның алдын алу. (2 минут) Жалаңаяқ бір бірінің артынан жүру, аяқтың ұшымен жүру, өкшемен жүру, табанның ішкі жағымен жүру, сыртымен жүру. Арнайы жолдармен жүру. Отырып аяғымызды оңға солға тербету. (3- 4 рет) Ауызды тұзды сумен немесе сарымсақ тұнбасымен шаю.				
Бесін ас	Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару. Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру. «Бата айтып», «Ас қайтаруды» үйрету. **(Көркем әдебиет)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	Топтық жұмыс: Композиция құрастыру. Қағаз бетіне ермексаздан күннің бейнесін жасап,орналастыру, ағаштың бейнесі мен құстың бейнесін құрастырып,жапсыру. **(құрастыру,жапсрыу,мүсіндеу)**	Мобильді кітапханадан ертегіні тыңдау. Үстел үсті конус театры арқылы «Бауырсақ» ертегісін сахналау. **(көркем әдебиет)**	**В/к: «Таза болса табиғат, аман болар адамзат»** **Тақырыбы:** «Кішкентай зерттеушілер» **Міндеті:** Тәжірибе арқылы жер астында ауа бар екенін көрсету. Топырақты талтаудың нәтижесінде жер асты тұрғындарының өмір сүру жағдайлары нашарлап жатқанын көрсету. Балаларға демалыс кезінде мінез-құлық ережелерін сақтау қажет екендігін көрсетіп, өз бетімен қорытындыға келуге көмектесу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Шаттық шеңбері. «Табиғат» бейнежазбасын тамашалау. Бейнежазбаны әңгімелеп. талқылау. Тәжірибе: гүлдің топырағын	Еркін ойындар. Дөңгелек сызықтарды жүргізу арқылы көліктің доңгелегін бейнелеу. **(сурет салу)** Балалардың қалауы бойынша көліктерді мүсіндеу.**(мүсіндеу)**	Жау-жау жаңбыр өлеңін тыңдату. **Музыка** Жаңбырдың тамшыларын жапсыру. **(жапсыру)**

-			көпсыту. Оған су құю. Аквариум ішіндегі тіршілікпен таныстыру. Қорытынды: Сұрақ-жауап арқылы білімдерін бекіту. Жер – Ананы,туған жердің табиғатын сақтау үшін не істей аламыз? Балалармен бірлесіп,топқа гүл отырғызу.		
Балалармен жеке жұмыс	**Есен Айзеремен жеке жұмыс** Топта, серуенде және табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтауды үйрету. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**	**Жолашева Ақтілекпен жеке жұмыс** Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізе білуге үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**	**Амирали Айсұлтанмен жеке жұмыс** Біртекті заттарды топтастырып,олардың біреуін бөліп көрсетуді үйрету. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)**	**Болатұлы Санатпен жеке жұмыс** Пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын игерту. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**	**Мырзағали Адиямен жеке жұмыс** Қарапайым сюжеттік композицияларды құрастыру, мүсіндеуге қажетті негізгі техникалық дағдыларды игерту. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**
Серуенге дайындық	Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру. Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу, топтық ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу.				
Серуен	№ 27	№ 14	№ 21	№ 15	№ 3
Серуеннен оралу	Жүйелі түрде шешіну, киімді шкафқа салу, қолды жуу.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-аналарға балаларға оқылатын қызықты ертегілер туралы ақыл-кеңестер беру.	Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	Ата-анаға кеңес: Үйде баласымен қарандашпен жұмыс жасауларына кеңес беру.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу.

БЕКІТЕМІН:

ЖШС-гі «Ақжайық» бөбекжай-балабақшасы

меңгерушісі Д.Сансызбаев

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің қызметінің циклограммасы

Желтоқсан айы

Тәрбиеші: Абдраманова. Х

2024-2025 оқу жылы

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Топ: «Күншуақ» ересек жас тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 30 желтоқсан – 3 қаңтар 2025 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балалардың дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жағдай жасау. **(сөйлеуді дамыту)**			Әуенді-қимылдық ойын: «Ақ қоян» Міндеті: Дыбысты тыңдау арқылы, қимылдар жасауды үйрету. **Дене шынықтыру**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	**Ата-аналармен әңгімелесу** Балалардың жыл мезгіліне сай қолғаптарының болуын талап ету.	**Ата-аналармен әңгімелесу** Балалардың тәртібіне көп көңіл бөлу туралы кеңес беру.			**Ата-аналармен әңгімелесу** Демалыс күндері балалармен спорттық ойындар ұйымдастыруына кеңес беру
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	Отбасы туралы мақал – мәтелдер айту: 1. Отан - отбасынан басталады. 2. Отбасы – шағын мемлекет. 3. Ата – бәйтерек. 4. Балалы үй – базар. **(сөйлеуді дамыту)**	Жаңылтпаш айту. Жапалақтап, қаптап ақ қар жауды. Алқапты аппақ ақ қар жапты. **(көркем әдебиет)**			Дыбыстық жаттығуларды орындау. -к-к-к-коян -кі-кі-кі – түлкі -а-а-а- аю -ыр-ыр-ыр – қасқыр. **(қазақ тілі)**
Ертеңгілік жаттығу	**Жаттығулар кешені №9**				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қимасын жерге тастамауға үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Артикуляциялық жаттығулар: «Күрекше», «Тітті тосап» «Сағат». Міндеті: Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. **(қазақ тілі)**	Ойын: «Бұл не. ойлан тап!» Міндеті:балалар көрсетілген суреттегі бейнелерді тез естеріне сақтап қалды.Ойлау қабілеттерін дамыту **(сөйлеуді дамыту)**			«Ұзын құлақ сұр қоян» әні. Міндеті: Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру. **(музыка)**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Музыка** – пән жетекшісінің жоспары бойынша. **Міндеттері:** сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге, тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға баулу. «Нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Ермексаз, сазбалшық әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға, отбасын, отбасылық дәстүрлерді бағалауға баулу.	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Орамал»** **Міндеттері:** алақанымен табанына сүйеніп төрт аяқтап еңбектеуді, еңбектеген кезде көтерілген заттың биіктігін ескеруді үйретуді жалғастыру, ептілікке баулу. Допты төменнен жоғары қарай саусақпен оп-оңай итеру және допты заттардың арасымен домалатқан кезде бағытын өзгерту қабілетін нығайту. Әлеуметтік ортада дұрыс байланыс орнату, төзімділік қабілеттерін дамыту, қазақтың ұлттық ойындарын пайдалану арқылы балалардың қозғалыс тәжірибесін байыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын түріндегі жаттығу: «Біздің қолымыздан бәрі келеді!» – қолға беторамал ұстап, бір-бірден тізбекте жүру, жүгіру, түзету жаттығуларын орындау – аяқтың ұшымен жүргенде орамалды жоғары көтереді. өкшемен жүргенде орамалды алдына ұстайды (музыканың ырғағымен).			**Міндеттері:** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша және топқа бір затты қосу немесе алып тастау арқылы қалыптастыру. Сурет

Ұйымдастырылған іс-әрекет:
Шаттық шеңбері:
Үлкенге де сіз,
Кішіге де сіз,
Ата - ананы құрметтеп,
Бас иеміз біз.
Отбасының суретіне балалардың назарын аудару.Бұл суреттерді бір сөзбен айтқанда қалай деп атай аласыңдар?
Саусақ жаттығулары:
Бас бармағым – әкем, балан үйрек алам,
Ортан терек – агам, шылдыр шүмек мен.
Титтей бөбек сен
Бір үйде нешеуміз?
Бір үйде бесеуміз.
- Балалар санамақ кімдер туралы айтылған? Бір үйде барлығы қанша адам тұрады екен?
Кім айтады?
Отбасында аталған адамдардан басқа кімдер айтылмай қалды?
(математика негіздері)
Жұмбақ жасыру.
1.Кітапты көп оқитын, немерелерін жақсы көреді, ақ сақалды, кісіні кім дейміз? (Ата)
2.Өзі салмақты, байсалды, бос уақытын балалармен өткізгенді жақсы көреді,саябаққа апарады, отбасын қорғаушы, сақтаушы ол кім? (Әке)
Ойын: «Кім жоқ?»
Шарты: отбасы мүшелерінің суреті ілулі тұрады. Балалар көздерін жұмады. Тәрбиеші тақтадағы бір отбасы мүшесінің суретін алып тастайды. Балалар көздерін ашып, мұқият қарап шығып, кімнің суреті жоқ екенін айтады.
(сөйлеуді дамыту)
Сергіту сәті: «Жаттығу»
(дене шынықтыру)
Ойын: «Неге теңеймін».
Шарты: Балаларға күннің, айдың, бұлттың, алманың, гүлдің суреттері таратылып беріледі. Балаларға «ананды кімге теңейсің» деп сұрағанда қолдарындағы суреттің біреуін көтереді. Сол сияқты атасын, әкесін, ағасын т. б. айтылады.
Балалар, кім бізге өзінің отбасы туралы айтқысы келеді?
(көркем әдебиет)
Дыбыстық жаттығу:
Ә-ә-ә – әже
Ә-ә-ә – әке
І-і-і-ің-ің-сің-лі.
(қазақ тілі)
Қазір бәріміз топтарға бөлініп, мынадай тапсырма орындайық. 1 топ: «Отбасымның портретін құрастыру,жапсыру)
Екі тізбекке тұру.
Жалпы дамытатын жаттығуларды беторамалдармен орындау
Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды:
1.Ойын түріндегі жаттығу «Ең епті».
Шарты: 8 метр қашықтыкка төрт аяқтап еңбектеу, 40 см биіктікке көтерілген сырықтың астымен еңбектеп өту
2.Допты бір-бірінен 1 метр қашықтықта орнатылған бес заттың арасымен домалату.
Шарты: допты ақырындап төмен-жоғары итеріп, кегельдерді оң жағынан және сол жағынан айналып өту.
Қимылды ойын: «Үшты, ұшты».
Шарты: Заттардың қазақ тіліндегі атауларын атау (ұшатын, ұшпайтын заттар).
Міндеттері: Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту.Балалардың түрлі әрекеттерінде өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыкка баулу. Қоршаған ортадағы табиғат құбылыстарының атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек,үшбұрыш) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету.Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру. Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру.
Ұйымдастырылған іс-әрекет:
Өлең оқу.
Айналамда ұшып жүр,
Ақ мамық қар себелеп.
Қалт-құлт еткен бейне бір,
Ақ қанатты көбелек.
Үстіме жалп-жалп жауады,
Ақ тауықтың жүніндей. Жайнатады даланы,
Ақ жібектің түріндей.
Ауа райында қандай өзгерістер болып жатыр?
Қазір жылдың қай мезгілі? Қыстың болғанын қалай білдіңдер?
Ауа райындағы өзгерістерді қалай байқадыңдар?
«Қыс» мнемокестесі бойынша әңгіме құрастырту.**(сөйлеуді дамыту,қазақ тілі)**
«Қар неліктен жұмсақ?» зерттеу жұмысын жүргізу.
Кішкентай шелектерге қар және құм салып, олардың қайсысы ауыр не жеңіл екенін анықтау.
салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу.
Музыкалық-ырғақты қимылдарды орындау.Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру.
Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру.
Ұйымдастырылған іс-әрекет:
Балалардың жұмыс істеуіне эмоционалдық көңіл күй қалыптастыру.
Шыннан сырғып түсті де,
Келді етекке қыс, міне.
Ақ қарлар ақ көбелек. Қонды үйлердің үстіне. Боран соғып бірде өкпек, Үйге айдады «кір», – деп тек.
Мұз көрпеге оранды,
Сулар тоңып дірдектеп.
Аулаға қар үйгізді,
Белгі аязға сүйгізді.
Тоңбасын деп теректер, Қырау ішік кигізді. (Р. Тышқанбаев)
Білімдерін белсендіру. Қазір қай жыл мезгілі? Жабайы жануарлар қыста қалай тіршілік етеді? Білесіңдер ме? Жеңдаят шешу:
Қыс түсті. Бұл жақсы ма әлде жаман ба?**(көркем әдебиет)**
Суретпен жұмыс.
Өзекті сұрақ: Қоян неліктен сұр тонын ақ тонға, ал тиін қызғылт тонын сұр тонға ауыстырады?
Ти н қыска қалай дайындалады?

2 топ: «Суретті жалғастыр» **(сурет салу)**
3 топ: Отбасы мүшелерін мүсіндеу.
(мүсіндеу)
Қорытындылау:
1. Отбасы мүшелерін ата.
2. Өз үйіндегі отбасы мүшелерінің міндеттері туралы айтып бер?
3. Отбасына қандай көмек көрсетесің?
4. Ата – анаң қайда жұмыс істейді?
Отбасы - ол ең жақын адамдардың ошағы. Әркашан отбасы мүшелерін сыйлап, құрметтеу керек екені айтылады.
(коршаған ортамен танысту)

Қара парақ бетіне түскен қарды үлкейткіш әйнекпен қарау.
Қарды үрлеу, оны жеңіл, үлпілдек және жұмсақ екенін анықтау.
Ақыл-ойды дамытуға арналған жаттығу өткізу.
Қыста аспаннан не жауады?
Қыста немен ойнауға болады?
Қай мереке тек қыста болады?
Жаңа жыл мерекесін кіммен тойлайсыңдар?
Жаңа жылда сендер кімді күтесіңдер?
Мерекеде дастарханды кім жаяды,анаңның,әкеңнің,туыстарының аттарын білесіңдер ме?
(коршаған ортамен танысу)
Үш топқа бөлініп тапсырмаларды орындау.
1 топ: Жауған қардың суретін салу.**(сурет салу)**
2 топ: Ермексазбен аққаланы мүсіндеу.**(мүсіндеу)**
3 топ: Аққаланы жапсыру.**(жапсыру)**
Аққала неше бөліктен тұрады?
Оның пішіні неге ұқсайды.
Аққаланың түсі қандай?
Аққаланың пішіні бірдей ме? **(математика негіздері)**
Ойын: «Аппақ қар»
Шарты: Ойын музыка сүйемелдеуімен ойналады.
(музыка)

Тиынның іні қай жерде?
Аю аған қуысында ұйықтай ма?
Қоян орамжапырақты қайдан алады?
Қоян қыста немен коректенеді?
Жануарлар өздеріне жылы киім сатып ала ала ма?
Олар қалай қыстап шығады?
Қыста тоңбай ма?
Балабақшаға келе жатып қатты тоңдыңдар ма?**(сөйлеуді дамыту)**
Ал енді мына суретке назар аударамыз.
Жоғарыдағы орындық пен төменгі орындықта отырған аңдарды мұқият қарап шығамыз.
–Жоғарыдағы орындықта неше аң отыр?
–Оларды атап беріңдерші? –
Ал енді, балалар, жоғарыдағы орындық пен төмендегі орындықта отырған аңдарды сан жағынан салыстырыңдар?
Қайсы аң кетіп қалды?
–Қанша аң кетіп қалған болса, сонша дөңгелекті бояңдар.
(математика негіздері,сурет салу)
Сергіту жаттығуы.
Бірде аңдар суатқа су ішуге келе жатты: (балалар шеңбер бойымен бір-бірінің артынан жүреді).
Бұғының артынан бұғышақ (аяқтарын топылдатып жүреді),
Түлкінің артынан мысық (аяқтарының ұшымен бұқпантайлап жүреді),
Кірпінің артынан кірпінің баласы (отырып, баяу жүреді),
Аюдың артынан қоңыз (мәймаңдап жүреді),
Тиынның артынан тиынның баласы (секіріп жүреді)
Қоянның артынан көжек (кежектер сияқты секіреді),
Қасқырдың артынан бөлтірік (сибектеп жүреді) келеді,
Бәрі суаттан су ішті, тойды (шеңбер бойында тұрып,

				тілдерін шығарып, тамсанады).**(дене шынықтыру)** Ермексазбен қояның бейнесін мүсіндейік. Ермексазды алақанымызбен уқалап, тақтайшада ысып, саусақтарымызбен қысқылау арқылы жұмсартып ұзын, сопақша жасаймыз. Осы біртұтас сопақшадан қысқылау арқылы қояның дене мүшелерін жасаймыз. Енді басына көзін, мұрнын орналастырайық.Аяғына табанын жабыстырайық. Не шықты? **(мүсіндеу,жапсыру)** Бұл қояны кім жасады? Сенің жасың нешеде? Кімнің қояны әдемі екен? **(қоршаған ортамен таныстыру)** Ойын: «Маймақ ақ» Шарты: Ойын музыка әуенімен орындалады,музыкаға сай қимылдар жасайды. **(музыка)**
Серуенге дайындық	Киіну: киім кию ережесін сақтауға үйрету,серуенге арналған құралдарды дайындау,**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары**			
Серуен	**№ 19** **Аула сыпырушының еңбегін бақылау** **Міндеті:** Аула тазартушының қардан тазалау кезіндегі еңбек құралдары жайында білімдерін бекіту. Үлкен адамдардың еңбектері туралы түсініктерін кеңейту. Адамдардың еңбектерін сыйлап, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс** **Мақал-мәтелдер жаттау** -Еңбек етсең ерінбей-тояды қарның тіленбей. -Ердің атын еңбек шығарады. -Ер дәулеті-еңбек. **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Кім күшті?» (қазақтың ұлттық ойыны)** **Міндеті:** Жаттығу жасау барысында еңбектену,жолдасымен бірлесіп жасау; дұрыс ойын ережесін сақтауын қадағалауды үйрету. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Ауланы сыпырушыға көмектесу** **Міндеті:** Үлкенге көмек көрсете білуге тәрбиелеу.	**№ 10** **Бұрқасынды бақылау** **Міндеті:** Бұрқасын туралы түсініктерін қалыптастыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Өткеншек»** **Міндеті:** Берілген қарқында қолдарынан ұстап шеңбер бойынша жүре білуін бекіту (жылдам, баяу, басқа бағытта және т.б.). Жинақылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Ауланы тазарту** **Міндеті:** Балаларды бала-бақша ауласындағы жолдарды сыпыруға және тазалауға үйрету.Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** **Балалармен жеке жұмыс** **Мақал – мәтел жаттау** Бұрқасын мен қарлы боран ақпанға келіп қонды. **Коммуникативтік дағды**		**№ 2** **Қар басуын бақылау** **Міндеті:** Балаларға қар түсер жөнінде түсінік беру. Қыста күн бұлтпаса қар жауатыны туралы ауту. Аспаннан жапалақтап қар жауғанын бақылау (ұлпа, ақ, жеңіл). Қар, жүн көрпе секілді, жерді қымтайды. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс** **Жұмбақ жасыру** Үстай қалсаң еріп кетер, Әуре болма теріп бекер. (қар) **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын «Қармен ойнау »** Балаларды қармен ойнауға үйрету. Нысанаға қарды ата білуге жаттықтыру. Ойын ережесін орындауға

,	**Танымдық іс – әрекет дағдылары**				дағдыландыру. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:** Күректі қолдануды үйрету, ауланы кардан тазарту. Қоғамдық жұмыс уақытында бір-біріне кедергі келтірмеу. Қиыншылықтарды және білу дербестілігін және бастамашылығын көтермелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес іс - әрекеті).**				
Түскі ас	Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қойуын қалыптастыру. Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан сықымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. **(мәдени-гигеналықдағдылар, өзіне-өзіқызметету, еңбекәрекеті)**				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жағымды жағдай жасау. «Құлыншағым» музыкасын тыңдату. **Музыка**	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Ана мен бала» музыкасын тыңдату **(музыка)**			«Ақ тиін мен қасқыр» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(Көркем әдебиет)**
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	1.Ояну жаттығу: Қайырлы күн, көздерім! (балалар қастарын, көздер сипайды) Қайырлы күн, құлақтарым!(құлақтарын сипау) Қайырлы күн, беттеріміз! (беттерін сипау) Қайырлы күн, қолдарымыз! (қолдарын сипау) Қайырлы күн, аяқтарымыз! (аяқтарын сипеу) 2.Саусақ жаттығу: 1. Бас бармақ, 2.Балан үйрек 3. Ортан терек 4.Шылдыр шүмек 5.Кішкентай бөбек 3.Тыныс алу жаттығу: Қолға шарды аламыз, Қатты, қатты үрлейміз. Уф-ф-ф, Уф-ф-ф... Қатты үрленген шарым Жарылып қалды, пах. . 4. Табанды шынықтыру массажы Таяқтарды жылжытып, Массаж жасау білеміз. Оң аяққа 1-2-3, Сол аяққа 1-2-3. 5.«Денсаулық» жолымен жүру. Әдемі ирек жолдармен, Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз.				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				

Балалардың дербес әрекеті (ағ қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	**Адаптивтік бағдарлама** **Тақырыбы: «Жерді қалай сақтауға болады?»** **Мақсаты:** Жер және оның таңайгыштығын қалай сақтауға болатыны туралы түсінік беру. Жер астындағы тұрғындарды сақтау керектігін ұғындырып қызығушылығын тәрбиелеу. **Барысы:** Шаттық шеңбері. «Жер асты тұрғындары» бейнежазба тамашалау. Бейнежазбадан жер асты тұрғындарымен таныстыру, талдау. Жерді өнімді, құнарлы ету үшін не істеу керек екендігін түсіндіру. Тыңайтқыш ұғымымен таныстыру. Қорытынды: Ойын: «Экологиялық тізбек» Мақсаты: Қоректік тізбектің буындары туралы түсініктемелер беру: тірі табиғат, өсімдіктер, жыртқыш аңдар. Табиғат заңымен таныстыру: табиғатта жануарлар да, өсімдіктерде өз бетінше тіршілік ете алмайды.	Екі топқа бөлініп ойнау. №33 «Аққала құрастыру» Шарты: Аққала бөліктерін рет-ретімен жинап құрастыру. **(құрастыру)**			Дыбыстық жаттығулар жасау. Беран қалай ұйықтады у - у - у - у - у - у - у. Күртік қар қалай сықырлайды. Қырт - қырт, қырт - қырт. Қасқыр қалай ырылдайды р-р - р - р - р - р - р). Аю қалай ақырады. О - о - о - о - о - о - о -. Тиін жаңғақты қалай шағады. Шық - қық, шы - қық, шы - қ Балалар қолы тоңғанда ай - ай - ай – ай ой - ой - ой - ой - ой дейді. Жаңылтпаштар айтып үйрену 1. Түлкі айлалы ан, айлалы **аңға айла** пайдаланған. 2. Қыста суық түсті, құлағым үсті, үсті. 3. Мұз – тұз, тұз - мұз, бәрінде тұз бен мұз. **Қазақ тілі** **Өз еркімен ойындар.** **№39 «Қоянның денесіне лайықты пішіндерді тап»** Шарты: балаларға қоянның үлгісін таратып береді, алдарындағы пішіндерін ішінен лайық жамауды табу. **(құрастыру)**
Балалармен жеке жұмыс	**Болатұлы Санатпен жеке жұмыс** Бейнелеген суреттер мен заттар (бұйымдар) бойынша әңгімелер құрастыра білуге үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**	**Мырзағали Адиямен жеке жұмыс** Музыканың ырғағымен жүруді, қимылдарды музыкамен сәйкестендіруді, қимылдарды орындауда шапшаңдық пен ептілік танытуды үйрету. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**			**Есен Айзеремен жеке жұмыс** Отбасындағы үлкендерді сыйлауды, құрметтеуді, кішілерге қамқорлық танытуды үйрету. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**
Серуенге дайындық	Киіну: киім кию ережесін сақтауға үйрету,серуенге арналған құралдарды дайындау,**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары**	Киіну: киім кию ережесін сақтауға үйрету,серуенге арналған құралдарды дайындау,**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары**			Киіну: киім кию ережесін сақтауға үйрету,серуенге арналған құралдарды дайындау,**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары**
Серуен	№ 19	№ 10			№ 2
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы, киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.				
Балалардың үйге қайтуы	«Ата-аналар балалар ауырмау үшін не істеу керек?» кеңес беру.	«Баланыздың неге бейім екендігін байқадыңыз ба?»			Балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы ата-аналармен әңгімелесу Демалыс күндеріне сәттілік тілеу.

Тел:

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Топ: «Күншуақ» ересек жас тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 9 – 13 желтоқсан 2024 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Түскі ас	Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қойуын қалыптастыру.Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. **(мәдени-гигеналықдағдылар, өзіне-өзіқызметету, еңбекәрекеті)**				
Түскі ұйқы		«Тәтті ұйқы» **Гигиеналық шынықтыру шаралары** Күндізгі ұйқыға жатқызу.	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жағымды жағдай жасау. «Құлыншағым» музыкасын тыңдату. **Музыка**	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін ертегі оқып беру. «Сәбиге өмір сыйлаған құдірет» ертегісі. **Көркем әдебиет**	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау «Бесік жыры» музыкасын тыңдату. **Музыка**
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	1.Төсекте жатып жасайтын жаттығулар. (2-3 минут) Төсекте жатқан орнында көрпені аяғымен серпіп тастап оңға, солға домалау. Отырған жерде көзіміздi ашып – жұмып көзімізге жаттығулар жасау. 2. Арқаға арналған « Ауа-райы» жаттығулары: Балалар бірінің артынан бірі тұрып, алдыңғы тұрған баланың арқасына массаж жасайды. 3. Нүктелі массаж: Тамағымыз ауырмау үшін, қолымызбен тамағымызды жоғары-төмен уқалаймыз. 4. Түшкіріп тұмауратпау үшін, нұсқаушы саусағымызбен танауымыздың екі жағын кезектеп үйкеймiз. 5. Құлағымыз ауырмау үшін, нұсқаушы және ортаңғы саусағымызбен құлағымызды алдынан және артынан уқалаймыз.				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)		«Саяхатшы» ертегісін еске түсіру,әңгімелеу,ертегі кейіпкерлерін құрастыру. **(Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, құрастыру)** Аяз атаға ашықхат жазып,сыйлық күтетіні туралы әңгіме жүргізу. Үлгі суретке қарап ашықхаттың суретін салу жолдарын көрсету. Қандай геометриялық пішіндер арқылы салу жолдарын айтып беру. Суреттің салу жолдарын қайталап сұрау. **(Қоршаған ортамен танысу,сурет салу)**	Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын үйретуді жалғастыру. **(Математика негіздері)**	**Адаптиптік бағдарлама** Тақырыбы:«Адам және табиғат» Міндеті:Адам мен табиғат арасындағы үйлесімділік туралы түсініктерін дамыту Адамның табиғат алдындағы парыздық түсінігін тәрбиелеу **(Қоршаған ортамен таныстыру)** Қонақтарға шәй ішуге ұсынатын, ою-өрнекпен әшекейленген кесені жапсыру.Ою-өрнектерді құрастыру,әңгімелеп беру. **(Құрастыру,жапсыру)** Балалардың қалауы бойынша ермексаздан ыдыстарды мүсіндеу. **(Мүсіндеу)**	«Қояның құлағы неге ұзын?» ертегісін оқып беру,талдау. 1.Қоян достарын неге шақырады? 2.Қоян үйін қалай безендірді? 3.Од туған күніне қандай аңдарды шақырды? 4.Кірпі қоянға не сыйлады? 5.Қасқыр не әкелді? 6.Аю қандайсыйлықәкелді? 7.Қояның құлағы не себептен ұзынекен? **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, коммуникативтік дағдылар)** Аңдарды мүсіндеу,құрастыру. Балалардың қалаулары бойынша.
Балалармен жеке жұмыс		**Ғанибай Саятпен жеке жұмыс** Допты жоғары-төмен лақтырып, қағып алуды үйрету. **(Физикалық қасиеттері)**	**Еділ Айнамкозбен жеке жұмыс** Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар түргызуға талпындыру. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**	**Ержан Ханшайыммен жеке жұмыс** Тұратын қаласы мен ауылы туралы, Қазақстан Республикасының бас қаласы, мемлекеттік рәміздері туралы бастапқы түсініктерді меңгерту. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**	**Жұматай Асетпен жеке жұмыс** Көрген суреттері бойынша өз ойын анық айтуға талпындыру. **(Коммуникативтік дағды)**
Серуенге дайындық		Киіну: киім кию ережесін сақтауға үйрету,серуенге арналған құралдарды дайындау,**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары**	Киіну: киім кию ережесін сақтауға үйрету,серуенге арналған құралдарды дайындау,**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары**	Киіну: киім кию ережссін сақтауға үйрету,серуенге арналған құралдарды дайындау,**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары**	Киіну: киім кию ережесін сақтауға үйрету,серуенге арналған құралдар дайындау,**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары**
Серуен		№ 8	№ 19	№ 10	№ 12
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы, киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.				

Балалардың үйге қайтуы		Баланың бүгінгі тәртібі жайлы әңгімелесу.	Баланың бүгінгі жетістігі жайлы әңгіме.	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы ата-анамен әңгімелесу.	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу.

БЕКІТЕМІН:

ЖШС-гі «Акжайық»бөбекжай-балабақшасы

меңгерушісі Б.Сансызбаев

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің қызметінің циклограммасы

Қаңтар айы

Тәрбиеші: Абдраманова. Х

2024-2025 оқу жылы

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Топ: «Күншуақ» ересек жас тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 6 – 10 қаңтар 2025 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Баладан қандай көңіл күймен келгенін,кіммен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау,әңгімеге тарту. **(қазақ тілі)**	«Мен өсіп келемін» тақырыбында әңгімеге тарту. Міндеті: Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)**	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. **(музыкалене белсенділігі)**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	**Ата-аналармен әңгіме:** «Балаңызды киіндірген кезде киімдердің түстерін айтып отырасыз ба?	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың жас ерекшелігіне қарай сөздік қорының қалыптасуы туралы әңгімелесу.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балаларды ертерек ұйқыға жатқызулары туралы әңгімелесу.	**Ата-аналармен әңгіме:** «Балаңызды сойлеуге үйрету үшін үй жағдайында не істей аласыз?»	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын және балалармен спорттық ойындар ұйымдастыруын ата-аналардан талап ету.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	№16 «Кім зейінді?» Міндеті: Бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру. **(қазақ тілі)**	№39 «Қояннын денесіне лайықты пішіндерді тап» Шарты: балаларға қояннын үлгісін таратып береді, алдарындағы пішіндердің ішінен лайық жамауды табу. **(құрастыру)**	№48 «Үй жануарлары мен жабайы жануарлары» Шарты: Балалар екі топқа бөлінеді.Белгі бойынша балалар үй жануарлары мен жабайы жануарларды үлкен картадағы бос тор көздерге орналастырады.Кім бос тор көздерді толтырып,жануарларды дұрыс орналастырса,сол топ жеңіске жетеді. (құрастыру)	№8 «Теңдік және теңсіздік» Шарты: балаларға екі қатардағы теңдік, теңсіздік белгілету. **(математика негіздері)**	№33 «Аққала құрастыру» Шарты: Аққала бөліктерін рет-ретімен жинап құрастыру. **(құрастыру)**
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені №10				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында гигиеналық шараларды орындау. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті** (ас ішу құралдарын үстелге қою). **Гигиеналық шаралар** (қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту және орамалды орнына ілу) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру,тамақ ішкенде сөйлемеу, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Жаңылтпаш жаттау. Ләйлік лайға лайланды, Лайланған ләйлік, лайда отырып жайланды. (Сыбырлап, орта дауыспен, қатты дауыспен айтып,жаттықтыру) Міндеті: «Л» дыбысын анық айтуға жаттықтыру. **(сөйлеуді дамыту)**	Сергіту жаттығуы. Секіреміз топ-топ, Шапалақтап көп-көп. Иілеміз оңға қарай бір,екі,үш, Иілеміз солға қарай бір,екі,үш. **(дербес қимыл белсенділігі)**	Дыбыстық жаттығуларды орындау. -к-к-к-коян -кі-кі-кі – түлкі -а-а-а- аю -ыр-ыр-ыр – каскыр. **(қазақ тілі)**	Отбасы туралы мақал – мәтелдер айту: 1. Отан - отбасынан басталады. 2. Отбасы – шағын мемлекет. 3. Ата – бәйтерек. 4. Балалы үй – базар. **(сөйлеуді дамыту)**	Тіл ұстарту жаттығулары Ыс – ыс – ыс, Келіп жетті қыс. Ар – ар – ар, Жауапты қар. Яз – яз – яз Сақылдаған сары аяз. Ран – ран – ран, Соғады боран. На – на – на,

					Зулайды шана. **(қазақ тілі)**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Міндеттері:** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызын және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау,жоғары-төмен, қалың-жұқа). Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру,келісім білдіру, жеке басын құрметтеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Жұмбақ жасыру. 1. Қарда бар Мұзда жоқ, Жарда бар, Тұзда жоқ. (Р) 2.Алыста бар, Жақында жоқ, Алтында бар	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Сиқырлы гүл»** **Міндеттері:** қолдарын шынтақтың тұсынан бүгіп, екпінді тездетпей және баяулатпай қысқа-қысқа адымдармен біркалыпты жүгіруге үйретуді жалғастыру. Қос аяқпен екпінмен итеріліп, 5 жіптен кезекпен секіру және жерге аяқтың ұшымен жеңіл түсу, бойды тіктеп, табанды тіреп тұру қабілетін нығайту. Төрт аяқтап еңбектеу және заттар арқылы еңбектеп өту (жұмсақ модульдер) қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз. Үйлесімділік қабілетін, организмнің жалпы төзімділігін дамыту, дұрыс тыныстауға дағдыландыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Тізбекте бір-бірден жүру; баяу ырғақпен жүгіру – бір минут; мұрын арқылы дем алу, қарқын мен адымдардың ырғағын сақтау. «Гүлдер» – ойын түріндегі гимнастика. Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындау: 5 сызық арқылы (бір-бірінен 0,5 метр қашықтықта орналасқан 5 жіп) қос аяқпен секіру. Жерге түскеннен кейін табанын толық басып, бойын тіктеу қабілетіне назар аударады. Тәрбиеленушілер қозғалысты бастауға арналған сызықтардың жанында сапқа тұрады. Екі аяқпен 5 арқан арқылы ретімен секіреді және оз тізбегіне барады. Тынысты тоқтатпай жеңіл	**Музыка** – пән жетекшісінің жоспары бойынша. **Міндеттері:** Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге, өзі мен құрдастарының жауабындағы қателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырата білуге және дұрыс жауабын ұсынуға, бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға, бір-бірімен еркін диалог құруға, еркін талқылауға мүмкіндік беру. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. Композицияны құрастыру кезінде заттардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру.Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде, қабылдау оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Жұмбақ шешу. Шанамен сырғып желдетіп, Шаңғы, коньки тебемін, Аққала жасап ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? (Қыс)	**Міндеттері:** Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту. Балалардың түрлі әрекеттерінде өлеңдерді тыңдауға,қызығушылыққа баулу. Қысқа өлеңдерді жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға баулу. Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.Сандарды реті бойынша атауға «Нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға баулу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын жаттығу: «Бұзылған қуыршақ». Шарты: Балалардың тыныс алуы мен демін сыртқа шығару. Гажайып сәт: Қонаққа екі қуыршақты алып келу. – Балалар, ең алдымен бізге қонақ келсе не істейміз? – Балалар, амандасудың да көптеген түрлері бар? – Ендеше, біз екі қонағымызды төрге шығарайық. – Балалар, екі қыз апалы-сіңілі екен. Ягни екеуі де бір үйдің қызы екен. Енді осы екі қызға қарап отырып, шағын әңгіме	**Міндеттері:** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету. Балалардың түрлі әрекеттерінде әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Табиғат құбылыстарының атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу. Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ туралы түсініктерді бекіту. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Музыкалық-ырғақты қимылдарды орындау. Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Шаттық шеңбері: «Аппақ, аппақ дала» – Балалар, шаттық шеңберімізде не туралы айтылды? Қыс мезгіліне байланысты суреттер. - Суретте жылдың қай мезгілі бейнеленген? - Қыста не жауады? - Қыста қалай киінеміз? - Суретте балалар не істеп жүр? Бүгін ақын Абдрахман Асылбековтың «Қыс» өлеңімен танысамыз. «Қыс» өлеңін мәнерлеп оқу.

	Күмісте жоқ (Л) Екі дыбыстың айтылу артикуляциясын бірге жасайық. «Р» дыбысын айтқан кезде жоғарғы,төменгі тістер арасы алшақ келеді. Тілдің ұшы қызыл иекке көтеріледі. Тіл мен таңдай арасындағы ауа толқыны еркін өтеді,тілдің шет жақтары азу тістерге жабысып тұрады. Шыққан ауа ағымы қатты бағытты болып дірілдейді. «Л» дыбысын айтқан кезде ерін ашық,тілдің ұшы жоғары күрек тіске жақын орналасады.Тіл бүйірлері азу тіске тимейді,содан дем шығатын қуыс қалады. «Р, Л» дыбыстарын бірнеше рет қайталау. Р мен Л дыбыстары қандай дыбыстар? Даусты ма,даусыссыз ба? Мысал келтіру. Жолбарыс қалай ырылдайды? Р-р-р-р-р-р-р-р Тіл ұстарту жаттығулары: 1.Ла,ла,ла-бұл әдепті бала, Лу,лу,лу-біздің Нұрай сұлу. 2.Ра-ра келді ара Ла-ла араның үсті ала. Рррррр, Ллллл дыбыстарын бірге қайталау. **(сөйлеуді дамыту,қазақ тілі)** Ойын: «Кім шапшаң?» Шарты: суреттерді құрастыру арқылы нешін суретінің шыққанын,қандай дыбыстан басталатынын айтып, қағаз бетіне суретті орналастыру. **(құрастыру,жапсыру)** Көз бұлшық еттерін қатайтуға арналған жаттығуларды бірге орындау. Көздерін 2-3 секундтан айналдырады. Көзбен шеңбер жасайды. (бір жақтан екінші жаққа). Көздерін жоғары көтереді, төмен түсіреді. Көздерін оң жаққа, содан кейін сол жаққа бұрады.	секіруге тырысады. Екі аяқпен екпінді түрде итеріледі. Аяғының ұшымен түседі, жерге түскеннен кейін түзеледі, бүкіл табанымен тұрады. Модульдер арқылы өрмелеп өту. Ойын түріндегі жаттығу: «Ең жылдам». Модуль арқылы өрмелеп өткенде аяқ пен қолды ізбе-із қимылдату қажеттігін балалардың есіне салады. Тәрбиеленушілер залдың бір жағына қатарға тұрады. Педагог есімдерін атаған балалар сызыққа жақындайды, төрттағандап тұрады және педагогке қарай еңбектейді, модульдерден еңбектеп өтеді. Жаттығуды орындағаннан кейін залдың қарама-қарсы жағына педагогтің қасындағы қатарға тұрады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қарлығаш». Айналдыратын шеңберлерді залдың әр жеріне тастайды. Жүргізуші ролін орындау. Қорытынды кезең (Рефлексия). Ойынды тренинг: «Тыныштықты тыңдаймыз». Тәрбиеленушілер денелерін еркін қалыпта ұстап кілемде отырады, тыныштықта не естігендерін қиялдайды. **Қазақ тілі** **Міндеттері:** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету. Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Қоршаған ортадағы заттар мен жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының атауларын	Аңдардың,үй жануарларының қысқы мекені туралы әңгімелесеміз.Аңдардың қысқы тіршілігін бақылау үшін орманға саяхатқа барамыз. Ол үшін біз шанамызға мініп, жолға шығамыз. **(дене шынықтыру)** -Ал балалар сендер қыста тонасындар ма? -Олай болса жануарларда қыста тонады екен. Слайд орманға саяхат: Қасқыр,қоян,түлкі қыска азық қорын дайындамайды.Олар қысқы ұйқыға кетпейді,себебі өздеріне көрек таба алады. Қасқыр-ірі жыртқыш.Ол бұғы,қоян және басқа аңдарды аулайды. Түлкі қар астынан тышқан ұстап жейді.Кейде ол тауық қорға да түсіп,зиян келтіреді.Қоян,бұғы, еліктер қыста ағаш бұтағы,бұтаны және қар астында құрап қалған шөптерді көрек етеді. Жұмбақ шешу. Ырғып қозғалатын қоркақ,құйрығы бір тұтам,құлағы сала құлаш,киімі екі түрлі. Бұл қандай аң? (Қоян) Халық қу деп, Қылығы күлкі, Айласы көп Бұл қандай аң? (Түлкі) Ал мына сурет туралы не айтуға болады? Түлкі -өте иісшіл,сақ құлақ,қырағы көз аң. Қасқыр,түлкі сөздерін қайталау. Міндеті: «Р», «Л» дыбыстарына тілдерін жаттықтыру. Рррррррр,лллллллл. Қосымша түсініктер: Түлкі -өте иісшіл,сақ құлақ,қырағы аң. Ұйқыға кететін жануарлар:аю, бақа, борсық, тышқан, кірпі. **(сөйлеуді дамыту,қазақ тілі)** -Жануарлардың ұйқыда болу мерзімі бірдей емес кейбіреуі қыста мезгіл-мезгіл сыртқа шығып қайта келіп жатып жүреді. «Бұл қашан болады?» ойынын ойнаймыз. Ойын шарты: Тәулік бөлігіне байланысты әр түрлі суреттерді	құрастырайық. Әңгіме: «Айгөлек пен Айгүл» Бір үйде Айгүл деген қыз болыпты. Айгүлдің ақ түсті көйлегі, қызыл камзолы болыпты. Айгүл қазақтың ұлттық киімін киіп алыпты,бірақ басына кимепті. Қарандаршы қандай әдемі? Сендерде қазақтың ұлттық киімін кигенді ұнатасындар ма? – Біздің ұлтымыз қалай аталушы еді? – Ал біз қандай Республикада тұрамыз? – Біздің жеріміз қандай? – Біз туған жеріміздің, Отанымыздың жақсы көреміз бе? – Біздің жерімізде басқа ұлт өкілдері тұрады. – Біз барлық ұлт өкілдерімен бірге тату-тәтті өмір сүріп жатырмыз. – Ал енді балалар, бізге келген екі қуыршақ қызға екі топқа бөлініп әдемі сәукеле жасап берейік. 1 топ: Сәукеленің суретін салу. **(сурет салу)** 2 топ: Ұлттық бас киімді қағаз бетіне орналастыру. **(құрастыру,жапсыру,мүсіндеу)** Балалар сендер халық әні: «Айгөлек» әнін білесіндер ме? Сергіту жаттығуы: «Айгөлек» **(музыка)** – Балалар, енді сендер Айгөлек пен Айгүлдің ауылына барғыларын келеді ме? – Бәлеше барлығымыз көз жұмамыз. Балалар көз жұмып, көз алдарына қысқы ауылды елестетеді. Көз жұму әдісі: Қысқы ауыл бейнесін елестету. – Балалар, елестеттіңдер ме? Қыс мезгілінде үйлеген бораннын дауысын бірге қайталайық. Желдің дыбысы қалай? **(қазақ тілі)** Айгөлек пен Айгүлдің отбасында атасы, әжесі, ағасы, жеңгесі, әпкелері, інілері бар екен. Сонда олар үлкен отбасылы ма,әлде кіші отбасылы ма? «Отбасы мүшелерін сызық арқылы және ретімен орналастыр, орналастыру себебін түсіндір» тапсырмасын орындау.Логикалық	**(сөйлеуді дамыту)** Сөздік жұмыс: қалтырайды - тонады. Сергіту сәті: «Ұзын құлақ сұр қоян» **(музыка)** Сұрақ-жауап арқылы оқылған өлең шумақтарын әңгімелеу: - Өлең не туралы? - Қыс қандай? - Құс не істейді? - Қандай түспен бақша-бауды, тауды бояйды? **(қазақ тілі,көркем әдебиет)** Ойын: «Сандарды салыстырру. Алыс-жақын» Шарты: тапсырмаларды орындау. **(математика негіздері)** Қағаз бен мақтаны пайдалану арқылы қар жасау.Жұмыс барысын түсіндіру. **(құрастыру,жапсыру)** Педагог балаларға жасаған қармен ойнауды ұсынады. Ойын: «Қар жинау» Ойынның шарты: педагог себеттегі қарды ортаға шашады, ал балалар жинайды. Кім көп жинайды, сол жеңімпаз аталады. **(дене шынықтыру)**

	1-2 минут ішінде тез-тез көзін ашып жұмады. Көзді 30 секундтық интервалмен ашу және жабу. Көзбен геометриялық фигуралардың суретін салу (шеңбер, шаршы, үшбұрыш). Алдымен сағат тілінің бойымен, кейін сағат тіліне қарсы. Үлестірмелі материалмен жұмыс. Таяқшалар салынған тәрелкені жақындатып,сұрау. Таяқшалардың түсі қандай? Әр түстен неше таяқша бар? Енді әр түсті өз алдарына бөліп алып, оларды әртүрлі пішіндер шығатындай етіп қойып шығыңдар! Ал енді таяқшаларды тағы бір рет санап шығыңдар. Әр пішінге неше таяқшадан келді? Педагог таяқшалар әртүрлі орналасқанымен олардың тең, үш-үштен екенін түсіндіреді. Олардың саны тең екенін қалай дәлелдейміз? Тапсырмаларды орындау. 1-тапсырма: Шеңбердің ішінде неше кесе бар? Шаршының ішінде неше кесе бар? Олар туралы не айтуға болады? 2-тапсырма: Төмендегі жолаққа жоғарыда қанша болса, сонша дөңгелек салыңдар? Балалар дөңгелектердің саны туралы не айтасыңдар? **(математика негіздері)** 3-тапсырма: Сол жақтағы қонжықты сары қарындашпен, оң жақтағысын қоңыр түспен бояңдар? Сол жақтағы қонжықтың шарлары қандай геометриялық пішіндерге ұқсайды? Оң жақтағы қонжықтың сол жағына үлкен шардың және оң жағына кішкентай шардың суретін салыңдар.**(сурет салу)** Венгр халқының «Екі сараң қонжық» атты ертегісін оқып беру,әңгімелеу,талдау,сахналау. **(көркем әдебиет)** **Музыка** – пән жетекшісінің	білдіретін создерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, ретті сан есімдерді атау, сандарды ретімен бойынша атауға «Нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, тендік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру. Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Ермексазды қолданып, бейнелерді мүсіндеу, заттардың толық пішінін пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту. Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар қонжық ненің баласы? Ол қайда мекендейді?	ажыратып қойып шығу. **(математика негіздері)** - Ал енді балалар бізге балабақшамызға қайту керек. Енді шанамызға отырып көзімізді жұмамыз да жолға аттанамыз. Топқа оралу: Үй жануарларының суретін көрсету,қысқы тіршілігі туралы түсіндіру. Сұрақтар қою: Қандай үй жануарларын білесіңдер? Түйе үй жануары ма, әлде дала жануары ма? Ал үй жануарлары қалай қыстайды? Олардың қандай пайдасы бар? Қыста үй жануарлары немен қоректенеді? Сиырдың адамға пайдасы? Жылқының адамға пайдасы? Иттің адамға қызметі? Мысықтың адамға қызметі? Үй жануарлары мен жабайы аңдардың төлін ажырата білесіңдер ме? Ойын: «Төлін тап» Шарты: Луллия сақиналарын біріктіру арқылы үй жануарлары мен жабайы аңдардың төлдерін табу. **(құрастыру)** Екі топқа бөліну,композиция құрастыру. 1 топ: «Үй жануарлары» Шарты: қағаз бетіне үй жануарларын орналастыру,азығының суретін балалардың қалауы бойынша мүсіндеу,суретін салу. 2 топ: «Жабайы жануарлар» Шарты: қағаз бетіне жабайы жануарлардың суретін орналастыру,азығының,іздерінің суреттерін балалардың қалауы бойынша мүсіндеу,суретін салу. **(сурет салу,жапсыру,мүсіндеу)** «Мысық пен қоян» ертегісін тамашалау,өз ойларымен бөлісу,қорытынды сұрақтар қою. -Үй жануарларына не жатады екен? -Жабайы аңдарға не жатады екен? **(көркем әдебиет,қоршаған ортамен таныстыру)**	есептерді орындау. **(математика негіздері)** **Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Біз өстік»** **Міндеттері:** қозғалыс қарқынын сақтауға, аяқты өкшеден басып, ұшына түсіруге үйретуді жалғастыру. Түреген түрған күйі допты бастан асырып алысқа лақтыру, қолды сілкіп түзету арқылы допты күшпен дақтыру қабілетін дамыту. Төбеге қапшық қойып, гимнастикалық орындықпен дене сымбатын бұзбай жүру, сколиоздың алдын алу. Спортпен шұғылдануға тәрбиелеу, салауатты өмір сүруге дағдыландыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын түріндегі жаттығу: «Жинақылыққа үйренейік». Бір-бірден сапта жүру, баяу қарқынмен жүгіру – бір минут; мұрын арқылы тыныс алу, жүгіргенде адымдардың қарқыны мен ырғағын сақтау. Демді қалпына келтіру. Доппен жалпы дамытатын жаттығулар орындау. Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындау: Ойын түріндегі жаттығу: «Епті боламыз». Тәрбиеленушілер залдың бір жағына екі қатарға тұрады. Қатар бойынша допты қарсы әдіспен лақтырады. Бір орында түреген тұрып допты бастан асыра лақтыру. Нұсқау: бүтілген қолдарын екпінмен түзетеді, доптың соңынан тек белгі берілгеннен кейін ғана жүгіреді, залды сол және оң жақтан айналып өту. Ойын түріндегі жаттығу: «Әдемі болайық». Қолын белге таянып, төбесіне қапшық қойып, гимнастикалық орындық үстімен жүру. Қапшықты құлатып алмас үшін дене мен басты тік ұстауға назар аудару. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Орманға аюға қонаққа бардым». Ойын тәртібін түсіндіру, санау әдісі арқылы «аюды» таңдап алу, «аю»	

	жоспары бойынша. **Дене шынықтыру (таза ауада)** **Тақырыбы: «Шаңғымен сырғанап жүреміз»** **Міндеттері:** шаңғымен адымдап жүруге үйрету. Жолмен сырғанау дағдысын бекіту. Динамикалық тепе-теңдікті және қимыл үйлесімділігін дамыту. Спортпен шұғылдануға және салауатты өмір салты машықтарын тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Жүру. Алаңның шетімен баяу жүгіру 1 минут. Тыныс алуды қалпына келтіру. Жүру, шеңберге қайта тұру. Шаңғыда тұрып дайындық жаттығуларын жасау: 1. Бір орында шаңғыны қарға басып тұрып, шаңғының ұшын жоғары және төмен қозғалту. 2. Бір орында шаңғыны қарға басып тұрып шаңғыны оңға, солға қозғау. 3. Шаңғыны параллель қоя отырып, оңға, солға нық қадам жасау. Шағын топтар болып шаңғымен жүру. Шаңғы жолымен қозғалу – 30 метр: аттай отырып, 10 метр жүреді, («ат сияқты»); кеңінен сырғанай отырып 10 метр жүреді («аңшы» байқап қалмас үшін түлкі сияқты), 1- адым екпіндеп барып жүгіреді және 10 метр сырғанайды («түлкілер аңшыдан қашып барады»). «Кім алысқа барады?» – тәрбиеленушілер жан-жаққа қашады, кім сызықтан алысқа сырғанайды. Қорытынды кезең (Рефлексия). Шаңғының айналасында жүру және жүгіру.	Қысқы орманға саяхат жасағыларың келеді ме? Көздеріңді жұмып орманды елестетейік,нешін дауысын естіп тұрсыңдар? (Үнтаспадан жабайы жануарлардың,құстардың дауысын қою). Орманда не көрдіңдер? Жануарларға тиісуге болады ма? Қандай құстарды білесіңдер? Суретпен жұмыс. Тоқылдақ қандай құс? Дыбыстық жаттығу: Ток-ток-тоқылдақ-то-қылдақ. Қысқы орманда қандай жануарлар болмайды? Аю азығын қалай дайындайды? Қоян қандай аң? Қоянның құлағы қандай? – Балалар, қоянның түсі қандай болады? Қоян,көжек сөздерін жекеше,көпше түрде айту,дыбыстық талдау жасау. **(сөйлеуді дамыту,қазақ тілі)** Екі топқа бөлініп жұмыс істейміз. I топ. «Қояндар» тобы оң жаққа отырамыз. II топ. «Көжектер» тобы сол жаққа отырамыз. I топ: Ақ түсті ермексаздан үлкендеу қоянды мүсіндейді. II топ кішірек етіп қоянның кожегін мүсіндейді. **(мүсіндеу)** Ойын: «Салыстыр» Шарты: бірінші қатарға үш қоянды,екінші қатарға бес көжекті қойып салыстыру,санау,үзік сызықтарды қосу арқылы суретін салу. **(математика негіздері,сурет салу)** Ойын: «Жалғастыр» Шарты: педагог жануарларды,құстарды		балаларды киімінен тартпай, оларға тек қолының ұшын тигізуге тырысады. Қорытынды кезең (Рефлексия). «Мен ... » жаттығуы. Шеңберде тұрады. Еркін дем алады, демін мұрын арқылы асықпай шығарады. Өздерін әртүрлі бір жануардың немесе адамның орнында сезінеді: Мен арыстандай айбаттымын.	

		атаса,ол жануардың,құстардың қимылын,көлемін атайды. Мысалы: аю- (үлкен),,түлкі (кішкене),құстар (ұшады), қасқыр (жүгіреді). «Ұзын құлақ сұр қоян» музыка әуенімен ойынды жалғастыру.**(музыка)**			
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесуге тәрбиелеу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**)				
Серуен	**№ 6** **Қардың тереңдігін бақылау** **Міндеті:** Балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және әр жерде қар қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс:** Жұмбақ Көктен түсіп көбейді, Үқсайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар). **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын:** **«Ақшақарды ізде»** **Міндеті:** Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Тәрбиешіге көмектесу** **Міндеті:** Қар тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), кардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**№ 7** **Тайғанақты бақылау** **Міндеті:** Тайғанақтың пайда болу жолдарын түсіндіру. Ауа райы тез жылынғанда,ілезде аяз болып, одан кейін болатын құбылыс тайғанаққа айналатынын түсіндіру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Ұзын жол бойында»** **Міндеті:** Мұз жолы бойынша тайғанақтау кезінде тепе-теңдікті сақтауға үйрету. Жарыстарға қатысуға ынталандыру. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Балалармен жеке жұмыс:** Жұмбақ шешу. Отқа жанбайды, Суға батпайды. (мұз) **Коммуникативтік дағды** **Еңбек: Жолға құмды тогу** **Міндеті:** Жолға құм төгу-еңбектің себебін балаларға түсіндіру. Өз еңбегінің нәтижесін көруге үйрету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**№ 12** **Ауа райына қарай қардың өзгеруін бақылау** **Міндеті:** Жылы күндері жауған қар жабысқақ болады, қар жабысқақ, аққала жасауға ыңғайлы туралы болатынын балаларға түсіндіру, ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайтынын атап өту. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың озгеру себептерін тереңдете түсіндіру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс:** Болжау Аязды күні қар жауса – күн жылынады. Суықтан қорықпа – суық сумен жуын. Мақал-мәтел Қыс қандай болса, жаз да осындай. **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Бәйге»** **Міндеті:** Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету. Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Қардан жолды тазартуға тәрбиешіге көмектестіру.** **Міндеті:** Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу. **Тәжірибе:** Қардың қасиеттері. Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады. Қарға су құйсаң, одан қаршық жасауға болады. Қар дымқыл әрі	**№ 13** **Күннің ұзақтығын бақылау** **Міндеті:** Күн қысқа,түн ұзақ,соған назар аудару. Балалардың создік құрамына көніл болу, табиғатқа қызығушылығын арттыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс:** Мақал-мәтел. Егер жұмыс болмаса, кешке дейін күн де ұзақ. **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Бермеймін»** **Шарты:** Қалың қар үстінде шеңбер жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі бойынша өзіне тартып қалады. **Міндеті:** Балаларды күшті болуға, шыдамдылыкпен ойын ережесін бұзбауға тәрбиелеу. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** Еңбек: Ауланы түскен бұтақтардан жинастыру. **Міндеті:** Әр баланың еңбекке жүйелі қатысуын қамтамасыз ету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**№ 14** **Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай болатынын бақылау** **Міндеті:** Қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аударту. Қар басқан ағаш бұтақтары майысып тұратынын, ол қалың қарды ақырындап түсіру керек екенін түсіндіру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс:** Мақал-мәтел. Желтоқсанда қыс ақ мамық төсейді. Ал аяз өзен арқылы көпірлер тұрғызады. **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Аю апанында»** **Міндеті:** Әртүрлі бағытта балаларды жүгіруге, жылдам қозғалуға үйрету. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Бұтақтарды қардан сілкіп тазарту** **Міндеті:** Балаларға ағаштарды ажыратуды үйрету. Олардың эстетикалық танымын байыту. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**

			жабысқақ, болады. **Қорытынды** Бұдан біз қардың дымқылдығынан қар әдемі тұтас түрде болатындығын байқадық. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**		
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті)**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сыртқа келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз» Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу,ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) **(коммуникативтік әрекет,мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**	«Екі аяз» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. **(Көркем әдебиет)**	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**	«Ақ тиін мен қасқыр» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату **(Көркем әдебиет)**
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	1.Жалпы жетілдіру жаттығуы: Балалар төсекте жатып, бастарын оңға, солға бұрады. Балалар төсекте жатып, қолды екі жаққа созу, жұдырықтап жұму. Балалар төсекте жатып, велосипед тебу. Қолтырауын болып, бір қырынан төсек үстінде аяқ - қолды созу. Балалар төсекте отырып, бір - біріне қарап сәлемдесу. 2.Тыныс алу жаттығуы: Ку - ка - ру, ку - ка - ри – ку, ку - ка - ри - ку. 3.Табанды шынықтыру массаждары: Табанға арналған денсаулық кілемшелерімен жүру. 4. Жуыну жолдары. Таза суды сүйемін Тап-таза болып жүремін Мұрын, ауыз қолымды Күнде жуып жүремін. 5.«Денсаулық» жолымен жүру.				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)**				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	«Мен кіммін?» әңгімесін оқу талдау. Суретпен жұмыс. Аюдың баласын қалай атаймыз? Аю қайда өмір сүреді? Ойын: «Кімнің жұмысы әдемі шықты?» Шарты: қонжықты мүсіндеу,өзара талқылау,өз ойларымен бөлісу. **(қоршаған ортамен таныстыру,мүсіндеу)**	«Түлкі мен қоян» ертегісін оқып беру,талқылау. Оқылған ертегіні қағаз бетіне орналастыру,жасаған жұмыстарын кімнің жасағаны туралы толық айтып беру,көрме ұйымдастыру. **(көркем әдебиет,құрастыру, жапсыру,қоршаған ортамен таныстыру)**	**Адаптивтік бағдарлама** **Тақырыбы:** «Қыс келбеті» Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдері туралы түсінігін бекіту. Қыс ерекшелігін сезіне білуге тәрбиелеу. Назарын аяз орнектеріне, қырауға аудара отырып, оның қалай пайда болғанын құрамын түсінуге ынталандыру. Әсемдікті қабылдай білу қабілетін тәрбиелеу. **Барысы:** Шаттық шеңбері №27 Құрышақ Әйгерім келеді. Мен қыс туралы ештеңе білмейді екенмін.	Тақпақ: «Отбасы» (М.Қуанышбеков) (Әдіс: отбасы мүшелерінің суреттерін көрсету арқылы тақпақты жаттату). **(көркем әдебиет)**	«Мен өсіп келемін» тақырыбында балалармен әңгіме жүргізу,санамақтар жаттау. Міндеті: Өзінің атын,тегін,жасын,жасаған жұмысын әңгімелеп беруге үйрету. **(қоршаған ортамен таныс** Ойын: «Мен жасай аламын» Шарты: балалар өз қалаулары бойынша аққаланың суретін салады,мүсіндейді. (сурет салу,мүсіндеу)

			маған қыс туралы айтып бересіндер ме? - қазір жылдың қандай мезгілі? -қыс мезгілінде ауа - райында қандай өзгерістер болады? - Қыс мезгілінде адамдар қалай киінеді? - Қыста қандай ойындар ойнаймыз? Қыс туралы тақпақ жаттау. О, алақай қыс келді, Бізге қуаныш әкелді. Дала қарға оранды, Бала біткен қуанды. Д/о: «Жыл мезгілдерін ата» Мақсаты: Жыл мезгілін сипаттау арқылы , дұрыс жауап бере білуге үйрету. Сұрақ-жауап арқылы қорытындылау.		
Балалармен жеке жұмыс	**Есен Айзеремен жеке жұмыс** Құрылыс бөлшектерін ажыратуды және атауды, оларды құрылымдық қасиеттерін ескере отырып пайдалана білуді үйрету. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**	**Сағидулла Нұрсеіммен жеке жұмыс** Еңбек етуге қызығушылық танытуды қалыптастыру. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**	**Серіков Амирмен жеке жұмыс** Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**	**Есен Айзеремен жеке жұмыс** Шаманы салыстыруда үстіне және қасына қою тәсілдерін қолдануды үйрету. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)**	**Сағидулла Нұрсеіммен жеке жұмыс** Туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздерді, өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айта білуге үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**
Серуенге дайындық	Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. **(сойлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**				
Серуен	№ 6	№ 7	№ 12	№ 13	№ 14
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы, киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру.				
Балалардың үйге қайтуы	Баланың бүгінгі жетістігі,бала денсаулығы мен тамағы жөнінде ата-аналармен әңгімелесу.	Ата-аналарға үйде баламен бірге ертегілер кітабын бірге қарауға кеңес беру.	«Ата-аналар балалар ауырмау үшін не істеу керек?» кеңес беру.	Ата-аналарға апта бойына жүргізілген жұмыстар бойынша ақпарат беру.	Ата-аналарға демалыс мезгілінде қазақ халық ертегілерін оқып берулерінс ұсыныс білдіру.

Тәрб: Шың

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Топ: «Күншуақ» ересек жас тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 13 – 17 қаңтар 2025 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау. Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. **(музыка, дене белсенділігі)** Гимн айту.	Балаларды қабылдау, балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу. **«Бұл қандай ертегі?» Міндеті:** Ертегілерді атауға, әр түрлі суретпен берілген ертігілердің бөлігін тауып, құрастыруға үйрету. Ұқыптылыққа, шапшаңдылыққа үйрету. **(сөйлеуді дамыту)**	Түрлі –түсті шармен қарсы алу. Міндеті: Балаларға жақсы көңіл – күй сыйлау. **(Музыка)**	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. **(сөйлеуді дамыту)**	Көңілді әуенмен қарсы алу. Міндеті: Балалардың көңілін көтеру. **(Музыка)**
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Баланың киім киіп үйренуі туралы әңгіме жүргізу.	Баланың қалай бейімделіп,не үйреніп жатқаны туралы әңгіме.	Баланың үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Суретті ретімен орналастыр» Міндеті: Заттарды топтастыруға жаттықтыру,өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру,ойлау қабілетін дамыту. **(қоршаған ортамен танысу, математика негіздері)**	«Бұл қандай ертегі?» Міндеті: Ертегілерді атауға,әр түрлі суретпен берілген ертігілердің бөлігін тауып,құрастыруға үйрету.Ұқыптылыққа,шапшаңдылыққа баулу. **(сөйлеуді дамыту, құрастыру)**	«Жалпы атауын ата» Міндеті: суреттердің жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шешуге және әңгімелеп беруге үйрету. **(математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)**	«Бөлігін тап» Міндеті: алдарындағы суреттің пішіндерін дұрыс орналастыруға үйрету, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **(математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)**	«Кім жылдам?» Міндеті: Балаларды түстеріне қарай шапшаң топтастыруға үйрету.Қалаған пішіндерін ермексазлың көмегімен жасауға ұсқау беру. **(дене шынықтыру, мүсіндеу)**
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығулар кешені №10				
Таңғы ас	Бата беру Астарыңа адалдық бересің! Бастарыңа амандық бересің! Дендеріңе саулық бересің! Әумин!				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**«Не қайда өмір сүреді?» Міндеті:** Суреттен көрген заттарының аттарын атап, олардың қайда өмір сүретінін айтқызу. Сөздік қорын молайту. **(қоршаған ортамен танысу)**	«Ұқсас суретті тап» Міндеті: Балалардың ой-өрісін дамыту,зейінділігін арттыру. **(қоршаған ортамен танысу)**	**«Қолғаптың сынарын тап!»** Міндеті: Балаларға оң мен солды ажыратуға,түстер бойынша топтастыруға үйрету. **(математика негіздері,қоршаған ортамен танысу)**	**«Тез жауап бер»** Міндеті: Балаларды жіктеуге, салыстыруға, жалпылауға жаттықтыру. Құстар, андар туралы білімдерін бекіту. Сан мен сын есімді зат есіммен сәйкестендіруге жаттықтыру. (сөйлеуді дамыту)	**«Дәл осылай құрастыр»** Міндеті:үлгі бойынша жұмыс жасау,қол моторикасын дамыту,түстерді ажырату. Көрнекіліктер: карточкалар және санамақтар. **(математика негіздері)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Міндеттері:** Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту. Шығарма мазмұнын дұрыс	**Дене шынықтыру Тақырыбы: Африкаға саяхат. Міндеттері:** Аяқты кезекпен қойып	**Міндеттері:** Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін	**Денешынықтыру Тақырыбы: Жас орт сөндірушілер.**	**Міндеттері:** Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті бетінше қарап, сипаттауға,

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Топ: «Күнщуақ» ересек жас тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 13 – 17 қаңтар 2025 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау. Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. **(музыка, дене белсенділігі)** Гимн айту.	Балаларды қабылдау, балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу. **«Бұл қандай ертегі?» Міндеті:** Ертегілерді атауға, әр түрлі суретпен берілген ертегілердің бөлігін тауып, құрастыруға үйрету. Ұқыптылыққа, шапшаңдылыққа үйрету. **(сөйлеуді дамыту)**	Түрлі –түсті шармен қарсы алу. Міндеті: Балаларға жақсы көңіл – күй сыйлау. **(Музыка)**	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жекс пікірін білдіруге тарту. **(сойлеуді дамыту)**	Көңілді әуенмен қарсы алу. Міндеті: Балалардың көңілін көтеру. **(Музыка)**
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	Ата-аналармен әңгіме: Баланың киім киіп үйренуі туралы әңгіме жүргізу.	Баланың қалай бейімделіп,не үйреніп жатқаны туралы әңгіме.	Баланың үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Суретті ретімен орналастыр» Міндеті: Заттарды топтастыруға жаттықтыру,өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру,ойлау қабілетін дамыту. **(қоршаған ортамен танысу, математика негіздері)**	«Бұл қандай ертегі?» Міндеті: Ертегілерді атауға,әр түрлі суретпен берілген ертігілердің бөлігін тауып,құрастыруға үйрету.Ұқыптылыққа,шапшаңдылыққа баулу. **(сөйлеуді дамыту, құрастыру)**	«Жалпы атауын ата» Міндеті: суреттердің жалпы атауын бір сөзбен ойлана отырып шешуге және әңгімелеп беруге үйрету. **(математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)**	«Бөлігін тап» Міндеті: алдарындағы суреттің пішіндерін дұрыс орналастыруға үйрету, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **(математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)**	«Кім жылдам?» Міндеті: Балаларды түстеріне қарай шапшаң топтастыруға үйрету.Қалаған пішіндерін ермексаздың көмегімен жасауға нұсқау беру. **(дене шынықтыру, мүсіндеу)**
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығулар кешені №10				
Таңғы ас	Бата беру Астарыңа адалдық берсін! Бастарыңа амандық берсін! Дендеріңе саулық берсін! Әумин!				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**«Не қайда өмір сүреді?» Міндеті:** Суреттен көрген заттарының аттарын атап, олардың қайда өмір сүретінін айтқызу. Сөздік қорын молайту. **(қоршаған ортамен танысу)**	«Ұқсас суретті тап» Міндеті: Балалардың ой-өрісін дамыту,зейінділігін арттыру. **(қоршаған ортамен танысу)**	**«Қолғаптың сынарын тап!»** Міндеті: Балаларға оң мен солды ажыратуға,түстер бойынша топтастыруға үйрету. **(математика негіздері,қоршаған ортамен танысу)**	**«Тез жауап бер»** Міндеті: Балаларды жіктеуге, салыстыруға, жалпылауға жаттықтыру. Құстар, аңдар туралы білімдерін бекіту. Сан мен сын есімді зат есіммен сәйкестендіруге жаттықтыру. **(сойлеуді дамыту)**	**«Дәл осылай құрастыр»** Міндеті:үлгі бойынша жұмыс жасау,қол моторикасын дамыту,түстерді ажырату Көрнекіліктер: карточкалар және санамақтар. **(математика негіздері)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Міндеттері:** Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту. Шығарма мазмұнын дұрыс	**Дене шынықтыру Тақырыбы: Африкаға саяхат. Міндеттері:** Аяқты кезекпен қойып	**Міндеттері:** Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін	**Денешынықтыру Тақырыбы: Жас орт сөндірушілер.**	**Міндеттері:** Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға.

қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып салу. Ұсақ элементтерді алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.

Құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шиқылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы , олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, су, жылу, жарық, мекендейтін о

Ұйымдастырылған іс-әрекет:рының анықтау.

Жылжымалы суреттермен ойын: «Аулада»

Жаңа сөздермен таныстыру.

-Балалар мынау-аула

Аула сөзін қайталату

Үнтаспадан жануарлардың даусы естіледі. Балалар дауысы бойынша ажыратып жануарды атайды.

- Балалар сендер ертегі тыңдағанды ұнатасыңдар ма?- Олай болса қазір қиял-ғажайып еліне саяхаттап, серуенден емес, қиялдап, көзімізді жұмып барамыз. Қәнекей бәріміз көзімізді жұмайық. *(Сиқырлы әуен ойналады)* - Балалар біз қиял-ғажайып еліне жеткен сияқтымыз, көзімізді ашайықшы. - Сендер тыныш отыра тұрыңдар, мен барып мына тұрған үйшікті қағып көрейін.

- Тук-тук, кім бар екен? - Мен бармын. - Сіз кімсіз?

- Мен қиял-ғажайып еліндегі ертекші әжеймін. -

Ооо, жақсы болды ғой. Біздің ертегі тыңдағымыз келеді. Сіз бізге "Үй құстарына" байланысты ертегі айтып бересіз ба? -

Сендер мені мұқият отырып

гимнастикалық қабырғамен жоғары және төмен өрмелеу, қол мен аяқты үйлестіріп қимылдату қабілетін шығайту. Кеңістікте бағдарлау қабілетін, организмнің жалпы төзімділігін дамыту, анық және ырғақпен қозғалуға үйрету, өзге балалармен үйлесімдікімылдау

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті:

Ойындық сәт: маймыл бізге қонаққа келді. Ол өз Отанынан суреттер ала келіпті. «Африка» тақырыбында слайдтар көрсету. Маймылмен бірге «Африкаға» саяхатқа аттануға шақырады. Саяхаттың адам денсаулығы үшін де пайдасы зор екенін түсіндіреді. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ұшақтар». Джунглидегі жолдарды үлгілеу; тізені жоғары көтеріп жүру, еденге тасталған баспалдақ (саты) арқылы аттап өту, бұралаң жолмен жүгіру, аяқтыңұшымен жүру.

Жаттығулардыңәдемі, ырғақпен орындалуына назар аударады. Гимнастикалық қабырғамен өрмелеу. Өрмелеу техникасын, аяқ пен қолдарды үйлесімдікімылдату қажеттігін еске салады.

Жаттығулар жеке-жеке орындалады. Ішіне құм толтырылған қапшықты оң және сол қолмен алысқа лақтыру. Бір-бірінің артына екіқатарға тұру. Қолдарды күшпен жазу. Қапшықты алға-жоғары лақтыру. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жұбыңды тап!». Ойын тәртібін еске салу

Қазақ тілі

Міндеттері: Қазақ тіліне тән қ, ұ, дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, үйрету. Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және, шығарма мазмұны

кеңейту. Түрлі материалдар олардың сапалары мен қасиеттері туралы білімін жетілдіру.

Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), сөздермен байыту.

құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын: «Сұрақ – жауап» Балалар бізде неше жыл мезгілі бар? Қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілінде біз қалай киінеміз? Қыс мезгілінде неше ай бар? Ай аттарын айтып беріңдерші? Бір аптада неше күн бар? Балалар сендер қай балабақшаға келесіңдер? Сендер балабақшаға қай уақытта келесіңдер? Қай уақытта қайтасыңдар? Сұрақтарға көп жауап берген топтарға жұлдызшалар беру? «Миға шабуыл» әдісі. Таң шапағы алаулап, Дала нұрға боялды, Мүлгіген бақ манаурап, Үйқысынан оянды. (таңертең) Бір ұяда жеті жұмыртқа (Апта) Алдымен қара тұлпар озық келер, Арғымақ мойнын созып кейін келер Соңынан боз арғымақ басып озып, Айналып бірін-бірі жүре берер, (Түн, таң, күн) Бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетімізде біз осы тәуілік бөліктерімен танысамыз. **(сөйлеуді дамыту,қазақ тілі)** Мен сендерге өлең оқып берейін мұқият тыңдаңдар. Бақшамызға барғанда Жолыққан бар жандарға Үйге кешке келемін Кеш жарық деп кіремін. Адамдардың таңертең, күндіз, кешке, түнде не істейтінін әңімелеп беру. **(қазақ тілі,математика**	құстарды қуады. Нұсқау: ойын кезінде айқайлауға, бір-бірін итеруге болмайды. Санамақтың көмегімен мысықты таңдап алады. Ата-аналарымен бірге шығыруға ынталандырады. Ойын түріндегі жаттығу: «Мықтылар!». Топқа оралу. **Қазақ тілі** **Міндеті:** Ұжымдық әңгімеге қатысуға,әңгімелесушінің сөзін бөлмей,кезекпен сөйлеуге,сюжетті сурет салу кезінде айырмашылықтарына мән беруге,қарапайым бейнені мүсіндеуге,композиция құрастыру кезінде көлемі бойынша арақатынасын ескеруді үйрету,теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарын қалыптастыру.Ұжымдық құрастыруға қызығушылық ояту, ыргақты би қимылдарын жасату, әнге қосылып айту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** «Адал дос» әңгімесін оқып беру. Балалардың пікірлерін тыңдау. Жаман жолдас әңгімесімен салыстыруды жетілдіру. Ата анамен баланың арасында достық бола ма? Неге олар бізге дос? Ал табиғаттың біз досы бола аламыз ба? Қалай? Сұрақтарын қоюмен жауап беруді дамыту. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет,қазақ тілі)** Балаларды орталықтарға бөліп шығармашылық жұмыстар жасату. Ертегі желісі бойынша суретті салу, иттің мүсінін жасату, суреттерден қиып ертегі желісі бойынша жапсырту. **(жапсыру,сурет салу, мүсіндеу)** «Ғажайып қоржыннан» шыққан заттардан жиын жасату. Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен кою арқылы олардың санамай-ақ салыстыру негізінде	- Ауылға апарғаны үшін әкелеріне алғыс айтасыңдар ма? **(сөйлеуді дамыту,коршаған ортамен танысу)** Тапсырма: – Гаражға кіріп бара жатқан көліктерді бояңдар. Біріншісін қызыл түспен, екіншісін сарымен, үшіншісін жасылмен. Сұрақ: – Гаражға барлығы неше көлік кірді? –Жасыл көлік гараждан нешінші болып шықты? –Ал қызыл ше? Машинаның пішіні қандай геометриялық пішіндерге ұқсайды? Геомертиялық фигураларды санау, салыстыру. Топта соған ұқсас заттарды табу, атап көрсету дағдысын дамыту **(математика негіздері)** Топтарға бөліну. 1 топ: Лего құрастыру ойыншықтарынан көліктерді құрастырады. 2 топ: Лего құрастыру ойыншықтарынан гаражды құрастырады. **(құрастыру)** 3 топ: Ойын: «Тіктөртбұрыш, төртбұрыш, шеңбер пішіндерінен не жасауға болады?» Шарты: Геометриялық пішіндерден машина жапсырып, түстерін және пішіндерін атап беру. **(жапсыру)** 4 топ: Ойын: «Не жетіспейді?» Шарты: Бағдаршамның жетіспеген бөлігін орналастыру. **(мүсіндеу)** «Өз жолыңды тап» ойыны. Шарты: Топтағы ойыншық көліктерді суда,жерде,ауада жүретін көліктер бойынша топтастыру. Қимылды ойын: «Торғайлар мен автомобиль» Шарты: Бір бала автомобиль, қалған балалар торғайлар болып орындықтарда отырады. Педагог торғайларға жем шашып	Құлыншақ,жылқы сөздерін жекеше-көпше түрде айтып көрейік. Өлеңді қайталап оқу, жаттату. **(сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет,қазақ тілі)** Топтарға бөліну,композиция құрастыру. 1 топ: «Шанышқымен сурет салудың дәстүрлі емес әдісі» арқылы шөптің суретін салу. **(сурет салу)** 2 топ: дайын қиылған бейнелерді (жылқыны, үйді) жапсырады. **(жапсыру)** 3 топ: ермексаздан қоршаулар жасау. **(мүсіндеу)** Композиция дайын болады. Балалардың жұмысын тамашалау, мадақтау. «Тұлпарым» әнімен қорытындылау. **(музыка)** **Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Бізге қонаққа маймыл келді!»** **Міндеті:** кермені дұрыс ұстауға үйрету (4 саусақ үстінен, үлкен саусақ астынан), аяғын кезекпен басып, гимнастикалық қабырғамен ормелеу, аяқ пен қолдың қимылдарын үйлестіру қабілетін нығайту. Балаларды доп көтерген қолдарын басынан асырып лақтыру, бүтілген қолдарды жазып, жоғары қарай көтергеннен кейін екпінмен лақтырылған доптың ұшу траекториясының дұрыс болуын қамтамасыз ету. Ойын түріндегі жаттығулардың көмегімен балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін байытуды, кеңістікте бағдарлау қабілетін, ырғақпен әрі айқын қимылдау қабілетін дамытуды жалғастырамыз. Балалардың бойында жануарлардың табиғаттағы тіршілігі жайлы түсінік қалыптастыру. Жануарлардың тіршілігі туралы мәлімет беру; қайырымдылыққа тәрбиелеу, коршаған ортаны позитивті	телефон пішініне ретгік сандарын әр түспен жапсыру. **(жапсыру)** Телефон бейнесін салу. Түстерді дұрыс таңдау дағдысын жетілдіру. **(сурет салу)** Ойын: «Барлығы қанша?» Шарты: Берілген суреттерді топтастыру,санау. **(математика негіздері)** Ойын. «Сипаттама бер» Электротехника құралдарын не үшін қолданатыны әңгімелеп беру және жекеше-көпше түрде атап беру. **(сөйлеуді дамыту)** «Бұзық телефон» әдісі арқылы қимылды ойын ұйымдастыру. Теледидардан «Тұрмыстық техника» музыкасын қосып,қимылмен жасау. **(музыка)**

	негіздері) «Топтастыру» әдісі Түрлі түске боялған асықтармен «Ханталапай» ойынын ойнатып балаларды 3 топқа бөліп отырғызу. 1 топ: «Тәулік бөліктері» Шарты: Тәулік бөліктеріне сай суреттерді дұрыс табу арқылы қағаз бетіне орналастыру. **(жапсыру)** 2 топ: «Менің қолғабым» Шарты: Қолғаптың суретін салу,қыс мезгілінде қолғапты не үшін киетіні туралы әңгімелеп беру. **(сурет салу)** 3 топ: «Аққала» Шарты: Аққаланы ермексаздан жасап отырып,неше бөліктен тұратыны туралы айтып беру. **(мүсіндеу)** **Дене шынықтыру (таза ауада)** **Тақырыбы: «Біз аяздан қорықпаймыз»** **Міндеті:** Қол және иық белдеуіне арналған жаттығуларды орындау,тепе-теңдікті сақтау. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту. Мұз жолымен өз бетінше сырғанау,ойнау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Бір-бірден бір тізбекке тұру, қолға арналған түрлі тапсырмалармен жүру – жоғары, жанжаққа, иыққа, алға. Екі тізбекке қайта тұру. Негізгі қимыл – қозғалыстарды орындау. 1.Шайбаны тура бағытта алып жүру (6 рет). Шарты: Шайбаны доптаяқпен алаңның қарама-қарсы жағына алып жүру. 2.Ойын жаттығуы: «Кім мерген?» (6 рет) Шарты: Балалар 2 метр	тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету. **(математика негіздері)**	шақырады. Торғайлар жем тере бастаған кезде зырылдап автомобиль келеді. Торғайлар автомобильден қашып орындықтарына отыра қалады. **(дене шынықтыру)** Балаларға ойыншық жүк машинасын көрсету. Жүк көлігін көрсетіп, оның бөлшектерін талдау: -Балалар, жүк көлігі қандай бөлшектерден тұрады? -Кабина қандай пішінге ұқсайды? -Доңғалақтар қандай пішінді? -Жүк көлігі немен жүреді? Балалар біз жүк көлігінің суретін салайық. Суретті салуды көрсету. Балалар біз жүк көлігін салуды неден бастаймыз? Сосын жүк салғышын саламыз. Біздің жүк көлігімізге не жетіспейді? Ал кабинада не жоқ? Ал енді менің жүк көлігін қалай салғаныма назар аударыңдар. Қылқаламды дұрыс ұстау техникасымен таныстыру. Қылқаламды он қолымызға ұстап, бояуға батырамыз. Бояу парақты ластамас үшін, артық бояуды ыдысқа қалдырамыз. Қылқаламды алып тік сызық жүргіземіз. Қиғашынан бір сызық саламыз. Төменге бір сызық саламыз және сызықтарды қосамыз. Кабинамыз дайын болды. Енді жүк салғышын да осылай жасаймыз. Ал енді бояймыз. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту дағдысын пысықтау. **(сурет салу)** Рөлдік ойын: «Жүргізуші» Шарты: Көлік жүргізушісінің рөлін сомдау. **(көркем әдебиет)**	тұрғыдан қабылдау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойындық сәт: алыстағы Африка елінен қонаққа келген маймылмен танысу. Балаларды маймылға осы күнге дейін үйренгендерін көрсетіп, білгендерін оған үйретуге шақырады. II. Негізгі кезең. Ойын түріндегі жаттығу: «Жүруді және жүгіруді үйретеміз». Кедергілерден секіріп өту арқылы тізені жоғары көтеріп жүру, бағытын өзгерте отырып жүгіру, аяқтың ұшымен жүру. «Бізден үйретеміз» Ырғақты гимнастика жасау: кешенді жасаған кезде денені тік ұстап, дене сымбатын сақтауға тырысу. Негізгі қимылдарды жасау: Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу (жеке-жеке – маймыл балаларды баспалдақпен өрмелеуге үйретеді). Өрмелеу, тақтайды ұстау техникасын: бас бармақпен астыңғы жағынан, қалған төрт саусақпен үстіңгі жағынан ұстаймыз; аяқ пен қолды үйлесімді қимылдату. «Доппен ойнауды үйретеміз». Бір орында отырған күйі допты бастан асырып алыска лақтыру. Бір-бірінің артына екі қатарға тұру. Нұсқау: допты алға-жоғары лақтыру қажет, допты алыска кетуі лақтыру күшіне байланысты. «Секіруді үйретеміз». Қимыл-қозғалыс ойыны. «Сұр қоян жұнады». Шарты: Балалар шеңбер жасап тұрады. Қоян болған бала ортаға шығады. Балалар: Қоян, қоян тұршы, Ішті, қолды жушы Айнаға қарашы Шашыңды тарашы Енді бізді қушы. Қоян қимылмен көрсете отырып жасап, тұрады. Енді бізді қушы дегенде, балаларды қуа жөнеледі. Ойын 4-5 рет қайталанады. Ойынды серуенде жалғастыру.	

	қашықтықтан қар үйіндісінің жоғарғы жағындағы текшелерге,қарды тигізу. Қарды ысанаға оң және сол қолмен лақтыру. Қимылды ойын: «Аязата» (4 рет). Шарты: Педагог жуан дауысымен былай дейді: – Мен – Аязатамын. Орман ішінде жүрмін. Кәне, аңдар, шығыңдар! Қояндар, қайдасыңдар? (Балалар қояндар сияқты педагогке қарай секіріп барады). – Әп-бәлем! Мен сендерді қатырып тастаймын! Қатырып тастаймын! Педагог балаларды ұстап алмақшы болады. Барлығы жан-жаққа қашады. Ойын қайталанады. Аязата әр кезде орманнан жаңа аңдарды (қоңықтарды, түлкілерді), орман құстарын шақырады. Тәрбиеленушілер олардың қимылдарын келтіреді, сосын Аязатадан белгіленген сызықтан асып қашады. Қорытынды кезең. Алаңда ирелеңдеп жүру. ҮІӘ –ін қорытындылау, балаларды ынталандыру. **Музыка** – пән жетекшісінің жоспары бойынша.				
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киінуді жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру**)				
Серуен	**№ 17** **Қардағы іздерді бақылай білу** **Міндеті:** Қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра білу: құстардың ізі қосу амалы сияқты, әр құс әр түрлі із қалдырады; адамның да іздері әр түрлі, түрлі жақтарға бағыттайды: машинаның ізі де әр түрлі	**№ 23** **Мұзды бақылау** **Міндеті:** Ауа температурасының күрт өзгеруіне байланысты судың қатты күйге айналуын анықтау, балаларға не себепті ауа температурасы өзгергенде судың қататындығын түсіндіру.Мұз бұл –қатты су құрамы екендігін түсіндіру; мұз медицинада тағамды салқын қалпында сақтап тұруға қолданылады. Мұз құрамы-	**№ 26** **Қар тазалайтын машинаны бақылау** **Міндеті:** Адамдардың еңбегін жеңілдету үшін түрлі техниканы қолданады; адамдарға оның тиімді екенін көрсету. Қар жауғаннан кейін кардың көп болатынына назар аудару. Қолмен қарды тазалау өте қиын және көп уақыт кетеді. Сол себепті адамдар қар тазалайтын машина ойлап тапты, олар	**№ 27** **Көшені бақылау** **Міндеті:** Қалада көшенің көп екенін, олардың атауы әр түрлі екендігі және балабақша қай көшеде орналасқандығы туралы түсінік беру. Балабақша жанында қандай мекемелер орналасқандығын айыра білу (дүкен, дәріхана, почта, кітап баспасы және т.б.). Барлық жерде адамдар жұмыс істейді, әркайсысы істеген жұмысы	**№ 13** **Күннің ұзақтығын бақылау** **Міндеті:** Күн қысқа,түн ұзақ,соған назар аудару. Балалардың созлік құрамына көңіл бөлу, табиғатқа қызығушылығын арттыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс:** Мақал-мәтел. Егер жұмыс болмаса, кешке дейін күн де ұзақ. **Коммуникативтік** дағды

	және т.б. Жансыз табиғат жайындағы білімін бекіту; балалардың тілдерін дамыту. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс:** Көркем сөз Ойын ойнап, міне біз, Қыс қызығын көреміз. Шанаға да мінеміз, Шаңғыны да тебеміз. **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** Қимылды ойын: **«Нысанаға тигіз»** **Міндеті:** Оң және сол қолмен, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай білу. Ойын барысында балаларды шапшаңдыққа, икемділікке баулу. Қызығушылықтарын арттыру. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** Еңбек: Тәрбиешіге көмектесу. **Міндеті:** Орындық үстінен қарды сыпыруға, өз еңбектерін жауапкершілікпен орындай білуге үйрету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	тұнық, суық, қатты екендігін атау. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс:** Жұмбақ Отқа жанбайды, Суға батпайды. (мұз) **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** Қимылды ойын: **«Мұзды аулаға кіргіз»** **Міндеті:** Таяқшаның көмегімен мұзды берілген бағытта сырғанату. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** Еңбек: **Табиғат бұрышында құсты тамақтандыру** **Міндеті:** Табиғат бұрышында құсты өз беттеріншетамақтандыруға үйрету (тамақтандыру, суларын ауыстыру).Табиғат аясындағы құстарды аялай білуге тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	жұмысты тез істейді, машиналар да қарды тиеуге үлгермей кешігіп келіп жатады. Қарды машинамен қала шетіндегі арнайы орынға апарады. Ол көктемде еріп, өсімдіктің өсуіне ылғалы көп болады. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** Қимылды ойын: **«Таяқпен сыпыру»** (қалмақ ұлттық ойыны) **Міндеті:** Көрсетілген бағыт бойынша таяқпен сыпыру қабілеттерін бекіту. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** *Еңбек:* **Түрлі түсті мұз айдынын жасау** **Міндеті:** Судың қасиетін бекіту: ыдыска су құйып бояу араластырып аязға қатыру. Өз беттерімен берілген тапсырманы орындау (суды керек түске бояу, пішінін келтіру);бастаған істі соңына дейін жеткізу (жұмыс орнын жинау- столды сүртіп, шашылғанды жинау және т.б.) **Танымдық іс – әрекет дағдылары мен шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту** **Балалармен жеке жұмыс:** Мақал-мәтелдер: Еңбек түбі –береке. Көптің түбі –мереке. **Коммуникативтік дағдыларды дамыту**	басқаларға жақсы және ыңғайлы болғанын қалайды. Есейгенде олар да жұмыс істейді, ол үшін балаларға көп оқу керектігін ескерту қажет.Адамдардың еңбектеріне сыйластықпен қарай білуге үйрету. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс:** Көркем сөз Ала таяқ ұстаған, Жол тәртібін нұсқаған. Өміріңді күзеткен, Ыскырығы күшті адам. (жол инспекторы) **Коммуникативтік дағдыларды дамыту** Қимылды ойын: **«Бірінші бол»** **Міндеті:** Әр түрлі бағытта бір-бірімен жарыса отырып жүгіруге үйрету (біреуі-оңға, басқасы-солға), ортаны тез айналып, бос орынға келіп тұра қалу. Тез жүгіруге баулу. Ойын талаптарын орындауға үйрету. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** Еңбек: Алаңдағы құралдарды қардан тазарту(сырғанайтын жер,ойын алаңы т.б.). **Міндеті:** Өз беттерімен алаңдағы құралдарды қардан тазартып, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге үйрету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**Қимылды ойын: «Бермеймін»** **Шарты:** Қалың қар үстінде шеңбер жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі бойынша өзіне тартып алады. **Міндеті:** Балаларды күшті болуға, шыдамдылыққа ойын ережесін бұзбауға тәрбиелеу. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** Еңбек: Ауланы түскен бұтақтардан жинастыру. **Міндеті:** Әр баланың еңбекке жүйелі қатысуын қамтамасыз ету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Түскі ас	Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақтану тәртібін сақтаудың адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. **(Салауатты өмір салтын қалыптастыру, мәдени-гигеналық дағдылар, сауықтыру-шынықтыру шаралары)**			
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа ілін (немесе арнайы сөреге) коюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату.				

Балаларды ұйқыдан оятту, сауықтыру шаралары	1. Төсек үсті жаттығулары: Шаңғы жаттығуы. Екі аяқты тізеге бүгіп, кезекпен созып жинау. (3-4 рет) 2. Арқаға арналған « Ауа-райы» жаттығулары: Балалар бірінің артынан бірі тұрып, алдыңғы тұрған баланың арқасына массаж жасайды. 3. Нұктелі массаж: Тамағымыз ауырмау үшін, қолымызбен тамағымызды жоғары-төмен уқалаймыз. 4. Түшкіріп тұмауратпау үшін, нұсқаушы саусағымызбен танауымыздың екі жағын кезектеп үйкейміз. 5. Құлағымыз ауырмау үшін, нұсқаушы және ортаңғы саусағымызбен құлағымызды алдынан және артынан уқалаймыз. Шынықтырудың түрлерін, су шараларын жүргізу,дымқыл сүлгімен сүртіну, дене белсенділігі мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. **(Сауықтыру-шынықтыру шаралары, салауатты өмір салтын қалыптастыру)**				
Бесін ас	**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру:** Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тамақтану әдебін сақтау.				
Балалардың дербес әрекеті (ән қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	Ойын: №33 «Аққала құрастыр» Шарты: Аққала бөліктерін рет-ретімен жинап құрастыру. **(құрастыру)** Қардан аққаланың жасалатынын,қыс мезгілінде үлкендердің қарды қалай тазалайтыны,еңбектері туралы әңгімелесу. **(қоршаған ортамен таныстыру)**	Адамдардан басқа кімдермен дос болуға болады? Жануарлар мен құстармен дос болуға болады. Балалардың ойларын, тәжірибелерін тыңдау. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Достық қалашығын құрылыс материалдарынан құрастыру7 **(құрастыру)** «Достық жыры» Бота Бейсенованың әнін тыңдату. Бірге айту. **(музыка)**	**Вариативтік компонент: «Таза болса табиғат, аман болар адамзат»** **Тақырыбы: «Қоңдар» ертегісі** Міндеті: Жабайы қоян мен үй қояны туралы ертегі арқылы жалпы үй жануарлары мен жабайы аңдардың айырмашылығын түсіндіру. Қоршаған ортаға қамқорлық мәдениетін тәрбиелеу. Ертегі бойнша сюжетті сурет. Барысы: 1. Шаттық шеңбер. №3. 2. Жабайы қоян мен үй қояны туралы ертегі арқылы жалпы үй жануарлары мен жабайы аңдардың айырмашылығын түсіндіру. 3. Сергіту сәті. № 8. 4. Қоршаған ортаға қамқорлық мәдениетін тәрбиелеу. 5. Қорытындылау. Ертегі бойнша балаларды рөльдерге бөліп ойнату.	Балаларды үш топқа бөліп, ойын ережесін түсіндіру. «Дұрысын тап» ойыны. Шарты: араласқан суреттерді топтастыру,санау,адамдардың еңбектері туралы әңгімелеп беру. 1 топ: Жүннен тоқылған киімдерді жинау. 2 топ: Сүт тағамдарын біріктіру. 3 топ: Еттен жасалған тағамдардың суреттерін табу. 4 топ: Үй жануарларының бөліктерін құрастыру. **(қоршаған ортамен танысу,математика негіздері,құрастыру)**	Топқа болу. 1 топ: «Дәрігер» сюжет желісі арқылы ойын. Шарты: телефон байланыс құралын пайдалана отырып жедел жәрдем шақырып,рөлдерге бөлініп ойнау. **(көркем әдебиет)** 2 топ: Ойын: «Кімнің телефоны шырылдайды?» Шарты: Балалардың қалауы бойынша ермексаздан телефонды мүсіндеу. **(мүсіндеу)** 3 топ: Ойын: «Бөлігін тап» Шарты: Қиылған суреттердің бөлігін дұрыс құрастыру арқылы электротехникалық тұрмыстық құралдарын атау. **(құрастыру)**
Балалармен жеке жұмыс	**Алибеккызы Мединамен жеке жұмыс** 5 көлемінде санауды, сандарды ретімен атауды, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарын үйрету. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)**	**Әділбек Асылыммен жеке жұмыс** Айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіріп айтуға үйрету. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**	**Болатұлы Санатпен жеке жұмыс** Бейнелеген суреттер мен заттар (бұйымдар) бойынша әңгімелер құрастыра білуге үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**	**Ғанибай Саятпен жеке жұмыс** Жұруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүруді үйрету. **(Физикалық қасиеттері)**	**Есен Айзеремен жеке жұмыс** Құрылыс бөлшектерін ажыратуды және атауды, оларды құрылымдық қасиеттерін ескере отырып пайдалана білуді үйрету. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киінуді жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Серуен	№ 17	№ 23	№ 26	№ 27	№ 13
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдаларын: өз бетінше шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққ				

	өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Балалардың үйге қайтуы	Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Ата – аналарға алдымыздағы мерекеге берілген тақпақ – өлеңдерді үйде қадағалауына өтініш білдіру.	Ата-анаға кеңес: Үйде баласымен қарандашпен жұмыс жасауларына кеңес беру.	Балалардың өздіктерінен киіне алу дағдыларын қалыптастыру үшін үйде де өздері киінулері туралы ата-аналарға кеңес беру.	Ата-аналарға демалыс мезгілінде балалармен бірге спорттық ойындар ойнатуға ұсыныс білдіру.

Тексерілді

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Топ: «Күншуақ» ересек жас тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 17 – 21 ақпан 2025 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	«Ауа – райы болжамы» Міндеті: Қысқы ауа – райына сипаттама бере білуге үйрету,табигат құбылыстарының атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. **(Қазақ тілі)**	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. **(Сөйлеуді дамыту)**	Баладан балабақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін, сыртта ауа райының қандай болып тұрғанын сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге тарту. **(Қоршаған ортамен танысу,сөйлеуді дамыту)**	Балаларды арнайы жасалған көңілді смайликтермен қарсы алу, ыстық мейірімге бөлеу. Амандасу дағдысын нығыстау,үлкендерге құрмет көрсете білуге тәрбиелеу **(Қоршаған ортамен** танысу)	Балалармен балабақшаға немен,қандай көліктен келгендері туралы әңгімелесу. Міндеті: Көлік түрлері туралы түсініктерін кеңейту. **(Қоршаған ортамен танысу,сөйлеуді дамыту)**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың үйдегі отбасы мүшелерімен қарым- қатынасы туралы әңгімелесу. Ата – аналармен пікірлесу.	Балалардың мінез құлқындағы өзгерістер туралы ата-аналарға кеңес беру.	**Ата-аналармен әңгіме:** Баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру, логопед, психолог мамандардың кеңесіне жүгіну кестелерін еске салу.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ересектердің әңгімесіне араласпау, өз ойынын сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту дағдыларын үйде де жетілдіру керектігі туралы ақпарат беру.	Демалыс күндері дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы ата-аналарға кеңес беру.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	№36 «Суретті ретімен орналастыр» Міндеті: Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы үйрету. Шарты: Берілген шыршаларды биіктігіне қарай өсу ретімен орналастыру. **Математика негіздері**	№37 «Сынарын тап» Міндеті: 5-ке дейін реттік сануды үйрету. Шарты: Балаларға қолғаптың суреттері таратылады,сол суреттегі нүктелерді санау арқылы екінші қолғаптың сынарын табу. **Математика негіздері**	№12 «Бұл қандай ертегі?» Міндеті: Шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету. Шарты:Қылған ертегілердің суретін құрастырып қандай ертегі шыққанын атау,ертегіні айтып беру. **Көркем әдебиет**	№33 «Аққала құрастыру» Міндеті: Пішініне,көлеміне қарай аққаланы құрастыруды үйрету. Шарты: Аққала бөліктерін рет-ретімен жинап құрастыру. **Математика негіздері,құрастыру**	№53 «Көліктер және оның түрлері» Міндеті: Көліктердің жерде,ауада,суда жүретіні туралы үйрету. Шарты: Тәрбиеші балаларға ауада,суда,жерде жүретін көліктердің суреттерінің бөліктерін таратып шашып құрастыруын сұрайды. **Құрастыру**
Ертеңгілік жаттығу	**Жаттығулар кешені №12**				
Таңғы ас	**Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру:** Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, дастарқан кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тамақтану әдебін сақтау.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қыс мезгілі туралы тақпақты еске түсіру,бірге қайталау. Міндеті: өлең шумақтарын қайталап айтуға үйрету. **Қазақ тілі**	Тіл ұстарту жаттығулары Міндеті: артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. **Сөйлеуді дамыту**	Жұмбақ жасыру «Түлкі», «Бақа» сөздерін қайталау. Міндеті: қазақ тілінде тән дыбыстарды сөз ішінде анық айтуға баулу. **Қазақ тілі**	Қимылды ойын «Аппақ қар» Міндеті: Музыка әуенімен қимылдар жасауға үйрету. **Музыка**	Артикуляциялық жаттығу «Машина» Міндеті: артикуляциялық аппаратты жетілдіру **Сөйлеуді дамыту**

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Тақырыбы: «Қысқы табиғат»** **Міндеттері:** Балаларды әңгіме айтуға үйрету: суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. Қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. Дайын пішіндерден жануарлардың, құстардың пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру.Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау,қыстайтын құстарды қоректендіру. **Ұйымдастырылған іс – әрекет:** Жұмбақ жасыру Аяз қысып, Өрнек сызып, Терезені торлайды. Қарға омбығып, Бет домбығып, Балдырғандар ойнайды. Кейде ұлып, кейде жұлып, Үйтқып боран соғады. Айтыңдаршы бөбектерім, Бұл қай кезде болады? -Қазір жылдың қай мезгілі? -Қыс мезгілінің айларын ата? -Қыс мезгілінің ерекшеліктерін еске түсірейік - Балалардың назарын бейне экранға аудару. - Балалар суретте жылдың қай	**Дене шынықтыру** **Міндеттері:** еденде бүйірімен тұрған сатының тепкішектерінің арасымен еңбектеуді үйрету, қол мен аяқтың жұмысын үйлестіруге дағдыландыру. Доп ұстаған қолдарымызды бастан асырып артқа қарай үстау және бүтілген қолды жазып, доптың алға және жоғары қарай ұшу бағытын қамтамасыз ету; қимылдардың орындалу ретін сақтау қабілетін нығайту. Үйлестіру қабілетін, организмнің жалпы төзімділігін, икемділігін дамыту. Спортпен шұғылдануға дағдыландыру, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу. слайдтар. **Ұйымдастырылған іс – әрекет:** Доппен жасалатын түзеу жаттығулары: қолына доп ұстап жүру (оң қолына), аяқтың ұшымен жүру – допты басынан асыра көтеріп ұстайды, өкшемен жүру – допты алдына шығарып ұстайды (музыканың ырғағымен). Шеңбер құрап тұру. Жалпы дамыту жаттығулары доппен. Негізгі қимылды іс – әрекет: 1.«Кім шапшаң?» Шарты: Түрегеп тұрған күйі допты екі қолмен бастан асыра беру,аяқтың ортасынан кері қайтып жіберу. 2.Еденде бүйірімен тұрған сатының тепкішектерінің арасымен еңбектеу. Нұсқау: бала өзіне қарсы тұрған терезеге қарай еңбектейді, өзге балаларға кедергі келтірмеуі тиіс. Бір сапқа тұру. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жапалақ». Ойын тәртібін түсіндіреді. Жапалақтың көзі нашар көретінін, бірақ кішкентай сыбдырдың өзін жақсы еститін жыртқыш құс екенін балалардың есіне салады. Санамақтың көмегімен жапалақты таңдап алу.	**Тақырыбы: «Бұл қандай ертегі?»** **Міндеттері:** Әдеби шығармаларды мұқият тыңдауға, ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға және кейіпкерлерге жанашырлық танытуға, ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға үйрету. Сандарды реті бойынша атауға «Нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру.Ұсақ элементтерді ерессектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту. Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру, бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. **Ұйымдастырылған іс – әрекет:** Үлестірмелі материалмен жұмыс Педагог алдымен қай балада неше жолақша барын және олардың түсін анықтауға көмектеседі. Олардың ұзындығы туралы қандай пікір айтуға болатынын түсіндіреді. – Кәне, балалар, ең ұзын және ең қысқа жолақшаны көрсетіп беріңдер. – Жолақшаларды ең ұзынынан бастап ең қысқасына дейін қағаз бетіне жайып қойыңдар. Содан соң педагог 2-3 баланы шығарып, жолақты жоғарыдан төмен, төменнен жоғары жылжыта отырып, өлшемін ретімен атауды сұрайды, ал қалған балалардан сәйкес жолақтарды саусақпен санап отыруды сұрайды. Сұрақ қою: «Барлығы неше	**Тақырыбы: «Қысқы еңбек»** **Міндеттері:** Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін жаңылтпаштар айтқызу,шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету.Өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.Салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету.Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану,заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру.Құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс – әрекет:** Қыстығұлықты ояту. Жұмбақ: 1. Шанамен ырғып келетін, Коньки, шаңғы тебетін Аққала жасап ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың. 2.Қыста ғана болады,	**Тақырыбы: «Көліктер және оның түрлері»** **Міндеттері:** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, зат есімдерді жекеше және көпше түрде дұрыс қолдануға үйрету. Сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту,шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге әңгімеңіз басын, соңын ойдан құрастыруға, ерікті ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға, түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бірбіріне ара қатынасын беру.Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру.Құрдастар арасында міндеттерді бөлісу,түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. Көлік түрлерінің қолданысын (ұшақ, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) қарапайым ережелері туралы білу. Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс – әрекет:** «Кім қандай көлікпен келді?» ойыны.

мезгілін бейнеленген?
Балалар қысқы орманға саяхат жасағылары келе ме?
- Ендеше, орманға қыс көлігі шанамен барамыз.
(Вырлайды шанамыз әні музыкасы қойылып балалар шанамен орманға саяхатқа барады)
(музыка)
-Балалар, орманға да жеттік, бір кедергі бар сияқты. Мына жерде бізге бір тапсырма бар екен
Жұмбақ
Қолы жоқ сурет салады,
Тісі жоқ тістеп алады.
Қыста ғана болады,
Үстасаң қолың тоңады /қар/
Ішкынады өзі жоқ,
Бісікырады сөзі жоқ.
Тосын сәт: Орманнан қар ханшайымы шығады.
Қар ханшайымы:
- Кім орманның тыныштығын бұзған?
- Саламатсызба, қар ханшайымы! Біз орманның тыныс тіршілігімен танысуға келіп едік
Қар ханшайымы:
-Әлеметсіздерме балалар, қыс мезгілінің ерекшелігін білесіңдер ме?
Олай болса, менімен ойын ойнауға қалай қарайсыңдар?
Дидактикалық ойын «Қыс мезгілінің ерекшелігін тап»
Ойын шарты: төрт жыл мезгілінің ерекшеліктері бейнеленген суреттер ішінен қыс мезгілі бейнеленген суреттерді табу.
(сөйлеуді дамыту)
Қар ханшайымы:
- Балалар, сендер қыс мезгілі туралы тақпақтар білесіңдер ма? Балалардың тақпақтарын тыңдау.
(көркем әдебиет)
- Балалар орманда құстардың сайраған дауысы естіле ма?
- Құстар жылы жаққа ұшып кеткен.
Назар салыңдаршы балалар, мына жақта құстардың дыбысы естіледі. Қане зейін салып тыңдайық.
(Аудио дыбыс. Құстардың дауысы: Қарға, кептер, торғай)
Ойын түріндегі жаттығу: «Кім шапшаң?».
Шарты: Балалар үш топқа бөлініп доппы бастан асыра бір-біріне беру және соңғы бала доппы алдындағы балаларға аяқтың ортасынан кері беру арқылы ойнау.
Балаларды ынталандыру.
Балаларға ата-аналарымен бірге дене тәрбиесімен айналысуға ұсыныс жасау. Ойын түріндегі жаттығу: «Шеңбердегі би».
Шарты: Музыка ырғағымен орындау.**(музыка)**
Қазір жылдың қай мезгілі?
Қыс мезгілінде таза ауада біз доппен ойнай аламыз ба?
Ұйымдастырылған іс – әрекетімізді топқа барып жалғастырайық.

Қазақ тілі
Тақырыбы: «Қыс мезгілінің ерекшеліктері»
Міндеті: Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту. Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту.Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге үйрету. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруді,кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен,алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау. Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жолақша бар екен? Оларды қандай тәртіппен орналастырдық?»
(сөйлеуді дамыту,математика негіздері)
Сергіту сәті: «Аппақ, аппақ...»
Аппақ, аппақ, қар аппақ,
Қар жамылған дала аппақ,
Қырау-қырау тал аппақ,
Айналаның бәрі аппақ.
«Қолғапқа жасырынған кім?» ойыны.
1-тапсырма. Сурет арқылы сұрақтар қою:
– Балалар, суретші мына суретті қай ертегіге арнап салған?
–Бұл ертегіде бірінші болып кім келеді?
–Екінші ше?
–Бесінші болып келген кім?
– Суретші неғұрлым суретін салуды ұмытыпты?
Берілген тапсырма бойынша балалар екінші және төртінші келген аңдарды бояуы тиіс.
2-тапсырма.
Педагог: Балалар, сол қолдарыңмен оң құлақтарыңды, ал оң қолдарыңмен мұрындарыңды ұстаңдар.
Педагог балалардан Асылбекке тіктөртбұрыштың ортасына шеңбер, оң жағына шаршы, сол жағына үшбұрыштың суретін жапсыруды сұрайды.
– Тіктөртбұрыштағы пішіндер қалай орналасқан? **(сурет салу,жапсыру)**
«Күн мен түн» ойыны.**(дене шынықтыру)**
3-тапсырма. Балалармен тәулік бөліктерін қайталау.
Сұрақтар қою:
–Біз күндіз не істейміз?
–Біз түнде не істейміз? Бала ұйықтап жатқан суретті көк қарындашпен, ойнап отырған суретті қызыл қарындашпен қоршап сызады.
Суретші «Қолғап» ертегісіне неше аңның суретін салыпты?
– Түлкі нешінші келді?
«Қолғап» ертегісін оқып беру,түсіндіру,қайталау,сахналау.
Үстасаң қолың тоңады. - Балалар қараңдаршы, менің қолымдағы не?
-Қардың түсі қандай?
-Қар қатты ма, жұмсақ па?
Ендеше бүгінгі көңіл-күйлерің осы кардай аппақ болсын!
Мультимедиялық тақтадан қыс мезгіліне байланысты көріністер көрсету.
Қысқы еңбек түрлерімен таныстыру.
Жаңылтпашты бірге айтайық.
Қыс қатты-ақ,
Қыспаққа-ап.
Құс тоңып жүр,
Қыстап қап.
(сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет)
Қысқы еңбекке үй жануарларына қамқорлық жатады ягни малдар қорада тұрады оларға жем –шөбі суын беріп жылы қорада ұстайды.
- Балалар айтыңдаршы сіздің үйде осы жұмыстарды кімдер жасайды?
Ойын: «Кім үлкендерге көмектеседі?».
Міндеті: қысқы еңбек түрлерін айтып түсіндіре отырып, өздеріне жасату арқыл үйрету.Берілген тапсырманы жауапкершілікпен орындауды қалыптастыру.
(қоршаған ортамен таныстыру)
Топқа бөлу.
1 топ: Балалардың қалауы бойынша еңбек құралдарын ермексаздан жасау.**(мүсіндеу)**
2 топ: Үй жануарларына қағазды жырту тәсілі арқылы шөпті қағаз бетіне орналастыру.**(жапсыру)**
3 топ: Құрылыс бұйымдарынан сарай дайындау.**(құрастыру)**
Сергіту сәті: «Аппақ қар»
Ойын шарты: балаларды шеңбер бойына тұрғызып, доппы лақтырып, балабақшаға қандай көлікпен келгендігін сұрау. Балалардан көлік түрлері: автобус, ұшақ, кеме, пойыз туралы сұрай отырып, көлік жүргізетін адамдар туралы әңгіме жүргізу.
Мәшинені жүргізетін адамды кім деп атауға болады?
Жүргізушінің еңбек әрекеті туралы түсіндіріп өту.
Жүргізуші ең бастысы нені білу керек?
Балаларға көлік түрлерінің суреттерін көрсете отырып, бұлардың барлығын бір сөзбен қалай айтуға болатындығын сұрау.
Балалардың жауабын толықтыру.
Ойыншық мәшинелерді көрсетіп, олардың атын, атқаратын қызметін сұрау.
Мынау не?
Автобус қандай жерлерге барады?
Ал мынау не?
Трамвай қандай жолмен жүреді?
Темір жолмен тағы да қандай көлік түрі жүреді?
Адамдар трамвайды не үшін, қандай мақсатта пайдаланады?
Пойыз бен трамвайдың қандай айырмашылықтары бар?
Суретке қарап көлік түрлерін жекеше-көпше түрде қайталау.
(сөйлеуді дамыту)
Сендер тағы адамдарды таситын қандай көліктерді білесіңдер?
Ұшақ пен кеменің айырмашылығы неде?
Қоғамдық көлік түрлерінің құрғақта жүретін, суда жүзетін, темір жол арқылы жүретін және әуеде ұшатын болып бөлінетіндігіне және пойызды жүргізетін адамның жүргізуші, ал кемені басқаратын адамның капитан деп аталатындығына тоқталу.
Сонымен қатар, кеме мен пойыз жолаушыларды алыс жерлерге таситын болғандықтан олардың ішінде адамдарға жағдайды жасалғандығын (тамақтанатын, ұйықтайтын т.б жердің болуы) айтады. Сонымен қатар жүк таситын кемелер мен пойыздың бар

	-Бұл құстар, қыстап қалатын құстар екен. Талдағы құстарға назар салайық, қандай құстарды көріп тұрсыңдар? Серуенге шыққанда құстарды көректендіретін боламыз. Қар ханшайымы: Балалар, орманда құстардан басқа тағыда жабайы жануарлар тіршілік етеді. Мына жақта көптеген аңдар бар. Сіздер бұл аңдардың аталуын білесіңдер ме? Қасқыр, қоян, тиын. түлкі. Тәрбиеші: Тағы қандай аңдарды білесіңдер? Аюды көріп тұрсыңдар ма, балалар? Аю қайда екен? Аю қыста өз апанында ұйықтайды. Ол көктемде ұйқысынан оянады. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Балалар, мына жерде жатқан аққаланың бейнесіне ұқсайды екен,кане,бәріміз бірге құрастырайықшы? **(құрастыру)** Қар ханшайымы балалардың еңбегін мадақтап, мұз конфеттер таратады. Балалар қар ханшайымымен қоштасып, балабақшаға оралады. Балалар, сендерге саяхат ұнады ма? Ұжымдық жұмыс: «Қысқы орман» Шарты: Орманда көргендерін қағаз бетіне түсіру.**(сурет салу,жапсыру,мүсіндеу)** **Дене шынықтыру (таза ауада)** **Міндеті:** мұзды жолдармен сырғанауға, тепе-теңдікті сақтауға үйрету. Жүгіру, қолы мен аяғы қимылдары үйлесімділігін бекіту. Шанамен сырғанауға жаттықтыру, қырын бұрылу, алдыға және жан-жағына қарау біліктерін дамыту. Жылдам әрекет етуін, көз мөлшерін, қимыл үйлесімділігін дамыту. Достыққа, дербестікке тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс – әрекет:** Жүру. Аланмен баяу жүгіру, «ирелеңдеп» жүгіру, жүру. Жалпы дамыту жаттығуы №1 «Аяққа арналған жаттығулар»	жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру, бастаған істі аягына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. **Ұйымдастырылған іс – әрекет:** - Қыста біз не жасай аламыз? Балалар суреттерге назар аударайық. Мұндағы суреттерде қыс мезгілі және қыс мезгілінің үш айы бейнеленген екен. Олай болса, осы суреттегі заттармен екі тілде танысып шығайық. Қыс – зима. Қар – снег. Коньки – коньки. Мойынорағыш – шарф. Қолғап – перчатки. Шана – санки. Желтоқсан – декабрь. Қаңтар – январь. Ақпан – февраль. Жұмбақ шешу: 1.Қыста ғана болады, Ұстасаң қолың тоңады. (Қар – снег) 2.Зулап түсіп төменге, Шықпас менсіз төменге. (Шана – санки) 3.Ақ қарда тек тұрмадым, Қос таяқпен зырладым. (Шаңғы – лыжа) 4.Қолы жоқ, сурет салады, Тісі жоқ, тістеп алады. (Аяз – мороз) – Дұрыс айтасыңдар балалар. Қыс мезгілі өте суық, аяз болады екен. Бірақ біз қыстан қорықпаймыз денемізді шынықтаймыз, жылы киінеміз. Сырғанап ойнап, аққала жасаймыз. Олай болса балалар қыс мезгілінің жағымды және жағымсыз тұстарын әңгімелеп өтсек. **2 топқа бөлінеді** 1.ойын «Қыс мезгілінің ерекшеліктері» 1 топ: Жағымды жақтарын озара ақылдасып айтады. -Жағымды, себебі Көп қар болады және біз қардан аққала жасап ойнай аламыз. Қар жерді жабады және	**(көркем әдебиет,қазақ тілі)** Балалар ертегі кейіпкерлеріне баспана керек қой. Ендеше сендер өз еңбектеріңмен үй-баспана жасап беріңдер? Осы үйді тұрғызу үшін кім қандай еңбек етті? Кімнің әкесі құрылысшы болып жұмыс жасайды? Құрылысшылардың еңбегі туралы әңгімелесу. **(мүсіндеу,қоршаған ортамен таныстыру)** Ойын: «Көріп ал да,құрастыр» Міндеті: Үлгіге қарап,пішіндерді дұрыс құрастыра білуге үйрету. **(құрастыру)** **Музыка** – пән жетекшісінің жоспары бойынша.	**(музыка)** Енді балалар алдымыздағы көк түсті қағазға қылқаламның көметімен ақ түсті гуашқа матырып жапалақтап жауып тұрған қарды нүкте арқылы орнектейміз.**(сурет салу)** Жылы жерге қойған қарды бақылау сонымен қардың қасиеті жылы жерде суға айналғанына балалардың көзін жеткізу. **Дене шынықтыру** **Міндеті:** қырлы тақтаймен жүрген кезде тепе-теңдікті сақтау (жалпақтабанның алдын алу) қабілетін жетілдіру. Еденде бүйірімен тұрған сатының тепкішектерінің арасымен жанаспай еңбектеуді, еңбектеген кезде бағытты солға және оңға қарай жылдам өзгертуді үйрету. Шектеулі алаңда қос аяқтап секіріп жаттығу. Ептілік пен үйлестіру қабілетін дамыту, отансүйгіштікке баулу. **Ұйымдастырылған іс – әрекет:** Ойын түріндегі жаттығу: «Кім зейінді?»: тәрбиеленушілер бір-бірден тізбекке тұрады. Алдымен «шашыран» жүреді, сосын «шашыран» жүгіреді де, педагогтің жанына бірбірден тізбекке тұрады. Балалар қозғалыс кезінде бір-біріне соқтығыспауға тырысады. Негізгі қимыл-қозғалыстарды орындау. Еденде жатқан қырлы тақтайдың үстімен жүру. Қырлы тақтайдың үстімен жүрген кезде денені түзу ұстау, аяқты өкшеден басып, аяқтың ұшына ауыстыруға назар аудару. Еденде жатқан тақтайдың үстімен қос аяқтап секіру. Қимылдарды ізбе-із орындау тәртібін түсіндіру және	екендігіне тоқталу. Міне, көрдіңдер ме, балалар, адамдар үшін қызмет ететін көлік түрлері көп екен. Ал осындай көліктерге отыратын адамдарды жолаушылар деп айтамыз. Енді, балалар, мына суретке қарандаршы. Сендерге осы көлік түрлерінің ішінен қандай көлік таныс? Өрт сөндіруші машинесін қандай жағдайда пайдаланамыз? Өрт сөндіруші машинесінің түсінің неліктен қызыл болатындығы, жедел жәрдем машинесінің неліктен жабық түрде болатындығы және оны не үшін пайдаланатындығы, трамвай, өрт сөндіруші және жедел жәрдем машинесінің атқаратын қызметі, олардың ұқсастықтары мен айырмашылығы, көліктің құрылысы (кабинасы, шанағы, доңгелектері) туралы салыстырмалы түрде сұрақтар қоя отырып, толық мағлұмат береді. Ойын: «Даусынан таны» Үнтаспадан көлік түрлерінің (пойыздың гудогі, ұшақтың, көменнің т.б) дыбыстары естіледі. Ойын «Сипатта» Көп суреттердің ішінен өзіне ұнаған көлік түрі туралы алып, сипаттап айтып беру тапсырылады. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Сергіту сәті: «Бағдаршам» әні **(дене шынықтыру,музыка)** Түстер бойынша үш топқа бөлініп композиция құрастыру. Шығармашылық жұмыс. Әр топ өз қалаулары бойынша әуеде және жерде жүретін көлік түрлерін және бағдаршам бейнесін қағаз бетіне орналастыру,бағдаршамның көздерін ермексазбен жасап,әңгімелеп беру. **(математика негіздері,сурет салу,құрастыру,жапсыру,мүсіндеу)**

	Негізгі қимылды іс – әрекет: 1.Спорттық жаттығулар – мұзды жолдармен сырғанау. Шарты: Бір орыннан итеріле отырып, көлденең жолмен сырғанау. 2.«Бәсекелесіннен озып кет». Шарты: Екі бала бір бала отырған шананы тезірек сүйреп келу. Зейінді дамытуға арналған қимылды ойын: «Қайда десем, сонда жүгір» Ойынның шартын түсіндіру.«Мен қайда десем, сендер сонда жүгіресіңдер және мені күтесіңдер». Міндеті: етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). Шарты: «1-2-3 – маған қарай жүр!» – балалар педагогке қарай жүреді. «1-2-3 – құрсауға қарай жүгір!» – дейді. Ойын соңында «1-2-3 – ешқайда жүгірме,отыр!» дейді. Шаналардың арасымен жүру және жүгіру. Қандай ойындардың қатты ұнағаны туралы айтып беруді ұсыну. Қыс туралы өлең жолдарын айтып,топқа оралу. Далада қар борайды, Ақ мамыққа орайды. Мұз болады, қатады Жып жылтыр боп жатады. Аралайды бақшаны, Үзілмейді жақсы әні. Гүлденеді бақшалар, Жауса жаусын ақша қар. **Музыка** – пән жетекшісінің жоспары бойынша.	өсімдіктерді аяздан қорғайды. Табиғат әсемдене түседі. Шанамен, шаңғымен, конькимен сырғанауға болады. Қыс бізге көңілді жаңа жылдық мерекелер сыйлайды. Аяз ата мен Ақшақар бізге сыйлықтар әкеледі. 2. Топ жағымсыз жақтарын айтады. - Жағымсыз, себебі Қар жердің бетін жауып, жануарлар мен құстар тағамсыз қалды. Көше тайғақ, құлап қалу қауіпі үнемі жоғары. Адамдар суықтап ауырып қалады. Дала суық болады; Көліктердің дөңгелектері қарға тығылып қалады. Адамдар суық күнде қарды тазалаумен айналысады. Қыста жасыл шөп жоқ және ағаштарда жапырақтар жоқ. Қыс мезгілінде күннің жылуы болмайды. Адамдар да, құстар да, тіпті жануарлар да тоңады. **(қоршаған ортамен таныстыру)** 2. Ойын: «Жекеше-көпше» Тәрбиеші: -Бала дейді-балалар-оны көпше түрде айтады. (аққала, құс, адам). **(сөйлеуді дамыту)** 3.Ойын: «Мнемотехника әдісі» «Суретке қарап әңгімеле» балалар өз отбасындағы дәстүрлері туралы әңгімелеп береді. 4. Ойын: «Қыс көрінісі». Қағаз бетіне композиция құрастырады. 1 топ: Қар үлпаларын саусақ әдісі арқылы бейнелейді. **(сурет салу)** 2 топ: Аққаланың бөліктерін мақтамен толықтырады. **(жапсыру)** 3 топ: Ермексаздан аққаланың жетпеген бөліктерін дайындайды.**(мүсіндеу)** Композиция дайын болады.		көрсету. Тәрбиеленушілер еденге қойылған тақтайшаның үстімен қатарынан бірнеше рет секіріп өтеді. Аяқтарының ұшымен түседі. Тыныстыр тоқтатпай жеңіл түсуге тырысады. Тақтайдың шетіне шықпайды. Еденде бүйірімен тұрған сатының тепкішектерінің арасымен еңбектеу. Ойын түріндегі жаттығу: «Маған қарай еңбекте!» Шарты: алақаны мен тізесін тіреп төрт аяқтап еңбектеу, баспалдақ тепкішектерінің арасындағы саңылауға қарай еңбектеу, белгіленген сызыққа дейін еңбектеп, қатарға тұру. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Орныңды тап!». Шарты: Балаларды орын таңдауға шақырады. Балаларға қай тапсырманың ең қиын болғаны туралы әңгімелеп беруді ұсынады.	

		Балалардың салған қысқы көрінісін тамашалау, мадақтау. Қорытындылау: балалар, қыс мезгілі туралы көп әңгімеледік. Қазір серуенге шыққанда қыс мезгілін тамашалаймыз, ойнаймыз және құстарға қамқорлық жасаймыз. Қалай қамқорлық жасай аламыз? (балалар пікірімен бөліседі). Иә, дұрыс жем саламыз.			
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киінуді жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сырткы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру**)				
Серуен	**№ 6** **Қардың тереңдігін бақылау** **Міндеті:** Балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және әр жерде қар қалыңдығын өлшеу; қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс:** Жұмбақ Көктен түсіп көбейді, Үксайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар). **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын:** **«Ақшақарды ізде»** **Міндеті:** Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Тәрбиешіге көмектесу** **Міндеті:** Қар тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел соққанда), қардан	**№ 13** **Күннің ұзақтығын бақылау** **Міндеті:** Күн қысқа,түн ұзақ,соған назар аудару. Балалардың сөздік құрамына көніл бөлу, табиғатқа қызығушылығын арттыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс:** Мақал-мәтел. Егер жұмыс болмаса, кешке дейін күн де ұзақ. **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Бермеймін»** **Шарты:** Қалың қар үстінде шеңбер жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі бойынша өзіне тартып қалады. **Міндеті:** Балаларды күшті болуға, шыдамдылыққпен ойын ережесін бұзбауға тәрбиелеу. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** Еңбек: Ауланы түскен бұтақтардан жинастыру. **Міндеті:** Әр баланың еңбекке жүйелі қатысуын қамтамасыз ету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**№ 12** **Ауа райына қарай қардың өзгеруін бақылау** **Міндеті:** Жылы күндері жауған қар жабысқақ болады, қар жабысқақ, аққала жасауға ыңғайлы туралы болатынын балаларға түсіндіру, ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайтынын атап өту. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін тереңдете түсіндіру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс:** Болжау Аязды күні қар жауса – күн жылынады. Суықтан қорықпа – суық сумен жуын. Мақал-мәтел Қыс қандай болса, жаз да осындай. **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Бәйге»** **Міндеті:** Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету. Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Қардан жолды**	**№ 16** **Құстарды бақылау (сауысқан, торғай, көгершін)** **Міндеті:** Құстардың атауын есте сақтау, ұшып келетін құстарды белгілеріне сай ажырата білу (көлемі және түстеріне байланысты). Әр түрлі құстардың қозғалысы мен ерекшеліктерін ескере білуге үйрету (сауысқанның қадамы үлкен; торғай екі аяғымен секіреді; көгершін - жиі, ұсақ қадамдар жасайды т.б.) Құстар ұшып жүргенде немесе отырғанда жақсы көрінеді, егер олар ағаштың бұталарында отырса ажырату қиынға соғады. Құстарға қыста азық табу қиын болатындығын түсіндіру. Оларды қосымша тамақтандырып тұру керектігін түсіндіру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс:** Көркем сөз. Шыр-шыр еткен торғайды, Қорғамасаң болмайды, Кіп –кішкентай торғайлар,	**№ 14** **Қар жауғаннан кейінгі ағаштардың жайы қандай болатынын бақылау** **Міндеті:** Қар жауғаннан кейін ағаштың қалпы қандай әдемі екеніне балалардың көңілін аударту. Қар басқан ағаш бұтақтары майысып тұратынын, ол қалың қарды ақырындап түсіру керек екенін түсіндіру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс:** Мақал-мәтел. Желтоқсанда қыс ақ мамық төсейді Ал аяз өзен арқылы көпірлер тұрғызады. **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Аю аңында»** **Міндеті:** Әртүрлі бағытта балаларды жүгіруге, жылдам қозғалуға үйрету. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Бұтақтарды қардан сілкіп тазарту** **Міндеті:** Балаларға ағаштарды ажыратуды үйрету. Олардың эстетикалық танымын байыту. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**

	келергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**		**тазартуға тәрбиешіге көмектестіру.** **Міндеті:** Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу. **Тәжірибе:** Қардың қасиеттері. Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады. Қарға су құйсаң, одан қаршық жасауға болады. Қар дымқыл әрі жабысқақ, болады. **Қорытынды** Бұдан біз қардың дымқылдығынан қар әдемі тұтас түрде болатындығын байқадық. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	Бақшамызды қоргайды. **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Қарғалар»** **Міндеті:** Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Қыста құстарға далада тамақ беруге баулу** **Міндеті:** Берілген тапсырмаға жауапты болу,өз еңбегіне қанағаттана білу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Түскі ас	Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақтану тәртібін сақтаудың адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. (**Салауатты өмір салтын қалыптастыру, мәдени-гигеналық дағдылар, сауықтыру-шынықтыру шаралары)**				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	1.Төсекте жатып орындалатын жаттығулар. (2-3 минут) Төрт аяқтап тұрып мойнымызды жоғары созып миаулаймыз мяу мяу мяу. Отырып башпайларымызды уқалаймыз, аяғымызды сипаймыз. 2 Майтабанның алдын алу: Аяқтың ұшымен шеңбермен жүру, екі аяқпен секіру ,жүру орнымызға қарай жүгіру. Отырып оң аяғын сол аяғына қойып табандағы нүктелерге массаж жасау, аяқтарын ауыстырып табандағы нүктелерге массаж жасау, (3- 4 рет) 3 Арқаның қалпын сақтауға арналған жаттығулар. Тізеге тұрып қолымызды санымызға қою басымызды төмен қаратып арқамызды жоғары көтеру. Тізеге тұрып қолымызды санымызға қою басымызды жоғары созу, белімізді созу. Тізеге тұрып қолымызды санымызға қою оңға солға тербелу ақырын сосын жылдам. 4 Демалу жаттығулары: Мяууу мяууу мяууууу Фррр фррррр фррррр 5.Салқын сумен қолымызды бетімізді жуамыз, сарымсақты сумен ауыз қуысын шаю. **(Сауықтыру-шынықтыру шаралары, салауатты өмір салтын қалыптастыру)**				
Бесін ас	**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру:** Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тамақтану әдебін сақтау.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	Жұмбақ жасыру. Суретпен жұмыс: Балалар,қыс мезгілі бізде үш ай қонақта болады.Бәріміз бейнеэкранға қарап,сурет бойынша әңгіме құраймыз. 1. «Қысқы ойындар» 2. «Қысқы тіршілік» Балалар суреттерді әңгімелеп	Кітап бұрышында балалардың қалауы бойынша ертегілер айту. **(көркем әдебиет)** Д/ойын: «Ормандағы мекендеушілерге тәттілер» **(математика)** Міндеттері: санамай-ақ салыстыру арқылы тең немесе тең еместігін анықтай білу.	**Вариативтік компонент: «Таза болсы табиғат, аман болар адамзат»** **Тақырыбы:** «Орман тұрғындарына зиян келтірмеу үшін өзін қалай ұстау керек.» **Міндеті:** Орманда өзін-өзі ұстау	Ойын: «Даусынан таны» Шарты: Үнтаспадан ненің даусы екенін табу. Тапсырмаларды орындау. «Өз үйіңді тап» ойыны. Шарты: Пішіндер бойынша өз үйін табу. «Биік-аласа» ойыны. Шарты: Биік ағашка	Сюжеттік-рөлдік ойын: «Мамандықтар» Шарты: Қалаған мамандық иелерінің рөлін сомдап ойнау,ойын барысында еңбектерін бағалап,алғыс айтуды еске түсіру. **(көркем әдебиет)**

	береді,ондағы балаларға есімдер қойып,іс-әрекеттерін айтады. **(қазақ тілі)** «Қар жинау» ойыны. Шарты:Екі топқа бөлініп,мақтадан жасалған қарды күрекпен бір-бірлеп шелекке тасып жинау,қай топ қанша жинады салыстыру. **(математика негіздері)**	Ойын: «Аппақ қар» музыка ырғағымен қимылдар жасау. **(музыка)** Түрлі көлемдегі қыр (горка) жасау. **(құрастыру)**	ережелерімен таныстыру. Жануарлардың үйін құрметтуді тәрбиелеу **Ұйымдастырылған іс – әрекет:** Шаттық шеңбер Орманға саяхат Келе жатқанда абай болыңыз, жәндіктерді басып кетпеңіз. Айналадағы барнәрсені бақылап, әрі қарай жүре берініз. От жақпаймыз. Ағаштарды сындырмаймыз. Табиғат иеткен ғажап, оны қалайша сүйетінімізді және қадірлейтінімізді, бірде бір тірі жәндікке зиян тигізбес үшін қамқорлық жасауды түсінеміз. Осы жым – жырттық, тыныштық, қанағат сезімін өзіңізде сақтаңыз. Көзіңізді ашып, күлімсіреңіз! Қорытынды.Балалар өз ойларымен бөліседі.	көгеріңіздер, аласа ағашқа торғайды қою арқылы салыстырып, көлемін (үлкен, кіші, биік, аласа) атауларын атау. **(математика негіздері)**	
Балалармен жеке жұмыс	**Әділбек Асылыммен жеке жұмыс** Теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарын үйрету. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)**	**Болатұлы Санатпен жеке жұмыс** Ауа-райындағы және табиғаттағы маусымдық өзгерістерде қарапайым байланыстар орната білуді, қоршаған ортада, табиғатта қауіпсіздікті сақтай білуге үйрету. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**	**Еділ Айнамкөзбен жеке жұмыс** Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауды үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**	**Есен Айзеремен жеке жұмыс** Жүруді, жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүруді үйрету. **(Физикалық қасиеттері)**	**Ерхан Ханшаймымен жеке жұмыс** Қағаз парағын түрлендіруді, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыра алуға үйрету. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киінуді жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру**)				
Серуен	№ 6	№ 16	№ 12	№ 13	№ 14
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көметімен оларды тазалау, құрғату. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. (**Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру**)				
Балалардың үйге қайтуы	Балаларға бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы үйдегі жақындарына, достарына айтып беруді ұсыну.	Оқып берген ертегілерді сахналауды үйде қайталауды балаларға ескерту.	Қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы ата-аналарға балалармен әңгімелесуді ұсыну.	Ата-аналарға ата бойына жүргізілген жұмыстар бойынша ақпарат беру.	Ата-аналарға демалыс мезгілінде қазақ халық ертегілерін оқып берулерінө ұсыныс білдіру.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Топ: «Күншуақ» ересек жас тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 24 – 28 ақпан 2025 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау. Балаларды керемет көңіл-күймен қарсы алу. Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы, демалыс күндерін қалай өткізгендері жайлы әңгімелесу. **(музыка, сөйлеуді дамыту)** Әнұран айту.	Балалармен тәулік бөліктері туралы әңгімелесу. Міндеті: Тәулік бөліктері туралы түсініктерін қалыптастыру **(математика негіздері)**	Түрлі –түсті шармен қарсы алу. Міндеті: Балаларға жақсы көңіл – күй сыйлау. **(музыка)**	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге тарту. **(сөйлеуді дамыту,қазақ тілі)**	«Ауа – райы болжамы» Міндеті: Қыскы ауа – райына сипаттама бере білуге үйрету,табиғат құбылыстарының атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. **(қоршаған ортамен таныстыру)**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	**Ата-аналармен әңгіме:** Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру, логопед, психолог мамандардың кеңесіне жүгіну кестелерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ересектердің әңгімесіне араласпау, өз отінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту дағдыларын үйде де жетілдіру керектігі туралы ақпарат беру.	**Ата-аналармен әңгімелесу:** Мейірімділік әліппесі: «Құстарға қамқорлық жасаймыз» тақырыбы бойынша баланың әкесімен жем салғыш жасауына ұсыныс білдіру.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	*Ойын: «Топтағы ойыншықтар»* *Міндеті:* ойыншықтардың түрлерін 4-5 сөйлеммен сипаттауға, әңгіме құрастыруға үйрету. Шарты: Топтағы ойыншықтардың атын атау,дыбысын салу,бірлесіп ойнау. **(қазақ тілі)**	№39 «Қоянның денесіне лайықты пішіндерді тап» Міндеті: Балаларды геометриялық пішіндерді (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету. Шарты: балаларға қоянның үлгісін таратып береді, алдарындағы пішіндердің ішінен лайық жамауды табу. **(математика негіздері)** **Жеке жұмыс жазу,сабақты тексеру**	№36 «Суретті ретімен орналастыр» Міндеті: Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы үйрету. Шарты: Берілген шыршаларды биіктігіне қарай өсу ретімен орналастыру. **(математика негіздері)**	№46 «Қызықты лабиринт, нейро жаттығулар» Міндеті: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтауды, берілген бағытта қозғалуды (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен) үйрету. Шарты: Саусақтарын жүргізу арқылы орындалады немесе әр бала өз қалауымен жасайды. **(математика негіздері)**	№33 «Аққала құрастыру» Міндеті: Пішініне,көлеміне қарай аққаланы құрастыруды үйрету. Шарты: Аққала бөліктерін ретімен жинап құрастыру. **(математика негіздері,құрастыру)**
Ертеңгілік жаттығу	**Жаттығулар кешені №12**				
Таңғы ас	**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру:** Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тамақтану әдебін сақтау.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Жаңылтпаштар айту. Міндеті: Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту, ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін жаңылтпаштар айтуға үйрету. Тақпақ жаттап, Айтсақ жақсы-ақ. Жатқа тақпақ Жатта тақ-тақ	Мақал-мәтелдер айту. Міндеті: «Ү», «ү», «і», «қ» дыбыстарын сөз ішінде анық айтуға үйрету. Ұлық болсаң — кішік бол. Жүзден - жүйрік, Мыңнан - тұлпар. Ананың ізін қыз басар, Атаның ізін ұл басар.	Саусақ жатығуын орындау. Міндеті: балалардың саусақ маторикасын дамыту,ересектің нұсқауы бойынша қимылдар жасауға үйрету. **(қазақ тілі, математика негіздері)**	«Саусақтар жүреді» Міндеті: 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту. **(математика негіздері)**	Тіл ұстарту жаттығулары. Міндеті: артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Ыс-ыс-ыс, келіп жетті қыс Ар-ар-ар жауады қар Яз-яз-яз, сақылдаған сарыала

	(сөйлеуді дамыту)	Қазақ тілі			На-на-на зулайды шана, (сөйлеуді дамыту,қазақ тілі)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Тақырыбы: «Ойыншықтар неден жасалады?»** **Міндеттері:** Қоршаған ортадағы заттар мен тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету. 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, «Нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеністікте орналасуын айқындау. Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға баулу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Тобымызға үш түрлі материалдан жасалған ойыншықтарды алып келу. Олар: ағаштан жасалған мәшине, пластмассадан жасалған құыршақ, шыныдан жасалған ыдыс-аяқ. Балалар қызығушылық танытады. **(қоршаған қортамен таныстыру)** Сипаттама беру. – Балалар, мына мәшине неден жасалған? – Сонда балалар, біз айналамыздағы ағашты ойыншыққа да пайдаланамыз? Ағаштың адамға тағы қандай пайдасы бар? Мақал-мәтел: «Бір тал кессең, Он тал ек»	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы:** **«Бір, екі, үші – қайтала!»** **Міндеттері:** Допты көтерілген қолдың деңгейінде тартылған жіп арқылы лақтыру, допты алға-жоғары бағыттау қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз. Гимнастикалық қабырғамен өрмелеуге жаттықтыру, оңға қосалқы адым жасап, бір кермеден (пролет) екіншісіне көшу және көлденең бағытта кермелерден ізбе-із ұстау қабілетін дамытуды жалғастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын түріндегі жаттығу «Кім зейінді?»: балалардың зейінін және кеністікте бағдарлау қабілетін дамыту. Сапқа әр тұрған сайын орын ауыстырып отырады. Ойын түріндегі гимнастиканы орындау. Негізгі қимылдарды орындау. Допты кеуде тұсында ұстап, тор арқылы лақтыру – лақтыру бағыты алға-жоғары. Лақтырған кезде ізбе-ізділіктің сақталуына, балалардың қатарда дұрыс тұруына назар аударады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Бос орын». Ойыншыларға бір-біріне арқасымен тұруға көмектеседі. Ережелердің орындалуын қадағалайды. **Қазақ тілі** **Міндеттері:** қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, еліктінді қолданып, оларды есте сақтауға баулу. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу Қазақ тіліне тән қ, ұ, дыбыстарын жекс, сөз ішінде анық айтуға баулу.Теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру.	**Тақырыбы: «Логикалық тапсырмалар»** **Міндеттері:** Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. Қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға баулу. Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге үйрету. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру. Кеністік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу. Заттардың пішіні: үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Геометриялық пішіндерден жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. дағдыларын дамыту. Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** «Цифрды тап» ойыны. Педагог балаларға цифрды көрсетеді және оның қандай цифр екенін сұрайды. 1-тапсырма. Педагог сұрақ қояды: –Қояннның неше сәбізі бар? –Тиіннің неше саңырауқұлағы бар? –Себетте қандай сан жазылған? Педагог себетті төрт заты бар анмен сызық арқылы қосуды сұрайды (тиінмен). Нақтылайды: –Неліктен тиінмен қостыңдар? 2-тапсырма.	**Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Көңілді шарлар»** **Міндеттері:** тақтайдың екі жағынан жүріп, ажырау, тұрақты тепе-теңдік сақтау қабілетін дамытуды жалғастырамыз. Оңға қосалқы адым жасап бір кермеден екіншісіне өту, баспалдақтың тепкішектерін қолмен қолденең бағытта ұстау қабілетін қалыптастыру. 20 см биіктен терендікке секіру қабілетін нығайту, бас пен денені тік ұстап, алға қарап тұру қабілетін жетілдіру **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалардың назарын кейіпкер – Көңілді шарға аударады. Көңілді шардың тапсырмаларын орындау: сапқа тұру, сапта орташа қарқынмен жүру, жүгіру, тоқтау, отыру, қозғалыс бағытын өзгерту. № 1 сурет. Ойын түріндегі гимнастика: «Сағат». Қимылдарды орындау және сөздерді қайталау. Сағаттың тіліндей, Иіліп оңға бір, Сағаттың тіліндей, Иіліп солға бір. Оң аяқ, сол аяқ, Жаттығу оңай-ақ. Негізгі қимылдарды ойын түрінде орындау: № 2 сурет. 20 см биіктен терең секіру. Секіргеннен кейін тепе-теңдіктің сақталуына, балалардың денесін тік ұстап, алға қарап тұруына назар аударады. №3 сурет. Оңға қарай қосалқы адым жасап, бір-бір аралықтан екіншісіне өту арқылы гимнастикалық қабырғамен өрмелеу (3 кермеден). Аралықтан-аралыққа өткен кезде қол мен аяқтың үйлесімді қимылдауына назар аудару	**Міндеттері:** Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. Қоршаған ортадағы құстардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Геометриялық пішіндерден жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Тақтадағы суреттерге қарандаршы, қай жыл мезгілі бейнеленген? — Қыс мезгілі. — Мына жерде не көріп тұрсыңдар? — Қар басқан үйді, үйшікті, қар басқан талды көріп тұрмыз. — Балалар, менің қолымдағы нені суреті? — Қарға- — Қарға деп бәріміз қайталайықшы.Қарғаның тұмсығы бар, тұмсығымен су ішеді,жем шоқып жейді. Қарғаның қанаты бар, қанатын жазып ұшады. Қарға қандай дыбыс шығарады? — Қарқ-қарқ деп дыбыстайды. — Қарға аспанда қалай ұшады, қимылын салып көрейікші. (Балалар қарғаның қимылын салады) — Балалар, мына суретке қарандаршы бұл тиін, қалс қайталайықшы. — Тиін. — Тиіннің жүні ұлпадей, сондай әдемі ан. Тиін жа жейді, қане бәріміз жа

Мақал-мәтелді «Үш дауыс» әдісімен жаттату.
Мазмұнды-рөлді ойын:
«Ойыншықтар дүкені»
Сөреде қанша ойыншық бар?.
Ақ нешеу?
Қоян ше?
Мәшине үлкен бе?
Ұшақ үлкен бе?
(математика негіздері)
Әңгіме құрау: «Менің ойыншығым»
(көркем әдебиет,сөйлеуді дамыту)
«Мәшине» **(жапсыру)**
Мәшинеге жол салу.
(сурет салу).
Еркін ойын «Конструктор»
(құрастыру)
Музыка – пән жетекшісінің жоспары бойынша.
Дене шынықтыру
(таза ауада)
Тақырыбы:
«Ойнаймыз – денсаулықты нығайтамыз»
Міндеттері: қолды екпінді түрде жаза отырып, текшелерді алға-жоғары-алысқа дәлдеп лақтыруға үйрету. Қолдарын түрлі қалыпта ұстап, толтырмалы шарлардан аттап өту арқылы жүруге жаттықтыру, үйлесімділік қабілеттерін, динамикалық тепе-теңдікті дамыту. Мейірімділікке тәрбиелеу.
Ұйымдастырылған іс-әрекет:
Доптарға назар аударады. Бұрын доппен жасалған жаттығуларды еске түсірулерін сұрайды. Доптың көмегімен денсаулығын нығайтуға шақырады.
Тізбекте бір-бірден жүру және жүруді жүгірумен алмастыру; шашырап жүру және жүгіру. Екі тізбек болып сапқа тұру. Жалпақтабанның алдын алуға арналған жаттығулар. Доппен орындалатын жаттығулар.
Б.қ.: отыру. Допты табанмен домалату – өкшеден аяқтың ұшына дейін, оң/сол аяқпен кезекпен қайталау, допқа катты салмақ салмай жеңіл домалату.
Б.қ.: отыру. Допты табандарымен екі

Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.
Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру.
Ұйымдастырылған іс-әрекет:
Ғажайып сәт: ойыншық ақ қоянды қонақ ретінде таныстыру.
Балалар қызығушылық танытады.
Сұрақ-жауап:
– Балалар бұл не? (Бірге қайталату: қоян).
Қ дыбысын буын ішінде келтіріп қайталату арқылы жаттығуды орындату.
Қо-ко-ко – қоян.
Құ-құ-құ – құлақ.
Қа-қа-қа – қалам.
Қы-кы-қы – қылыш.
Қу-ку-қу – құлық.
(«Қ» дыбысының дауыссыз дыбыс екендігін, ауыз қуысынан еркін шықпай, қысылып шығатындығын балаларды айтқызу арқылы ажырату).
Қоянға сипаттама беру:
– Қоянның түсі қандай?
– Қояннның түсі ақ.
– Оның жүні қандай?
– Оның жүні жұмсақ, мамық, үлпілдек.
– Қояннның құлағы қандай? Ұзын ба әлде қысқа ма?
– Неше құлағы бар?
– Қояннның құлағы ұзын ба,қысқы ма?
(математика негіздері)
Педагог сөзін қайталау арқылы, «қ» дыбысын анық айтуға тырысу»
(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)
Сергіту жаттығуы: «Сұр қоян».
Ұзын құлақ, сұр қоян
Естіп қалып сыбдырды,
Ойлы-қырлы жерлермен 28
Ытқып-ытқып жүгірді.
Қарап еді артына,
Қиығын сап көзінің,
Келе жатқан томпаңдап
Көжегі екен өзінің.
(Т. Бердияров)
(көркем әдебиет)

Педагог сол жақтағы цифр қандай санды көрсетіп тұрса, жолақтың ішіне сонша заттың суретін салуды тапсырады. Педагог орындалған тапсырманы тексереді және мынадай сұрақ қояды:
– 5, 4, 3 цифрларының қасына неше заттың суретін салдыңдар және не себептен? **(математика негіздері,сөйлеуді дамыту)**
Қимылды ойын: «Көжектер»
Шарты: Балалар шеңбер жасап тұрады. Бір бала «түлкі» болады. Қалғандары көжектер секіріп билеп жүреді. Түлкі сыбдырды естіп көжектерді қуады. Қаша алмай қалған көжектерді түлкі ұстап алады
(дене шынықтыру)
Өлең шумақтарын оқу,не туралы екенін сұрау.
Ақ қоян - ау, ақ қоян
Кетпе деймін қасымнан
Барма, сірә, мұндай ән,
Өз - өзінен шошынған.
Барлығымыз қолымызды иегіміздің астына қойып «Қ»дыбысын айтайықшы.
Барлығы бірге «қ» дыбысын (үш рет) қайталап айтады
-Иегіміз қолымызға тиіп тұр ма?
-Неліктен тимей тұр екен? Балалар жауабы:
-Себебі ол қандай дыбыс екен?
(көркем әдебиет,қазақ тілі)
3-тапсырма.
Педагог оң қолына қояннын, сол қолына тиіннің ойыншығын ұстап тұрады. Балалардан тиін мен қоянды қай қолына ұстап тұрғанын сұрайды. Содан соң теріс қарап, балаларға арқасын беріп тұрады және ойыншықтардың қай қолда тұрғанын табуды сұрайды.
Осыдан қорытынды жасайды:
–Егер адам сендерге қарап тұрса, оның «оң» сендердің «сол жағың» болып табылады.
Педагог балаларға тапсырманы дәптерге орындау керектігін айтады. Содан соң сұрайды:
–Бала бетімен қарап тұр ма, әлде

қажет.
№4 сурет. Еденге қойылған тақтайлардың үстімен жүру, тапсырманы орындау – тақтайдың екі жағынан жүріп, екі жаққа ажырап кету.
Қимылдарды түсіндіру (балалар көрсетеді). Тақтайлардың жанына дұрыс тұруға көмектеседі.
Қимыл-қозғалыс ойыны: «Сокыртеке»
Қандай құстарды білесіндер? Ал қандай құстарды қыста далалан көрдіңдер? Кейбір құстар жылы жаққа ұшып кетеді? Ондай құстарды қалай атайды? Жұмбақтар шешеді: Суретші қандай құстардың суретін салды? Құстар туралы білетіндерін әңгімелейді.
Суықторғай – жотасы қоңыр, кеудесі сұр, кішкентай құс. Олар үйірімен жүреді. Торғай – пайдалы құс. Ол зиянкес құрттар және дәнді дақыл, нан қиқымдарымен қоректенеді.
Сарышымшық – жылдам ұшатын құс. Кеудесі сары-жасыл, басы, тамағы қара, құйрығы мен қанаты көгілдір, қарны сары, ал желкесінде ақ дақ бар. Суықторғай мен сарышымшық жазда жәндік және жидектермен қоректенеді, түрлі дәнді дақылдар да – олардың қорегі. Қыста адамдарға жақын жерге ұшып келіп, олар жасаған жемсауыттардағы жемді шоқып жейді. **(коршаған ортамен таныстыру, сурет салу)**

қайталайықшы.
— Жаңғақ.
— Тиін талдан-талға жеңіл секіреді.(Талға тиінді қою)
Мына ағашта неше тиін бар?
Қайсы ағашта тиін көп?.
(математика негіздері)
— Енді тиіннің қимылын көрсетейікші.
(Балалар тиіннің қимылын салады)
Ал мынау күшіктің суреті.
Күшіктің де жүні жұмсақ, әдемі, сүйкімді. Қане күшікке ат қояйықшы. Күшікке Ақтөс деп атайық. Ақтөс ет, сүйек жегенді жақсы көреді. Олар адамның досы. Егер үйге бөтен адам келсе үреді. Күшіктер қайтып үреді?
— Аф-аф деп үреді.
— Ал енді, балалар, Ақтөстің қимылын салайықшы.
(Балалар күшіктің қимылын салады). Енденс күшікті мүсіндейік. (мүсіндеу)
— Балалар қарға ұшады екен, ал тиін секіреді екен, ал күшік болса жүгіреді екен. Енді біз «Не ұшады, секіреді, жүгіреді» ойынын ойнап жіберейік. Менің қолымда қарғаның, тиіннің, күшіктің бетперделері бар. (Балалар бетперделерді киіп, соған сәйкес тағамдарын тауып әкеледі)
Мүсіндеген күшіктерімізге үйші құрастырайық, келесі тоң жабыстырайық. (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, коршаған ортамен танысу,жапсыру, құрастыру)

	бүйірден қысып 5–10 секунд ұстап тұра, арасында босату. Б.қ.: отыру. Допты домалату, екі аяқпен бір уақытта, өкшеден башпайларға қарай домалату. Б.қ.: отыру. Табандарын допқа қояды. Допты қатты баспай, оңға/солға айналдырады. Б.қ.: отыру. Өкшені доптың үстіне қояды. Аяқтың ұшы жерге тиіп тұрады. Өкшемен допты басады, екі аяқпен бір уақытта немесе бөлек-бөлек жасауға болады. Негізгі қимылдарды орындау: Оң және сол қолмен алысқа лақтыру. Екі сап түзеп тұру. Жаттығуларды түсіндіру және орындалу тәсілін көрсету: доптың ұшу траекториясы бүгілген қолдарды белсенді жазуға тікелей байланысты. Тәрбиеленушілер оң, сосын сол қолдарымен лақтырған кезде шынтақтан бүгілген қолын екпінді түрде жазады. Алға, жоғары, алысқа лақтыруға тырысады. Педагогтің белгісі бойынша бірінші қатар текшені белгіленген сызықтан асыра лақтыруға тырысады, содан кейін екінші қатар лақтырады. Тепе-теңдік – қолдарын түрлі қалыпта ұстап, толтырмалы шарлардан аттап жүру (лекпен). Допталды бір-бірінен 1 метр арақашықтықта бір қатарға орналастыру. Нұсқау – тізені жоғары көтеріп, аяқты ұшына қою, қолдың қалыбын өзгерту. Қимылды ойын: «Соқыртеке» (3 рет). Педагог ойынның ережесін түсіндіреді. Санамақ арқылы «Соқыртекені» таңдайды, оның көзін байлайды. Ойын түріндегі жаттығу: «Зырылдауық»: допты зырылдауық сияқты айналдыру үшін саусақтармен бұрап айналдырады. «Кім бәрінен епті» Қолына доп ұстап, 40 см биіктікке тартылған арқанның астымен еңбектеп өтеді. Нұсқау: допты еденге тигізуге болмайды. Өзіне-өзі массаж жасау: «Шапалақ». Спортпен шұғылданған адамның дені сау болатынын еске салады.	(Сергіту жаттығуын қимыл-қозғалыс арқылы орындайды). – Балалар, көжек деген не? (Қоянның баласы) (К дыбысын буын ішінде келтіріп қайталату арқылы жаттығуды орындату. Кө-кө-кө-көжек. Кө-кө-кө-көже. Кө-кө-кө-көкек. Кө-кө-кө-көрпе. Жаттығуды қайталау арқылы «К» дыбысын анық айтуға тырысады. («К» дыбысының дауыссыз дыбыс екендігін, ауыздан кедергілерге ұшырап, қысылып шығатындығын түсіндіру). – Балалар көжек қандай болады? (Көжек кішкентай, жүндері жұп-жұмсақ және сүп-сүйкімді болады). Дидактикалық ойын:«Көжекпен ойналық» Міндеті: балалардың ойлау қабілетін дамыту және жылдамдылыққа үйрету. Көжектің сәбізге дейінгі жолын сызып көрсет. – Қоян жүзеді ме? Әлде ұшады ма? (Секіріп жүгіреді). – Ол қандай жабайы аңдардан қорқады? – Жабайы аңдарға нелер жатады? **(қоршаған ортамен таныстыру)** Мақалдың мағынасын түсіндіру. Мал жуасы – қой, Аң жуасы – қоян. (Жуас, момын, ешкімге зияны жоқ). Мақал-мәтелді «Үш дауыс» әдісімен жаттату. Әдістің қолданылуы: • бірінші жоғары дауыспен; • екінші ортаңғы дауыспен; • үшінші төмен дауыспен қайталанылады. Сергіту сәті: «Сұр қоян» Музыка әуенімен қимылдар жасайды. **(музыка)** Балалар қоян неден қорқады?.Әрине қасқырдан, түлкіден. Ендеше қоянға жасырыну үшін қысқы орман суретін салайық. **(сурет салу)** Қоянға арнап сәбіздер жабыстырайық.	аркасын беріп тұр ма? –Оның «оң жағы» қайсы, «сол жағы» қайсы? –Жалауша оның қай қолында? –Шар баланың қай қолында? Педагог баланың оң қолындағы затты көк карындашпен бояуды тапсырады. Демонстрациялық материалдың №2 кестесі бойынша тақырыпты бекіту және қайталау. 4-тапсырма. Педагог суреттегі жыл мезгілін тауып, оны сәйкестендірулерін сұрайды. Оны бояп, ал артық суретті қоршап сызуларын тапсырады.**(қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу)** Балалардан сұрайды: –Алма салынған себетті неліктен сызып тастадыңдар? –Қандай суреттерді боядыңдар және неге? –Қыс мезгілінің тағы қандай белгілерін білесіңдер? –Кім өз тамағын себетке салды? –Мен сендерге қарап тұрмын. Менің «сол жағым» қайсы, «оң жағым» қайсы? Балалар суреттегі екі себетке оң жағына алманы орналастырайық, ал сол жағындағы себетке алмұртты мүсіндейік. . **(құрастыру,жапсыру,мүсіндеу)** **Музыка -** пән жетекшісінің жоспары бойынша		

		Үлкен сәбіз қоянға, ал кішкентай сәбіз көжегіне.Сәбіз қандай геометриялық пішінге ұқсайды?. Дұрыс үшбұрышқа. **(жапсыру)**			
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киінуді жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Серуен	**№ 19** **Ауа сыпырушының еңбегін бақылау** **Міндеті:** Аула тазартушының қардан тазалау кезіндегі еңбек құралдары жайында білімдерін бекіту. Үлкен адамдардың еңбектері туралы түсініктерін кеңейту. Адамдардың еңбектерін сыйлап, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс** **Мақал-мәтелдер жаттау** -Еңбек етсең ерінбей-тояды қарның тіленбей. -Ердің атын еңбек шығарады. -Ер дәулеті-еңбек. **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Кім күшті?» (қазақтың ұлттық ойыны)** **Міндеті:** Жаттығу жасау барысында еңбектену,жолдасымен бірлесіп жасау; дұрыс ойын ережесін сақтауын қадағалауды үйрету. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Аула сыпырушыға көмектесу** **Міндеті:** Үлкенге комек көрсете білуге тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**№ 7** **Тайғанақты бақылау** **Міндеті:** Тайғанақтың пайда болу жолдарын түсіндіру. Ауа райы тез жылынғанда,ілезде аяз болып, одан кейін болатын құбылыс тайғанаққа айналатынын түсіндіру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Ұзын жол бойында»** **Міндеті:** Мұз жолы бойынша тайғанақтау кезінде тепе-теңдікті сақтауға үйрету. Жарыстарға қатысуға ынталандыру. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Балалармен жеке жұмыс:** Жұмбақ шешу. Отқа жанбайды, Суға батпайды. (мұз) **Коммуникативтік дағды** **Еңбек: Жолға құмды тогу** **Міндеті:** Жолға құм тогу- еңбектің себебін балаларға түсіндіру. Өз еңбегінің нәтижесін көруге үйрету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**№ 12** **Ауа райына қарай қардың өзгеруін бақылау** **Міндеті:** Жылы күндері жауған қар жабысқақ болады, қар жабысқақ, аққала жасауға ыңғайлы туралы болатынын балаларға түсіндіру, ал аязды күндері қар үгітіліп, құрғап тұрғанда ештеңе жасауға болмайтынын атап өту. Ауа қысымының өзгеруіне байланысты қардың өзгеретінін бақылатып отыру, қардың өзгеру себептерін түсіндіру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс:** Болжау Аязды күні қар жауса – күн жылынады. Суықтан қорықпа – суық сумен жуын. Мақал-мәтел Қыс қандай болса, жаз да осындай. **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Бәйге»** **Міндеті:** Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету. Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға үйрету. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Қардан жолды тазартуға тәрбиешіге көмектестіру.** **Міндеті:** Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу. **Тәжірибе:** Қардың қасиеттері. Аязды күні қарды қолғаппен алса, ол жабыспайды, шашылады. Қарға су құйсаң, одан қаршық жасауға болады. Қар дымқыл әрі жабысқақ, болады. **Қорытынды** Бұдан біз қардың дымқылдығынан қар әдемі тұтас түрде болатындығын байқадық. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**№ 13** **Күннің ұзақтығын бақылау** **Міндеті:** Күн қысқа,түн ұзақ,соған назар аудару. Балалардың сөздік құрамына көңіл бөлу, табиғатқа қызығушылығын арттыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс:** Мақал-мәтел. Егер жұмыс болмаса, кешке дейін күн де ұзақ. **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Бермеймін»** **Шарты:** Қалың қар үстінде шеңбер жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі бойынша өзіне тартып алады. **Міндеті:** Балаларды күшті болуға, шыдамдылыққпен ойын ережесін бұзбауға тәрбиелеу. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** Еңбек: Ауланы түскен бұтақтардан жинастыру. **Міндеті:** Әр баланың еңбекке жүйелі қатысуын қамтамасыз ету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**№ 16** **Құстарды бақылау (сауысқан, торғай, көгершін)** **Міндеті:** Құстардың атауын есте сақтау, ұшып келетін құстарды белгілеріне сай ажырата білу (көлемі және түстеріне байланысты). Әр түрлі құстардың қозғалысы мен ерекшеліктерін ескере білуге үйрету (сауысқанның қадамы үлкен, торғай екі аяғымен секіреді, көгершін - жиі, ұсақ қадамдар жасайды т.б.) Құстар ұшып жүргенде немесе отырғанда жақсы көрінеді, егер олар ағаштың бұталарында отырса ажырату қиынға соғады. Құстар қыста азық табу қиын болатындығын түсіндіру. Олар қосымша тамақтандырып тұру керектігін түсіндіру **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс:** Көркем сөз. Шыр-шыр еткен торғайды. Қорғамасаң болмайды. Кіп –кішкентай торғайлар. Бақпамызды қорғайды. **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Қарғалар»** **Міндеті:** Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Қыста құстарға дән тамақ беруге баулу Міндеті:** Берілген тапсырмаға жауапты болу,өз еңбегіне қанағаттана **Танымдық іс – әрекет дағдылары**
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				

Түскі ас	Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақтану тәртібін сақтаудың адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. **(Салауатты өмір салтын қалыптастыру, мәдени-гигиеналық дағдылар, сауықтыру-шынықтыру шаралары)**				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	1.Төсекте жатып орындалатын жаттығулар. (2-3 минут) Төрт аяқтап тұрып мойнымызды жоғары созып миялаймыз мяу мяу мяу. Отырып башпайларымызды укалаймыз, аяғымызды сипаймыз. 2 Майтабанның алдын алу: Аяқтың ұшымен шеңбермен жүру, екі аяқпен секіру ,жүру орнымызға қарай жүгіру. Отырып оң аягын сол аягына қойып табандағы нүктелерге массаж жасау, аяқтарын ауыстырып табандағы нүктелерге массаж жасау, (3- 4 рет) 3 Арқаның қалпын сақтауға арналған жаттығулар. Тізеге тұрып қолымызды санымызға қою басымызды төмен қаратып аркамызды жоғары көтеру. Тізеге тұрып қолымызды санымызға қою басымызды жоғары созу, белімізді созу. Тізеге тұрып қолымызды санымызға қою оңға солға тербелу ақырын сосын жылдам. 4 Демалу жаттығулары: Мяууу мяууу мяууууу Фррр фррррр фррррр 5.Салқын сумен қолымызды бетімізді жуамыз, сарымсақты сумен ауыз қуысын шаю. **(Сауықтыру-шынықтыру шаралары, салауатты өмір салтын қалыптастыру)**				
Бесін ас	**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру:** Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тамақтану әдебін сақтау.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	«Асхана» сюжеттік-рольдік ойыны. Міндеті: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды атауды, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	«Ақ қоян» Міндеті қоянды геометриялық пішіндерден дене бөліктерін құрастыру және ермексаздан қорегін жасау **(құрастыру,мүсіндеу)** «Тапқыр қоян» ертегісін оқып беру,әңгімелеу,сахналау. **(көркем әдебиет)**	**Вариативтік компонент: «Таза болса табиғат, аман болар адамзат»** **Тақырыбы:** «Табиғатты қорғаудағы халық болжамдары» **Мақсаты:** Туған өлкенің табиғатын қорғау, халық болжамдар жөнінен түсінік беру. Халық болжамдарын өз тәжірибелерінде пайдалана білуге, құрметтеуге тәрбиелеу. Барысы: 1.Шаттық шеңбері. 2. Туған өлкенің табиғатын қорғау, халық болжамдар жөнінен түсінік беру. 3.Халық болжамдары, суреттер. 4.Сергіту сәті. 5.Халық болжамдарын өз тәжірибелерінде пайдалана білуге, құрметтеуге тәрбиелеу. 6.Қорытынды.	«Үш аю» ертегісі Міндеті: Ертегіні тыңдай отырып, сөздік қорын молайту. **Сөйлеуді дамыту**	«Құстар неге сөйлей алмайды? ертегісін тыңдау». Міндеті: шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу. **(көркем әдебиет)**
Балалармен жеке жұмыс	**Әділбек Асылыммен жеке жұмыс** Теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарын үйрету. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)**	**Болатұлы Санатпен жеке жұмыс** Ауа-райындағы және табиғаттағы маусымдық өзгерістерде қарапайым байланыстар орната білуді, қоршаған ортада, табиғатта қауіпсіздікті сақтай білуге үйрету. **(Әлеуметтік эмоционалды**	**Еділ Айнамкозбен жеке жұмыс** Үсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауды үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**	**Есен Айзеремен жеке жұмыс** Жүруді, жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүруді үйрету. **(Физикалық қасиеттері)**	**Ержан Ханшайыммен жеке жұмыс** Қағаз парағын түрлендіруді, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыра алуға үйрету. **(Шығармашылық**

		дағдыларды қалыптастыру)			**дағдыларының, зерттеу** іс-әрекетінің **дамуы)**
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киінуді жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру**)				
Серуен	№ 19	№ 7	№ 12	№ 13	№ 16
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Балалардың үйге қайтуы	Балаларға бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы үйдегі жақындарына, достарына айтып беруді ұсыну.	Оқып берген ертегілерді сахналауды үйде қайталауды балаларға ескерту.	Қыс мезгілігін ерекшеліктері туралы ата-аналарға балалармен әңгімелесуді ұсыну.	Ата-аналарға апта бойына жүргізілген жұмыстар бойынша ақпарат беру.	Ата-аналарға демалыс мезгілінде қазақ халық ертегілерін оқып берулеріне ұсыныс білдіру

БЕКІТЕМІН:

ЖШС-гі «Ақжайық көбелекжай-балабақшасы

меңгерушісі _____ Б. Сансызбаев

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің қызметінің циклограммасы

Наурыз айы

Тәрбиеші: Абдраманова. Х

2024-2025 оқу жылы

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Топ: «Күншуақ» ересек жас тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 3 – 7 наурыз 2025 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Демалыс күндерің қалай өтті? Балалармен әңгіме жүргізу. **Қазақ тілі**	Балаларды жақсы көңіл -күймен қарсы алу. Суреттермен жұмыс «Жануарлар» Міндеті: жануарларды таныш, аттарын атап айтуды,дыбысын салуды үйрету. **Қоршаған ортамен таныстыру**	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. **(сөйлеуді дамыту)**	Балаларды жақсы көңіл - күймен қарсы алу. Әуенді ойын: «Көңіл күй» Міндеті: Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында қимылдар жасау. **Музыка**	Балаларды қабылдау: балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалармен әңгіме жүргізу. **Қазақ тілі**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	**Ата-аналармен жұмыс:** «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.	**Ата-аналармен әңгіме**: Ата-аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата –аналармен қарым – қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.	**Ата-аналармен жұмыс:** «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	Ойын: «Ғажайып қорапша» Ойын шарты: Балалар көздерін жұмып қоржынның ішінен кез - келген ойыншықты алып,сол шыққан ойыншықтың атын, түсін,пішінін ,көлемін,қатты-жұмсақ екенін айтып, жақсы мейірімді тілек білдіреді. **(сөйлеуді дамыту,математика негіздері)**	№60 «Үй жануарлары луллия сақиналарымен» Шарты: Қиынды дөңгелек пішіндерді орналастыру арқылы үй жануарларын табу. **Сөйлеуді дамыту**	«Бұл қандай мамандық?» ойыны. Міндеті: Ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. **Көркем әдебиет**	№55 «Танып ал да, атын ата» Міндеті: Заттың түр - түсін, пішінін, атын атауға үйрету. Шарты: Ортаға әртүрлі суреттерді тастау. Әр бала өзінің таңдаған суретін алып, оның түр - түсі, пішіні жайлы әңгіме айтып береді. **(математика негіздері)**	№6 «Көршісін тап!» Міндеті: 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға үйрету. Шарты: Әр балаға карточка таратылады сол арқылы санның көршілерін табу керек. **Математика негіздері**
Ертеңгілік жаттығу	**Жаттығулар кешені №13**				
Таңғы ас	**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру:** Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тамақтану әдебін сақтау.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Менің ойыншықтарым» М.Әлімбаев Міндеті: Сөздік қорды заттар	Тіл ұстарту жаттығулары. Міндеті: артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде	Шаттық шеңбері: Атам менің күйші Апам менің биші.	«Жаңылтпашты жаңылмай айт» Міндеті: Қазақ тіліне тән ө,	Суреттермен жұмыс «Жануарлар» Міндеті: жануарларды таныш,

	тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен байыту.	тыныс алуды, фонематикалық естуді анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Ие-ие-ие, Маң-маң басқан түйе. Та-та-та, Жібек жүнді бота. Ой-ой-ой, Қорада тұр қой. **Қазақ тілі**	Асқан шебер жаңұямда Анам бар тігінші. Әкем болса ұста Үй салады қыста. Үйде өзім жалғыз қалам Бәрі де жұмыста. **Сөйлеуді дамыту**	қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтады. Үш кіші ішік піштім, Бес кіші ішік піштім, – Неше кіші ішік піштім?! **(қазақ тілі)**	аттарын атап айтуды,дыбысын салуды үйрету. **Қоршаған ортамен танысу**
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Музыка** – пән жетекшісінің жоспары бойынша. **Тақырыбы: «Ойыншықтарды жинаймыз»** **Міндеттері:** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді жекеше және көпше түрде дұрыс қолдануға үйрету. Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. Жұмбақтар шешу арқылы ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға баулу. Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.Айналаны қоршаған заттар, ойыншықтар – адамдардың	**Тақырыбы: «Жас өрт сөндірушілер»** **Міндеттері:** аздап жоғары көтерілген баспалдақтың тақтайшалары арқылы аттап өтуге, тізені жоғары көтеріп, аяқты ұшымен қоюға, денені тік ұстап, тепе-теңдікті сақтауға үйретуді әрі қарай жалғастыру. Оңға қарай қосалқы адымды тізені көп бүкпей, арқа мен басты тік ұстап орындау қабілетін дамыту. Еденде бүйірімен тұрған баспалдақ тепкішектерінің арасымен еңбектеп өтуге жаттығу, дененің күшін арттыру, ептілікке баулу. Өзгелерге көмектесуге, тапқырлыққа тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Бір-бірден сапта жүру, баяу қарқынмен жүгіру – бір минут; адымдардың қарқыны мен ырғағын сақтау. Тыныс алу гимнастикасы. Қосалқы адым жасап жүру: денесін оңға қарай бұрмай, тік ұстау қажет. Екі сапқа тұру. Қамшыны (өрілген жіп бұрым) пайдаланып, жалпы дамытатын жаттығуларды орындау. Бастапқы қалыптың дұрыс сақталуына, мейлінше төмен	**Міндеттері:** Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. Сахналық қойылымдарға қатысуға ынталандыру. Жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу,заттарды салыстыру.Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы,пішіндегі элементтерімен безендіру,жапсыру дағдыларын қалыптастыру.Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру. Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, домбыра, сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау.Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының	**Міндеттері:** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға,зат есімдерді жекеше және көпше түрде айтуға үйрету. Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. Ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру. Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «қошқар мүйіз»,«құс тұмсық» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттардың дағдыларын сақтау. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене	**Музыка** – пән жетекшісінің жоспары бойынша. **Міндеті:** балалардың сөздік қорларын заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздерімен байыту. Сахналық қойылымдарға қатысуға,ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру.Суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға және шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету. Пішінін ескере отырып,элементтердің бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау дағдыларын,жапсыру дағдыларын дамыту. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ пішіндегі элементтерімен безендіру. Көрнекілікке сүйене отырып және

	– тарырақ, т.б. орталықтарда жұмыс жасаймыз. **((математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** Бүгін «Құрылыс» және «Өнер» орталықтарында жұмыс жасаймыз. Балалар екі орталыққа бөлінеді. «Құрылыс» орталығында жабайы аңдарды құрастырады. **(құрастыру)** «Өнер» орталығында қоянға арнап сәбізді мүсіндейді. **(мүсіндеу)** Қорытындылау. -Балалар, бұл аңдар ертегілерде, мультфильмдерде мейірімді, қайырымды болып келуі мүмкін. Бірақ бұл аңдар бір сөзбен айтқанда - жабайы жыртқыш аңдар. Бірақ жыртқыш аңдар екен деп бұларды көп аулауға болмайды, азайып кетеді. Балалар бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекеттен қандай әсер алдыңдар, сендерге ұнады ма? Немен айналыстыңдар? Не үйрендіңдер? Кім әңгімелеп береді? Біздің топта ұл-қыздар, Тату-тәтті ойнаймыз. Әлемдегі бар адамға, Тек жақсылық ойлаймыз. **Дене шынықтыру (таза ауада)** **Міндеті:** велосипед тебуге үйрету. Баяу қарқында жүгіруге – 1 минут, қол мен аяқтың үйлесімді жұмысына жаттықтыру. Жерге түсу,	зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ыдыс), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында), атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздермен байыту. Сахналық қойылымдарға қатысуға,таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға ынталандыру. Тілдің грамматикалық құрылымын,салыстыру нәтижелерін жетілдіру. Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Геометриялық пішіндерден жапсыру дағдыларын қалыптастыру,шығармашылық қиялды дамыту. Музыканың көңілді,	тақияны тастап кетеді,егер бала сезіп қойса жүргізушіні қуып жетуі керек,ал жүргізуші қуған баланың орнына үлгеріп отырып алу керек,жете алмаған бала айып төлейді. **(дене шынықтыру)** **өркем әдебиет,қазақ тілі)** **Музыка** – пән жетекшісінің жоспары бойынша.	алтын … (күн) Жылы, самал, жеңіл … (жел) Жасыл, көк, балғын ... (шөп). **(сөйлеуді дамыту)** Балалармен бірге «Қар мен мұз неге ериді?» деген зерттеу жұмысын жүргізеді. Педагогтің дайындап қойған қары мен мұзына қарап, оның қасиеттерін айтады. Топта қар мен мұзға не болғанын бақылайды. Олардың неліктен еріп жатқанын айтады. Қорытынды: қар көктемде еріді. Өйткені күн жылынады. Күн шуағын қатты төгеді. Әліппе-дәптермен жұмысты жүргізеді. Далаған ағаш бұтақтарын алып келгенін хабарлайды. Балаларға мұқият қарауға ұсыныс тастайды. Бұтақтарда бүршіктер пайда болғанын және далалағы ағаштардың да бұтақтарында осындай бүршіктер түрғанын айтады. Бұтақтарды ыдысқа салып, оған су құяды. Осы күннен бастап бұтақтарды бақылайтындарын айтады. Болжам жасатады: бөлмедегі бұтақ далалағы бұтаққа қарағанда жылдам өсе бастады.Бұтақтарды шамасына қарай қандай ыдыстарға отырғызғаны туралы айтып береді. Неліктен? Себебін анықтау. «Көктем сәні» ертегісін тамашалау. **(көркем әдебиет,математика негіздері)** **Міндеті:** 2 метр жерде	**(қазақ тілі)** Ойын: «Нан дастарқанға қалай келеді?» Шарты: Берілген суреттердің ішінен дұрыс тауып орнына қою. **(құрастыру)** Ойын: «Бидай алқабы» Шарты: Бидай масақтарының суретін салу. **(сурет салу)** Бидайдың мозайкасын жапсыру. **(жапсыру)** Қорытынды бөлім. Нанды қайда пісіреді? Нанның дастарқанға оңай келмейтін себебі неде? Қандай нан түрлерін білесіңдер? Қамыр неден жасалады? Үн тарататын адамды қалай атаймыз? Нан қайда сақталады? Аспаазшының пісіріп әкелген күлше нанының дәмін көріп,өзара әңгімелесу. Е. Хасанғалиевтің «Ақ бидай» әнін хормен орындау. **(музыка)**

	аяқтарын тізесінен сәл бүгу біліктерін бекіту. Денешынықтыру жаттығуларымен айналысуға дұрыс көзқарастарын тәрбиелеу, епті әрі жылдам болуға ынталарын қалыптастыруға ықпал ету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тез ал – тез көтер». Ойын түріндегі жаттығу: «1-2-3 – ал!» – шеңберді айналып жүреді, қалпақтарды алып қоюға тырысады. Вестибулярлық аппаратқа арналған жаттығулар. Тепе-теңдік – басына қалпақ киіп, залдың бір жағынан қарама-қарсы бетіне дейін жүру. Қатарға қойылған заттарды айналып, «жыланша» иректеп жүгіру. Шеңберден-шеңберге секіру (5 құрсаудан жасалған жол). Жалпақтабанның алдын алуға арналған жаттығу: «Дауылпаз» Б.қ. – тізені бүгіп еденде отыру. Үш дөңгелекті велосипедті тебу. «Орындарыңды ауыстырыңдар» Қорытынды кезең (Рефлексия). Ойын түріндегі жаттығу: «Біз күшті болдық» **Музыка** – пән жетекшісінің жоспары бойынша. **Міндеті:** балалардың сөздік қорларын заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарама-қарсы антоним сөздерімен байыту. Сахналық қойылымдарға қатысуға,ертегілер бойынша	ойнақы сипатын ажырата білу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Шаттық шеңбері. Мынау сұлу әлемде, Адам өмір сүреді. Үлкенге де, кішіге Күн сәулесін төгеді. Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді. Сәлеметсіздер ме?! «Ыдыстар» туралы әңгімелесу. – Бүгін не жедің, не іштің? – Ботқаны немен жедің? – Қымызды немен ішеді? – Тостаған, торсық – нелер? Демонстрациялық суретпен жұмыс. – Мынау қандай дүкен? – Дүкенде қандай ыдыстар бар? Жаңа сөздермен таныстыру. – Дүкенде қазан бар. Мынау – қазан. – Мынау … қазан сөзін айтып жаттығады. – Дүкенде не бар? – Мынау – аққұман. Мынау – … аққұман. – Аққұман – ыдыс. Дүкенде не бар? Сюжеттік ойын: «Дүкен» Балалар кезекпен дүкенге келеді. Педагог – сатушы. Диалог үлгісі: – Сәлеметсіз бе! – Сәлеметсіз бе! – Кесе берініізші. – Қандай кесе? – Оң жақ қатардағы үлкен,		тұрып, допты көтерілген қолдың деңгейінде тартылған жіп арқылы лақтыруды үйрету. Орындықтан секірген кезде табанды белсенді түрде жазу және жерге аяқты аздап бүгіп түсу қабілетін жетілдіруді жалғастырамыз. Күшті болуға, ептілікке баулу, әрекет ету жылдамдығын күшейту. Балалардың ҚР аумағында тұратын халықтардың мәдениеті мен салт-дәстүрлері туралы түсінігін кеңейту. Толерантты болуға тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** «Епті саусақтар» Допты пайдаланып түзету жаттығуларын орындау: аяқтың үшымен жүру – допты жоғары көтереді; өкшемен жүру – допты алға шығарып ұстайды. Денесін тік ұстап, алға қарап жүреді. Үш сап түзеп тұру. Допты пайдаланып жалпы дамытатын жаттығуларды орындау. Негізгі қимылдарды орындау: 1.«Ең күшті». Шарты: Допты жіп арқылы лақтыру (кеудесінен қос қолдап лақтыру). Жіпке дейінгі қашықтық – 2 метр. 2.«Ең жылдам». 20 см биіктен тереңге секіру. Шарты: Орындықтар залдың периметрін бойлай қойылған. Балалардың жерге түскеннен кейін тепе-теңдік сақтауына, денесін тік ұстап,	

	қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру.Суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға және шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету. Пішінін ескере отырып,элементтердің бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау дағдыларын,жапсыру дағдыларын дамыту. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ пішіндегі элементтермен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жануарлар әлеміндегі маусымдық өзгерістер туарлы ұғымдарын кеңейту. Көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:**	екі жасыл кесе. – Міне, кесе алыңыз. – Рақмет. Сау болыңыз. – Сау болыңыз. Үлгі бойынша балалар кезекпен ойнайды. **(көркем әдебиет)** Ән: «Дастарқан». **(Музыка)** Жаңылтпаш қайталау. Шеше, неше кесе сынды кеше? Қатты, ақырын, жай және жылдам қайталап айту. Жұмыс дәптерімен жұмыс. 1. Суретте қандай дүкен бейнеленген? Дүкенде нелер бар? Кім не сатып алды? Арманның әжесі қандай кесе сатып алды? Неше кесе? Сәуленің анасы не сатып алды? Ойын: «Үлкен және кіші тостағандар» Шарты: Балалардың алдына үлкен және кіші тостағанның суреті беріледі. Балалар үлкен тостаған бейнеленген суретті үлкен қорапқа, кішкентай тостаған бейнеленген суретті кішкентай қорапшаға салуы керек. Ойын: Оң жақтағы ыдыс пен сол жақ қатардағы ыдыстардың ортасында не тұр? Шарты: Ыдыстың неден жасалғанын әңгімелеу. **(сөйлеуді дамыту,математика негіздері)** Қорытынды.		алға қарап тұруына назар аудару. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тұлшар». Әр балаға сиқырлы қамшы береді. Шапқаннан кейін жақсылап тынығып алуға шақырады. Тыныс алу жаттығуы. Ұйымдастырылған оқу қызметі барысында педагог балалармен жеке-жеке жұмыс істейді. Қорытынды кезең. Атқа мініп шабу қиын, сондықтан жаттығып, спортпен шұғылдану қажеттігін ескертеді.	

	Балалар бүгін бізге хайуанаттар бағынан конақтар келеді.Олармен серуенден қайтайық. Балалардың назарын аңдар түрған торға аудару. Аю,қоян,түлкі,зебра кандай жануарлар? - Зебраның түсі қандай? -Ал, қояның түсі қандай? Қыс мезгілі мен көктем мезгілінде қояның түсі кандай болып өзгереді? Ал,аю көктемде не істейді? Тордағы аңдар бір жерде,бір қатарда тұр ма? **(қоршаған ортамен танысу)** -Түлкі үлкен бе, қоян үлкен бе? -Қай жануарга қандай тор қажет? -Неліктен торларга жақындауга болмайды? Лентаның қайысысы ұзын? -Көзбен шамалап біле аласыңдар ма? Ленталардың қайысысы ұзын екенін бір-бірінің үстіне қойып салыстырамыз. Көзімізді жұмып 1 — 5 ке дейін тура және кері санап тобымызга оралайық. «Сөзді керісінше ата» сөздік ойыны. Шарты: Тәрбиеші көлемді, кеңістіктегі бағытты немесе сандық қатынасты анықтайтын сөзді атап, допты бір балаға лақтырады. Бала осы сөзге қарсы мәндес сөзді атап, допты қайтадан тәрбиешіге лақтырады (үлкен – кіші, кең – тар, ұзын – қысқа, биік – аласа, қалың – жұқа, сол жақта – оң жақта, жогары – төмен, аз – көп,	Ең қызық қай тапсырма болды? Жұмыс дәптеріне өздеріңнің игерген білімдеріңнің дәрежесін, үлгерімдеріңді смайлик арқылы белгілейсіндер. Қуыршақтар балалармен қоштасады.			

	қалыңырақ – жұқарақ, ұзыңырақ – қысқарақ, кеңірек – тарырақ, т.б. орталықтарда жұмыс жасаймыз. **((математика негіздері, сөйлеуді дамыту)** Бүгін «Құрылыс» және «Өнер» орталықтарында жұмыс жасаймыз. Балалар екі орталыққа бөлінеді. «Құрылыс» орталығында жабайы аңдарды құрастырады. **(құрастыру)** «Өнер» орталығында қоянға арнап сәбізді мүсіндейді. **(мүсіндеу)** Қорытындылау. -Балалар, бұл аңдар ертегілерде, мультфильмдерде мейірімді, қайырымды болып келуі мүмкін. Бірақ бұл аңдар бір сөзбен айтқанда - жабайы жыртқыш аңдар. Бірақ жыртқыш аңдар екен деп бұларды көп аулауға болмайды, азайып кетеді. Балалар бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекеттен қандай әсер алдыңдар, сендерге ұнады ма? Немен айналыстыңдар? Не үйрендіңдер? Кім әңгімелеп береді? Біздің топта ұл-қыздар, Тату-тәтті ойнаймыз. Әлемдегі бар адамға, Тек жақсылық ойлаймыз.				
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киінуді жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Серуен	**№ 3 Күннің шұғыласын**	**№ 14 Аулада тазартушының**	**№ 19 Балалармен жеке жұмыс:**	**№ 3 Күннің шұғыласын**	**№ 21 Торғай, көгершін, үйрек**

	бақылау ***Міндеті:*** Күннің шуғыласын бақылау, балалардың ойнауына қандай әсер беретінін түсіндіру. Кішкентай айнамен «сәулелі қоян» деген ойынды ойнату. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс: Жұмбақ жасыру** Ақ сандығым ашылды, Ішінен дүрлер шашылды (Күннің көзі) **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Ақсақ түлкі» (татар халық ойыны)** **Міндеті:** Санамақ арқылы жүргізуші таңдап алу. Ойын барысында бір-біріне соқтықпай,кедергі келтірмей жүгіруге үйрету. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** ***Еңбек:*** **Жолдарды қардан тазарту** **Міндеті:** Берілген тапсырманы жауапкершілікпен орындауға үйрету. Өз еңбегінің нәтижесін көруге, бағалауға баулу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**еңбегін бақылау** **Міндеті:** Аула тазартушының еңбегін бақылау. Еңбек қимылын көру (қар күреу, белгілі бір жерге лақтыру, жолдарды сылыру). Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу,көмектесуге ынталандыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс: Тақпақ оқу,жаттау** Еңбек сүйсең, жасыңнан, Бақыттысың, жас ұлан – Дейді атам ылғи да, Сипап менің басымнан. **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Жүгір, отыр, жүгір»** **Міндеті:** Балаларды белгі бойынша үйрету, «отыр», «жүгір» ойын шартын сақтау. Балалардың кеңістікте бағыт-бағдарын тездетуге үйрету. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Аулада үлкендерге көмек беру.** **Міндеті:** Еңбектің маңыздылығын білу. Ойын барысында мадақтау, шапшаңдығын дамыту. Татулық қарым - қатынасқа тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**Тақпақ оқу,жаттау** Алма ағаштың құшағы – Қанат жайған бұтағы. Жапырағы жүрегі, Бұтақтары білегі. **Коммуникативтік дағды** **Қылқанды ағаштарды бақылау (қарағай, шырша)** **Міндеті:** Балаларға қылқанды ағаштарды білуге үйрету. Балабақша аймағындағы өсіп жатқан екі түрлі қылқанды ағашты, сыртқы белгілерінен білу. Басқа ағаштардан ерекшеліктерін көру, оларды атау. Ағаштарды қастерлеп, оларды күтуге тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Жіпті көтеру»** **Міндеті:** Жіпті бекітіп, белгі бойынша жүгіріп келу. Кім бірінші болып мәре жеріне келіп, бірінші болып жіпті тартып алса, сол жеңімпаз. Баланың шапшаңдығы мен ептілігін дамыту. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:Табиғат бұрышындағы жұмыс** **Міндеті:** Үлкендерге көмек көрсетуге тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**бақылау** ***Міндеті:*** Күннің шуғыласын бақылау, балалардың ойнауына қандай әсер беретінін түсіндіру. Кішкентай айнамен «сәулелі қоян» деген ойынды ойнату. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс: Жұмбақ шешу** Ақ сандығым ашылды, Ішінен дүрлер шашылды (Күннің көзі) **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Ақсақ түлкі» (татар халық ойыны)** **Міндеті:** Санамақ арқылы жүргізуші таңдап алу. Ойын барысында бір-біріне соқтықпай,кедергі келтірмей жүгіруге үйрету. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** ***Еңбек:*** **Жолдарды қардан тазарту** **Міндеті:** Берілген тапсырманы жауапкершілікпен орындауға үйрету. Өз еңбегінің нәтижесін көруге, бағалауға баулу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**құстарын бақылау** **Міндеті:** Құстардың көлеміне, түрі-түсіне, шығарған дыбыстарына қарай, аттарын айыра білуге, қимыл іс-әрекетіне назар аудару, қимылдарын салыстыру. Торғай секіреді, ал көгершін жүреді. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Көптерді қуып жет»** **Міндеті:** Жарысуға үйрете отырып, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбек сүйгіштікке баулу. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Құстарды тамақтандыр** **Міндеті:** Құстарды тамақтандыруға және олардың қасында өзін-өзі ұстай білуге және құстарға қамқор бола білуге баулу. **Балалармен жеке жұмыс: Тақпақ оқу,жаттау** Үшып, қонып жүр торғай, Жем іздейді. Серігіне табасын жегізбейді, Құттай дәнді қиядан көзі шалып, Байғұс сірә көрмейді өгіздерді. **Коммуникативтік дағды**
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Түскі ас	Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақтану тәртібін сақтаудың адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып				

	болғаннан кейін ауызды шаю. **(Салауатты өмір салтын қалыптастыру, мәдени-гигеналық дағдылар, сауықтыру-шынықтыру шаралары)**				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	1.Жалпы жетілдіру жаттығуы: Балалар төсекте жатып, бастарын оңға, солға бұрады.. Балалар төсекте жатып, қолды екі жаққа созу, жұлырықтап жұму. Балалар төсекте жатып, велосипед тебу. Қолтырауын болып, бір қырынан төсек үстінде аяқ - қолды созу. Балалар төсекте отырып, бір - біріне қарап сәлемдесу. 2.Тыныс алу жаттығуы: Ку - ка - ру, ку - ка - ри – ку, ку - ка - ри - ку. Табанға арналған денсаулық кілемшелерімен жүру. 3.Беті - қолымызды жылы сумен жуып, сүлгімен сүртінейік. Балалар кәне жарты шеңберді құрайық: Кел балалар тұрайық, Қолымызды жоғары созайық. Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап, Бір демалып алайық. 4. Тыныс алу жаттығулары: Арқа мен жатып бір қолы кеудеде, екінші қолын ішіне қою. Ауаны ішке тарту: іштің көмегімен қолды кері итеру, жай дем шығару: іштің тартылуы б.қ келу. 5.Тамағымызды тұзды сумен шаю. **(Сауықтыру-шынықтыру шаралары, салауатты өмір салтын қалыптастыру)**				
Бесін ас	**Гигиеналық шараларды орындау** Ас алдында қолды сабынмен жуу,қол орамалды қолдануын пысықтау. **Мәдени-гигиеналық дағдылар** Ұқыпты тамақтану дағдыларын,ас құралдарын қолдануды жетілдіру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	Жабайы аңдарға сипаттама беру. (Бейнетаспа арқылы түсіндіру). Екі топқа бөліну «Қоян» мен «Аю» 1 топ: «Айнытпай сал» ойыны. Шарты: Үлгі суретке қарап,геометриялық пішіндерді пайдалана отырып,қоянның бейнесін салу. **(сурет салу)** 2 топ: «Азығын тап» ойыны. Шарты: Аюдың жақсы көретін азығы құлпынайды жапсырады. **(жапсыру)** Аю,қоян,қасқыр қай ертегіде ойнайды. «Бауырсақ» ертегісін	Столдың үстінде тұрған ыдыстарға назар аударып, балалардан ыдыс-аяқтың түрлері, олардың неден жасалғандығы туралы сұрау. Балаларға өздерінің тәжірибесіне сүйеніп, ыдыс-аяқ туралы білетіндерін әңгімелеу. Педагог шыны аяқ және кесенің шай ішуге арналғандығын, оның су немесе шай құйылатындай терең етіп жасалғандығын айтып және де ыдыстардың түрлері, түсі, көлемі, материалы және олардың тұрмыста қолданылуы туралы ақпарат береді. Кесе, табақ, шәйнек бір	**Вариативтік компонент:** **«Таза болса табиғат, аман болар адамзат»** **Тақырыбы: «Қараторғай қалай үй таңдады?» (ертегі)** **Міндеті:** Ертегі арқылы құстар туралы білімдерін кеңейту. Олардың табиғатқа пайдалығы туралы түсінік беру. Аяушылық сезімін тәрбиелеу. Ертегі бойынша сюжетті суреттер. Барысы: Шаттық шеңбері. Жұмбақтар шешу. Ертегіні мәнерлеп оқып беру. Мазмұнын ашатын сұрақтар қою. Балаларға қайталап айттыру.	Топ болып жұмыс жасау. Қиынды пішіндерді,ермексазды қолдану арқылы композиция құрастыру. Шарты: Қызғалдақ гүлін құрастырып,жапсыру, себелеп тұрған жаңбыр бейнесін ермексаздан жасау,ағып жатқан судың суретін салу. **(құрастыру,сурет салу,жапсыру,мүсіндеу)** «Көктем сәні» ертегісін сахналау.	Мұхамеджан Етекбаевтың «Нан қайдан шығады?» әңгімесін оқып беру. **(коркем әдебиет)** «Бауырсақ қандай?» ойыны. Шарты: Бауырсақтың пішішін,көлемін ескере отырып ермексаздан әдемілеп жасау,кім қанша бауырсақ дайындағаны туралы әңгімелеп беру. **(математика негіздері,мүсіндеу)**

	сахналау. **(көркем әдебиет)**	сөзбен не деп атаймыз? **(қоршаған ортамен танысу)** Топқа бөліну. 1 топ: Тостағанның суретін салып,оюлармен безендіреміз. **(сурет салу)** 2 топ: Тәрелкенің бетіне балалардың қалауы бойынша жеміс-жидектер немесе көгөністерді орналастыру. **(жапсыру)** Еркін ойын. Ермексаздан балалар өз қалаулары бойынша ыдыстарды мүсіндеп,сол ыдыстарымен ойындар ұйымдастыру. **(мүсіндеу)**	Қортынды: Сұрақ-жауап арқылы қорытындылау.		
Балалармен жеке жұмыс	**Базарбеков Нұрасыл жеке жұмыс** Өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларын айуға үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**	**Еділ Айнакмкөз жеке жұмыс** Геометриялық денелерді көру және сипап сезу арқылы зерттеуді, оларды ажыратуды және ата'уды үйрету. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)**	**Ержан Ханшаим жеке жұмыс** Басқа балалармен бірге, келісіп ойнауды, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтармен бөлісуді үйрету. **(Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**	**Жұматай Әсет жеке жұмыс** Жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүреді үйрету. **(Физикалық қасиеттері)**	**Әділбек Асылыммен жеке жұмыс** Сөйлегенде сөйлемдердің түрлерін (жай және күрделі), сын есімдерді, етістіктерді, үстеулерді, қосымшаларды қолдана алуға үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киінуді жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Серуен	№ 3	№ 14	№ 19	№ 3	№ 21
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, күрғату. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Балалардың үйге қайтуы	Ата – аналарға наурыз мерекесіне орай қолөнер бұйымдарын жасап келулеріне өтініш білдіру.	Үйде тақпақтары мен өлеңдерін жаттап келулерін ескерту.	Ата-аналарға мерекеге сай балаларды киіндіріп келулеріне өтініш білдіру.	Ата – аналармен балалардың бүгінгі өткен ертеңгіліктен алған әсерлерімен бөлісу.	Ата-аналардан демалыс мезгілінде күн тәртібін сақтауын талап ету.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Топ: «Күншуақ» ересек жас тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 17 – 21 наурыз 2025 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Көңілді әуенмен қарсы алу. Міндеті: Балалардың көңілін көтеру. Гимн айту **Музыка**	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. **Сөйлеуді дамыту**	Баладан балабақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін, сыртта ауа райының қандай болып тұрғанын сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге тарту. **Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту**		
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың үйдегі отбасы мүшелерімен қарым- қатынасы туралы әңгімелесу. Ата – аналармен пікірлесу.	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын таңертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балаға ұялы телефонды көп ұстатпау туралы әңгімелесу.		
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	Картотека №4 «Кім солай сөйлейді?» Міндеті: Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға ынталандыру. Шарты: Ойынға барлық бала қатысады.Балалар шеңберге тұрады,ортасында доппен тәрбиеші тұрады. Балаларға доп лақтырып бір жануарды атайды. Бала допты қағып алып, сол жануардың дауысын салады. Немесе допты лақтырып: «Ит қалай үреді көрсетші» **Көркем әдебиет**	Картотека №28 «Теңге жинау» Міндеті: қимыл белсенділігін дамыту, ойындар ойнату. Шарты: Ойынға барлық бала қатысады, кім көп жинаса сол жеңімпаз атанады. **Дене шынықтыру**	Картотека №23 «Пішіндерден кандай суреттер құрастыруға болады?» Міндеті: Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, сөйлеуде сын есімдерді колданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). Шарты: Балалардың алдарына әр түрлі геометриялық пішіндер таратылады және сол суретке қарап суреттер құрастыру. **Математика негіздері**		
Ертеңгілік жаттығу	**Жаттығулар кешені №14**				
Таңғы ас	**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру:** Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тамақтану әдебін сақтау.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Математикалық жұмбақ. Жан-жаққа кетті зымырап,	Тіл ұстарту жаттығулары Міндеті: артикуляциялық және дауыс	«Ата-ананы тыңдаймыз» әнін орындау.		

	Мысықтан қорыққан тышқандар: Қорапқа кірді біреуі, Соңынан кетті екеуі. Тығылды сонда нешеуі? **Математика негіздері**	аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. **Сөйлеуді дамыту**	Міндеті: Музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білуді үйрету. **Музыка**		
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Тақырыбы: «Үй жануарлары»** **Міндеттері:** балаларды әңгіме айтуға, зат есімдерді жекеше және көпше түрде атауға үйрету. Сахналық қойылымдарға қатысуға,ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға ынталандыру. Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелері туралы жұмбақтар шешкізу. 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «Нешінші?» сұрағына жауап беруге,екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету. Дөңгелек, сопақ пішіндегі қазақ оюларының элементтерін «қошқар мүйіз» туралы түсіндіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Табиғи (мақта,жүн) заттардан құрастыру.Шығармашылық қиялды дамыту. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көбеюі туралы ұғымдарын кеңейту. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Шаттық шеңбері: «Шеңбер больш тұрайық жылы жүзбен» Балалар, біз үйде ұстайтын жануарларды «үй жануарлары» - деп атаймыз. Оған: сиыр, жылқы,түйе, қой, ешкі жатады.олардың төлдері болады.	**Тақырыбы: «Зергерлер мен қолөнершілер»** **Міндеттері:** затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастырып айтуға үйрету, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға ынталандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «бүршік», «қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі», «құс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз», «ирек», «су» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау.Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен қоржынмен таныстыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.Қазақтың ұлттық би өнерімен, қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерімен таныстыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:**	**Тақырыбы: «Менің отбасым»** **Міндеттері:** сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру. Сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге, тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға баулу. «Нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Ермексаз, сазбалшық әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Шаттық шеңбері: «Көтеріліп шаңырақ» Отбасының суретіне балалардың назарын аудару. Бұл суреттерді бір сөзбен айтқанда қалай деп атай аласыңдар? Саусақ жаттығулары: «Бір үйде біз нешеуміз?» - Балалар санамақ кімдер туралы айтылған?		

	Сиырдың төлі - бұзау, жылқының төлі- құлын, түйенің төлі- бота, қойдың төлі- қозы, ешкінің төлі- лақ. Осы үй жануарларын жекеше-көпше түрде бірге айтамыз. Енді балалар, жануарлардың дене мүшелерін атап шығайық: құлақ, бас, аяқ, құйрық,т.б. **(сөйлеуді дамыту)** Балалар, сендер санау білесіңдер ме ? Олай болса,біз үй жануарларының дене мүшелерін санап шығайық. Мысалы, жылқыны алайық. Жылқыда неше бас бар? Неше құлақ бар ? Неше аяқ бар? Суретпен жұмыс: қай қатарда көп,қай қатарда аз. **(математика негіздері)** Қызығушылық ояту. Балабақшаға келгенде, үстел үстінен хат тауып алып,ол хаттың Білім ханшайымынан екенін хабарлау,өтініші бойынша тапсырмаларын орындауға балаларға ұсыныс білдіру. Балалар Білім ханшайымының тапсырмаларын орындаймыз ба? 1 - тапсырма: қоржынның ішінен алған ойыншықтарды атап, қайда мекендейтінін айтып бер? **(қоршаған ортамен таныстыру)** 2 - тапсырма: үй жануарларының төлдерін атап,дауысын салып бер! 3 - тапсырма: жұмбақтың жауабын тауып,төрт түлікті бағатын адамды қалай атайтыны,олардың еңбегі туралы әңгімелету. Жаңылтпашты жаңылмай айтайық! Ақ тай ақ па? Қара тай ақ па? Қай тай лақтай,	Шаттық шеңбері: «Шеңбер болып тұрайық...» Ашық сұрақ қою: балалар мені сұлуландырып тұрған не нәрселер деп ойлайсыңдар? Жарайсыңдар,рахмет сендерге,мен ұмытып кетіппін әже меннен өтінген еді,тойға барамын соған сандығымнан дорбаға тағатын бұйымдарым болса әзірлеп қойшы деген.Қане,не бар екен қарайықшы? Сандықшаны ашып ішінен шыққан бұйымдарды көрсету (шолпы, сырға, белбеу,сақиналар,білезік,қапсырма,алқа) **(қоршаған ортамен таныстыру)** Қандай тамаша әшекей бұйымдар,білесіңдер ме бұл бұйымдарды кім жасайтынын.Бұл бұйымдарды жасайтын шеберді зергерлер деп атаймыз.Әшекей бұйымдарды асыл тастардан,күміс металдардан жасайды.Кез-келген адам зергер бола алмайды,ол да қол өнерге жатады. Елдің жайын ел баққан, Ерлер білер деген сөз. Зердің жайын зер соққан, Зерлер білер деген сөз осыдан қалған екен. Қане,экранға назар аударайықшы. Слайд арқылы әңгімелеу: «Қазақтың зергерлік бұйымдары» **(сөйлеуді дамыту)** Зергерлік бұйымдарға қатысты ырымдар. Зергерлердің қолынан шыққан зергерлік бұйымдар түрлерін атау,қайталау: «Тұмарша», «Кемер белбеу», «Сырға», «Қапсырма» **(қазақ тілі)** Пайдаланылатын құралдарының атын атау. Зергердің жұмыс үстіндегі әрекетін әңгімелеу. Ойын: «Әшекей бұйымдармен сәндейміз» Шарты: топқа бөлініп, командамен тапсырмаларын орындайды.	Бір үйде барлығы қанша адам тұрады екен? Кім айтады? Отбасында аталған адамдардан басқа кімдер айтылмай қалды? **(математика негіздері)** Жұмбақ жасыру. 1.Кітапты көп оқитын, немерелерін жақсы көреді, ақ сақалды, кісіні кім дейміз? (Ата) 2.Әлі салмақты, байсалды, бос уақытын балалармен өткізгенді жақсы көреді,саябаққа апарады, отбасын қорғаушы, сақтаушы ол кім? (Әке) Ойын: «Мынау кім?» Шарты: айнаға қарап,өздерінің кімге ұқсайтындарын айтып,мақтан етіп,үлгі тұтатын отбасы мүшелері туралы айтып беру. **(сөйлеуді дамыту)** Сергіту сәті: «Жаттығу» **(дене шынықтыру)** Ойын: «Неге теңеймін». Шарты: Балаларға күннің, айдың, бұлттың, алманың, түлдің суреттері таратылып беріледі. Балаларға «ананы кімге теңейсің» деп сұрағанда қолдарындағы суреттің біреуін көтереді. Сол сияқты атасын, әкесін, ағасын т. б. айтылады. Балалар, кім бізге өзінің отбасы туралы айтқысы келеді? **(көркем әдебиет)** Дыбыстық жаттығу: Ә-ә-ә – әже Ә-ә-ә – әке І-і-і-ің-ің-сің-лі. **(қазақ тілі)** Екі топқа бөлініп, мынадай тапсырма орындайық. 1 топ: «Бөпеме арналған көйлек» Шарты:дайын көйлектің суретін қағаз бетіне орналастырып,балалардың қалауы бойынша ермексазбен пішіндер		

	(қазақ тілі) «Құлын,қозы,лақ» ертегісін оқып беру,талқылау,сахналау. **(көркем әдебиет)** **Музыка** – пән жетекшісінің жоспары бойынша. **Дене шынықтыру (таза ауада)** **Тақырыбы: «Денеміз сау болсын»** **Міндеттері:** допты қақпаға домалатуға үйрету. 4 адымнан екі аяқтап жоғары секіру білігін, итерілу кезінде қол мен аяқтың үйлесімді жұмысын бекіту. Баяу қарқында жүгіруге жаттықтыру – 1 минут.Ептілікті, назарды, кеңістікті бағдарлауды дамыту, СӨС машығын қалыптастыру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Жүру. Қолға арналған тапсырма – қолды екі жаққа, жоғары, алға созу. Бағытты өзгерте отырып, аланмен баяу жүгіру (1 мин), тыныс алуды қалпына келтіру. Жүру. 2 тізбекке қайта тұру. Бір-бірден тізбекке тұру. «Биік және аласа» жаттығуы. «Алыптар мен ергежейлілер» жаттығуы. Суық тиіп сырқаттануың алдын алуға арналған массаж: «Сақал». Иә, иә, иә – атамда бар сақал. Ын, ын, ын – сақалы оның ұзын. Ра, ра, ра – тарақпен тара. Ан-ан-ан – сақал қандай жаман. Қи-қи-қи – сақалды қи. Оқ-оқ-оқ – сақал енді жоқ. Негізгі қимылдарды орындау: 1. «Гол соқ» спорттық ойын. Жаттығуды орындау: тәрбиеленушілер қозғалыс басталатын сызыққа жақындайды, допты белгіге дейін алып барады, педагогтің белгісі бойынша оның артынан жүгіреді және допты аягымен келесі ойыншыға домалатады, тізбектің соңына	Асықтардың түстері арқылы топқа бөлу. 1-топ: «Құрастыр да, әшекейді ата» **(құрастыру)** Шарты: бөліктерден бүтін құрастырады да, атайды. 2-топ: «Зергерлерге керекті құралдар» Шарты: тәрбиешінің ұсынған суреттердің арасынан зергерлерге керекті құралдар тауып жапсырып, клач лайындайды, құралдарды атайды.**(жапсыру)** 3-топ: «Ұл мен қызды киіндір де, әңгімелеп бер» Шарты: ұл мен қыздың әшекей бұйымдарын ермексаздан жасап орналастырады.**(мүсіндеу)** «Бутерброд» тәсілі: Маған жасаған бұйымдарың ұнады, себебі түсініп тұрсың. Келесі жолы бұл жұмысты жетілдіруге болады деген ойдамын. Музыка әуенімен есікті қағып, әже келеді. Амансыңдар ма, балаларым?! Қызым менің өтінішімді дайындап қойдың ба? Тойға бара жатырмын. Мына қоржынымның сыртына тағы әшекейлер керек. Қайдан аламын? Тәрбиеші: - Уайымдамаңыз, әже балалармен бірге сізге көмектесеміз.**(көркем әдебиет)** Ойын: «Білезік жасау» Шарты: Фолгадан білезік жасап, ою өрнектерімен әшекелейді.**(сурет салу)** Әже ризашылығын білдіреді. Еркін ойын: Балалар жасаған бұйымдарын қолдарына тағып, әжемен бірге билейді. Сергіту сәті: «Қара жорға» **(музыка)** Тәрбиеші: әже біздің балалар сіздің сұраған қоржыныңызды әдемі білезіктермен дайындап қойды.Тойға апаруыңызға болады. Әже батасын береді. Бата	жасап,жапсыру. **(құрастыру, жапсыру,мүсіндеу)** 2 топ: «Суретті жалғастыр» **(сурет салу)** Қорытындылау: Отбасы мүшелерін ата. 1. Өз үйіндегі отбасы мүшелерінің міндеттері туралы айтып бер? 2. Сендер үйлеріңде отабсыларына көмектесесіңдер ме? 3. Ата – анаң қайда жұмыс істейді? 4.Олардың атқаратын қызметі туралы әңгімелеп бер? 5. Отбасы дегеніміз не болды? **(қоршаған ортамен таныстыру)** **Музыка** – пән жетекшісінің жоспары бойынша.		

	барып тұрады. 2.«Шеңберге түр» Алаңның әр жағында педагог әр түсті бір-бір кегельден қойып шығады, балалардың бір тізбегі қызыл түсті кегельді айнала, екіншісі – жасыл түсті кегельді айнала тұрады. Педагогтің «Серуенге?» деген бегісі бойынша барлығы түрлі бағытта жүгіреді. «Өз түсіңді тап!» деген келесі белгі бойынша балалар оз орындарына барып, шеңбер жасайды. Қорытынды кезең (Рефлексия). Ойын түріндегі жаттығу: «Көңіл күйің қандай?», «Көңіл күйің қалай?» деген сұрақтар қою.	Жүздерің нұрлы болсын, Жүректерің сырлы болсын. Тілдерің жырлы болсын, Өнерлі сегіз қырлы болыңдар, Өскенде зергер боыңдар. Әумин! Әже балаларға сыйлығын (құрт) беріп,қоштасып кетеді. Кері байланыс ұсыну: «Бас бармақ» әдісі арқылы балалар оз жұмысын бағалайды. **Дене шынықтыр** **Тақырыбы: «Асық толы қоржын»** **Міндеттері:** мұрын арқылы дем алу, аяқты шектен тыс жоғары көтермей жеңіл әрі ырғақпен жүгіру, жүгіру қарқынын өзгертпей, қолды шынайы қимылдату қабілетін қалыптастыруды жалғастыру. Гимнастикалық орындық үстінде тапсырмалар орындау: орындықтың ортасына дейін барып, кері бұрылу және бастапқы орнына қайтып оралу, оз қимылдарын өзге балалармен үйлесімді етіп жасау. Асықты бір қолмен алысқа лақтыру қабілетін жетілдіру; асықты қолдың күшімен алға-жоғары лақтыру қабілетін дамыту. Организмнің жалпы төзімділігін, үйлестіру қабілетін дамыту. Толерантты болуға тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Қимыл-қозғалыс ойыны: «Тез ал – тез көтер» – асықтарды айналып жүру, жүгіру, белгі берілген кезде оз асығын көтеріп алу. Асықтармен жалпы дамытатын жаттығулар жасау. Нұсқау: бойды тік ұстау, асықтарды түсіріп алмау. Негізгі қимылдарды орындау. Ойын түріндегі жаттығу: «Алысқа лақтыр» Шарты: Оң және сол қолмен алысқа лақтыру. Нұсқау: қимылдарды команда бойынша орындау, залды сол жақтан, оң жақтан тез айналып өту, бірінші қатардың артына барып тұру. Баяу қарқынмен 1,5 минут жүгіру: жеңіл,			

		ырғақпен жүгіру, мұрын арқылы дем алу. Жүгіріп келгеннен кейін демін қалпына келтіру. Тапсырмаларды орындап, орындық үстімен жүру: орындықтардың екі жағынан жүріп, орта шамасына жеткенде айналып, бастапқы нүктеге қайтып оралу. Балалардың айналу қабілетіне, тепе-теңдік сақтауына назар аудару. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Соқыртеке». Шарты: Санамақтың көмегімен «Соқыртекені» таңдап алынады,соқыр теке қашқан ойыншылардың кез келген біреуін ұстап,оның дәл кім екенін табу керек.. Қорытынды кезең (Рефлексия). Қимыл-қозғалыс ойындары: «Асықты әрі қарай бер». Шарты: балалар шапшаң беруі керек.			
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киінуді жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Серуен	**№1** **Ауа райын бақылау** **Міндеті:** Ауа райының құбылмалы сәттерін бақылауға, салыстыруға үйрету (күн шықты – ыстық болды, жаңбырдан кейін шөптер көтеріліп өсіп қалды, ашық аспан, жылы жел) бір бағыт бойынша бақылап отыру. **Танымдық іс – әрекет дағдылары** ***Қимылды ойын:* «Құлыншақтар»** **Міндеті:** Қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойынға қызығушылықтарын арттыру. ***Еңбек:*** **Міндеті:**Жеке және ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Физикалық қасиеттер**	**№ 2** **Күннің көзін бақылаймыз** **Міндеті:** Күннің көзін бақылауды жалғастырамыз, күн неғұрлым жоғары түрса соғұрлым жылуды аз береді. Далада күн бұлтты болса жаңбыр жауады, ауа райы өзгереді. **Балалармен жеке жұмыс:** *Жұмбақ* Жұрттың бәрі соны сүйеді, Бірақ қарағысы келмейді. (Күннің көзі) **Коммуникативтік дағды** ***Қимылды ойын:* «Күн мен түн»** **Міндеті:** Рөлдерде ойнау барысында өзін-өзі ұстаудың мәдени дағдылары мен адамгершілік, мейірімділік, қамқорлық қасиеттерін көрсетуге ынталандыру. **Физикалық қасиеттер** ***Еңбек:*** **Міндеті:** Серуеннің соңында балалар құмның жан-жағын жинап, құмсалғыштың шетін сыпырып, көпсыту, жоғарлатып жинау.Ойын	**№ 7** **Қарды, қар түсін бақылау** **Міндеті:** Қарды бақылауды жалғастыру, көктемгі қардың қасиеті туралы түсініктерін нақтылау. Қыста болған қармен көктемдегі қардың түстерін салыстыру (сұр, боз, лас). Балалардың назарын үстінде мұз қабаты пайда болып, оның астында боз қар болатынына; қар бірінен соң бірі еріп, суға айналады, сондықтан қардың шөгуіне назар аудару. **Танымдық,зияткерлік іс – әрекет** **Балалармен жеке жұмыс:** *Жұмбақ* Әкетей аппақ, Аспаннан ұшқан. Қыс бойы жатып, Жерге қашқан. (Қар) *Өлең* Көктен тартып күн нұрын, Жерден тартып жылылық. Әнің тыңдап бұлбұлдың,		

	Балалармен жеке жұмыс: *Жұмбақ* Тырсылдап түседі Жер бетіне жетеді, Жер бетіне жеткен соң, Ғайып болып кетеді. (Бұршақты жаңбыр) *Тақпақ* «Жаз келеді» Үйін тіккен жасылдан, Үсті-басы асыл дән. Жаз келеді жайраңдап, Жарық жүзі-сайран бақ **Коммуникативтік дағды**	орнын тазалықта ұстауға тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**	Қызғалдақтар түр күліп. **Коммуникативтік дағды** ***Қимылды ойын:* «Таспаны ұстап ал»** **Міндеті:** Балаларды (белбеуге артынан байланған) таспаны сақтай отырып жүргізушіден қашуға үйрету. **Физикалық қасиеттер** ***Еңбек:*** **Міндеті:** Аулада өз беттерімен міндеттерін орындауға үйрету (ыдысына жем шашу). Табиғат мекендеушілеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру**		
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Түскі ас	Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақтану тәртібін сақтаудың адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. **(Салауатты өмір салтын қалыптастыру, мәдени-гигеналық дағдылар, сауықтыру-шынықтыру шаралары)**				
Түскі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	1.Төсекте жатып жасайтын жаттығулар. (2-3 минут) Төсекте жатқан орнында көрпені аяғымен серпіп тастап оңға, солға домалау. Отырған жерде көзімізді ашып – жұмып көзімізге жаттығулар жасау. 2. Арқаға арналған « Ауа-райы» жаттығулары: Балалар бірінің артынан бірі тұрып, алдыңғы тұрған баланың арқасына массаж жасайды. 3. Нүктелі массаж: Тамағымыз ауырмау үшін, қолымызбен тамағымызды жоғары-төмен уқалаймыз. 4. Түшкіріп тұмауратпау үшін, ңұсқаушы саусағымызбен танауымыздың екі жағын кезектеп үйкейміз. 5. Құлағымыз ауырмау үшін, нұсқаушы және ортаңғы саусағымызбен құлағымызды алдынан және артынан уқалаймыз. **(Сауықтыру-шынықтыру шаралары, салауатты өмір салтын қалыптастыру)**				
Бесін ас	**Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру:** Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тамақтану әдебін сақтау.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	Фишкалар арқылы орталықтарға бөліну. Бірінші топ: «Бөліктерден бүтін бөлік құрастыру,шыққан жануардың атын атау» **(құрастыру)** Екінші топ: Жұлмалау әдісі арқылы қойдың бейнесін толықтыру.	Әжеміздің беріп кеткен сыйлығын үстел үстінен өзара бөлісіп ала қойыңдар. Бұл не? Құрттың пішіні қандай? Сенің қолыңдағы құрттың пішіні қандай пішінге ұқсайды? Кім қанша құрт алды? Кімге көп құрт түсті?	**Вариативтік компонент: «Таза болса табиғат, аман болар адамзат»** **Тақырыбы: «Жердің көк көйлегі»** **Міндеті:** Өсімдіктердің адамға, жануарларға, жер планетамызға пайдалылығы туралы түсінік беру. Ағаштан		

	(жапсыру) Үшінші топ: Ермексазды жұмсарту, тұтас бөлікті созу арқылы ит мүсінін жасауға кірісу. **(мүсіндеу)** Төртінші топ: Үлгі суретті бастырып салу,бояу арқылы ою-өрнектің атын атап беру. **(сурет салу)** Тапсырманы орындап болған соң,орындаған тапсырмаларын айтып береді.	Құртты неден жасайды? Сүтті қайдан аламыз? Ойын: «Затты орнымен сал» Шарты: берілген ыдыска құрт пен ірімшік тағамдарын бөлек – бөлек салып,салыстырып,әңгімелеу. **(математика негіздері)**	жасалатын өнімдерді көрсету және өсімдіктер арқылы біздер оттегімен дем аламыз, олардан алынатын өнімнің қажеттілігі туралы ұғым беру. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Жұмбақ жасыру. Слайд арқылы әңгімелесу: Шөп – көктемде ең алғашқы қылтиып шығатын өсімдік. Естеріңде болса, біз былтыр серуенге шыққан кезде қардың еріп, қары еріген жерлерде көк шөп пайда бола бастағанын көріп таңғалған едік. Ал күн қарды ерітіп жібергені сол еді, біздің балабақша ауласы көкпеңбек болып, жасыл шөптен көрпе жамылды. Гүлдейтін шөптесін өсімдіктерге назар аударады. Кекіре (василек) гүлін көрсетеді. Кекіре – гүлі көгілдір түсті өсімдік. Жол бойында, шалғында өседі. Әрбір шөптесін өсімдіктің гүлі болады. Өсімдіктердің бәрі де гүлдейді. Бірақ біз оларды көре бермейміз немесе көңіл аудармаймыз. Балалардан шөпке қалай қарауымыз керектігін сұрау.. «Түс», «биіктік», «ұзындық» түсінігін нығайтады. Сергіту сәті: «Емдік шөп» түсінігін қалыптастыру. (Балабақша аумағында өспейтін шөптің суретін көрсетуге болады). Балалар жолжелкен шөбімен танысады. Жолжелкен жолдың жиегінде, үйлердің қасында, көгалдарда өседі. Сондықтан да оны жолжелкен деп атайды. Ол жараны өте жақсы жазады. Қорытынды кезең: Шөптің пайдасы туралы айтып, оларды да бостан боска жұлуға, таптауға болмайтынын айтады.		

			Сабақ барысында қалай өскендерін, ақыл ойларының қалай толысқанын көрсетулерін сұрайды. Өз жұмыстарына баға береді. Қолдарын жоғары көтеріп созады. Өздерін шөпке теңейді. Ақылдарына ақыл қосқандарын айтады.		
Балалармен жеке жұмыс	**Есен Айзеремен жеке жұмыс** Шаманы салыстыруда үстіне және қасына қою тәсілдерін қолдана алуға үйрету. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)**	**Ержан Ханшайыммен жеке жұмыс** Қағаз парағын түрлендіруді, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндерді құрастыра алуға үйрету. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**	**Жұматай Асетпен жеке жұмыс** Сөйлегенде сөйлемдердің түрлерін (жай және күрделі), сын есімдерді, етістіктерді, үстеулерді, қосымшаларды қолдана алуға үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**		
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киінуді жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Серуен	№ 1	№ 2	№ 7		
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Балалардың үйге қайтуы	«Үйдегі бала өміріне зиянды заттар» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу. (балаларға ұялы телефоннан аулақ болуды үйрету)	Балаларды жыл мезгілдеріне сәйкес киінуді ескерту.	Демалыс күндері қауіпсіздік ережесін естен шығармауды түсіндіру.		

Тексерілді: Майгүл

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Топ: « Күншуақ » ересек жас тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 24 – 28 наурыз 2025 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау		«Менің көңіл -күйім» ойыны Міндеті: Таныс кейіпкерді көрсетуде ым-ишара, қимыл қолданады. Шарты: кубизм әдісі бойынша түскен көңілді кейіпкерді жанындағы балаға көрсетеді.	Балаларды жақсы көңіл -күймен қарсы алу. Әуенді ойын: «Көңіл күй» Міндеті: Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қаркында қимылдар жасау. **Музыка**	«Ретімен бас» ойыны Міндеті: 5 ке дейінгі санды ретінмен атайды. Шарты: жерге салынған тор көздегі санды атап, басып секіреді. **(математика негіздері)**	Жыл мезгілдері кітаптарды, суретті альбомдарды қарау. Міндеті: Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы

		(көркем әдебиет)			ақпараттарды алуға және оларды талқылайды. жыл мезгілдерін ажырата білу және дұрыс айта білу дағдыларын дамыту. **(Қазақ тілі)**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу		**Ата-аналармен жұмыс:** «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата –аналармен қарым –қатынас мәдениетін орнату. Күн тәртібін сақтауға дағдылану.	**Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы,тәртібі жөнінде кеңес беру.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)		«Асықтарды сана» Міндеті: Асықтарды санау арқылы, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап береді. **(математика негіздері, танымдық ойын)**	«Жаңылтпашты жаңылмай айт» Міндеті: Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтады. Үш кіші ішік піштім, Бес кіші ішік піштім, – Неше кіші ішік піштім?! **(қазақ тілі)**	«Асықтарды сана» Міндеті: Асықтарды санау арқылы, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап береді. **(математика негіздері, танымдық ойын)**	Тіл ұстарту жаттығуы Ар-ар-ар Таза шалбар, Ақ-ақ-ақ Түрлі түсті қалпақ. Ік-ік-ік Әдемі етік. **(қазақ тілі)**
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені №14				
Таңғы ас	Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру: Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тамақтану әдебін сақтау.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық		«Даусынан таны?» ойыны. Шарты: Үнтаспадағы жануарлардың даусынан не екенін табады. **(қазақ тілі)**	«Иә,жоқ» -ойыны Ойынның шарты: берілген сұрақтарға «Иә»,немесе «жоқ»-деп жауап беру. Сұрақтар: Ересектерсіз үтікті қосу? -Батерейкалы ойыншық машинамен ойнау? - Кір жуатын машинаға қолды салу? - Робот машинамен ойнау? **(сөйлеуді дамыту)**	№10 «Үлттық киімдерді ата» Міндеті: Балаларға ұлттық құндылықтарды бойына сіңіре білуге тәрбиелеу. Шарты: Әр түрлі ұлттық киімдер көрсетіледі, балалар киімдердің атауларын атау қажет. **(қоршаған ортамен танысу)**	Дидактикалық ойын: «Бұл қандай құс?» Шарты: Құстардың дауысын үнтаспадан естірту. **(сөйлеуді дамыту)**
қуанамыз? -Күн бізге не береді? -Күн қайда орналаскан? Жоғарыда ма,төменде ме? -Қазір жылдың қай мезгілі? -Көктемде неше ай бар? -Сендер ертегі тыңдағанды жақсы көресіңдер ме? -Ертегі қалай басталады? Ойын: «Сөйлемді аяқта» Орыс ертегі елінен әже келеді. Әже: Балалар мен бауырсақты іздеп келіп едім.Көрдіңдер ме? Тәрбиеші:-Балалар,әжені төрге шығарайық,өзіміздің салт-дәстүріміз туралы айтып,әжені қонақ қылайық.Әжеге өз есімдеріңді айтып,ата-аналарың туралы мәлімет бере отырыңдыр. Әжеге көмектесеміз бе? -Олай болса есімізге түсірейікші,бұл қай ертегі? -Ертегіде бауырсаққа қандай жануарлар кезігеді? Тіл ұстарту жаттығуы. Ян-ян-ян секіріп шықты қоян. Ыр-ыр-ыр ырылдайды қасқыр. Ю-ю-ю қорбаңдайды аю. Кі-кі-кі күліп шықты түлкі. **(сөйлеуді дамыту,қазақ тілі,қоршаған ортамен таныстыру)** Осы кезде қоян:-Сәлем балалар! Қоян: Менің үш тапсырмамды орындасаңдар айтамын. Математикалық тапсырмалар. **(математика негіздері)**	өкшемен жүргенде – допты алға шығарып ұстайды. Қолға доп ұстап, солға қарай қосалқы адым жасап жүру. Допты пайдаланып, жалпы дамытатын жаттығулар орындау: саусақтарын қатты қыспай, допты еркін ұстау. Негізгі қимылдарды орындау. №2 карточка. Допты бір қолмен еденге ұру. Нұсқау: саусақтарын жазып, допты алақанымен қарсы алу, допты қолдың басымен соғу. Қимылдардың дұрыс орындалуын қадағалау. №3 карточка. Көлбеу баспалдақ (саты) үстімен өрмелеу, гимнастикалық қабырғаға өту, көшпелі саты гимнастикалық қабырғаның төртінші кермесіне қойылған. Көлбеу сатының шетінен ұстау техникасының сақталуын қадағалау: бас бармақпен үстінен, төрт саусақпен астыңғы жағынан қысып ұстайды. №4 карточка. Көлденең бөрене үстімен жүру. Нұсқау: аяқтың ұшымен жүру, дене мен басты тік ұстау қажет. №5 карточка Ойын: «Біз көңілді балалар». Ойын тәртібін түсіндіру. Жүргізушіні санамақтың көмегімен таңдап алады. Қорытынды кезең (Рефлексия). Көздерін жұмып сандықты тауып алуларын сұрайды. **Қазақ тілі** **Міндеттері:** Сөйлемдегі	**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Балалар,бүгін мен сендермен кездескеніме қуаныштымын. Енді бәрін менің қолымдағы күнге қарандаршы, ол бізге әдемі күлкісін сыйлап тұр. Қане ,бізде бір бірімізге күн сияқты әдемі күлкімізді сыйлайықшы.. Жарайсыңдар балалар. -Балалар, бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетімізде «Достық», «Бақыт» аялдамасына тоқтап,мұнда тату, дос болу, бақыт ұғымы туралы түсінік аламыз. Достық деген не? Ал бақыт деген не? -Өз отбасы, достары бар, денсаулығы мықты баланы бақытты бала деп айтамыз. Ендеше орнымызға отырып, екі дос «Қошқар мен Теке» ертегісінің қалай бақыт іздегенін көріп тамашалайық. Сендерге ертегі ұнады ма? Ертегі қалай аталады? Ертегі не туралы болды? Қошқар мен теке дос болыпты, олар бақыт іздеп жолға шығыпты, бақытты алыстан іздеуге болады ма? Қошқар достығының арқасында текеге қалай көмектесті? Қиын сәтте қалдырып тастап кеткен жоқ. Қасқырлар шабуыл жасағанда көмек көрсетті. Сендер қалай достарына көмектесер едіңдер?		түседі ме? Қалай? Күн қайда тұратынын білесіңдер ме? Педагог күннің қайда тұратынын білу үшін зерттеу-серуенге баруға ұсыныс тастайды. Әңгіме: Күннің жұмысы көп екен. Жерге жарық түсіреді, жылытады. Адам мен жануарларды ұйқыларынан оятады. Күннің шыққанына бәрі қуанады. Күннің неге ұқсайтынын анықтауға тапсырма беріледі. Күнге қандай заттар ұқсайды? «Заттарды не ысытты?» зерттеу жұмысы серуен барысында педагог отырғышты көрсетіп: Күн шұғыласы отырғышқа түсіпті. Кәне, ұстап көрейікші (бәрі ұстап көреді). Қандай жылы! Оны не жылытты? – Иә, күн жылытты! Көктем келді. Күн бұрынғыдан да жерді жақсы жылытатын болды. Балаларға жұмбақ оқиды. Соңынан қалмайды, Тоқтасаң, тоқтайды. Үйге ізден бармайды, Тығылсаң таппайды. (Көленке) Көленке деген не? Ол қалай пайда болады? Күн сәулесінің жолында бір кедергі пайда болса, көленке болады. Көленке түсіріп ойнатады. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Ойын: «Ойна да, ойлан!» «Сөз жұмбақ» 1. Күн шуақта отырды үш	- Аптада неше күн бар? - Апта күндерін атап беріңдерші? -Ал бүгінгі аптаның қай күні? – Балалар, біз серуен кезінде қандай жәндіктерге бақылау жасадық? (Ара, шыбын, көбелек, құмырска). **(қазақ тілі)** – Қазір біз бір ойын ойнаймыз. Ол ойын «Кім жылдам, әрі тапқыр» деп аталады. Педагог балаларды үш, төрт топқа бөліп отырғызады да ойын шартын түсіндіреді. Ойын шарты бойынша балалар музыка аяқталғанша алдыларында бірнеше бөлікке бөлінген қағаз қиындыларын құрастырады. Музыка аяқталған кезде ойынды аяқтайды. Балалар қанкыз, көбелек, құмырска, кесірткенің бейнесін құрастырады. **(қоршаған ортамен таныстыру,құрастыру)** Сандық қатармен жұмыс істейміз. Педагог 1-ден 5-ке дейінгі цифрларды ретімен орналастыруды сұрайды. Тапсырма: Педагог балалардан сұрайды: – Бөшкеде неше бака бар? – Ал бес бөшкеде неше бака болады? Балаларға бес бөшкеде неше бака болса, сонша дөңгелекті бояуға тапсырма береді. Содан соң сұрайды: – Кәне, балалар, неше дөңгелек боядыңдар? 2-тапсырма. Педагог балаларға сұрақ қояды және тапсырма береді. – Неше дана

	Қасқыр: Балалар «Қайдан келдің бауырсақ?» өлеңін білесіңдер ме? Ақ: Ұйқымды аша алмай тұрмын.Мені бір сергітіңдерші. Сергіту сәті: «Ормандағы аю...» Түлкі: Қарным ашқан соң жеп қойып едім,кешіріңдерші мені? Тәрбиеші: Балалар түлкіні кешіреміз бе? Достық туралы мақал-мәтел: Тәрбиеші:Ендеше балалар, орнымызға отырып,екі топқа бөлініп,сюжеттік композиция жасау арқылы әжеге көп бауырсақ дайындап берелік. (әжені төрге отырғыздырамыз) Тәрбиеші жеке нұсқау береді,әдіс-тәсілін көрсетеді.Жұмыс ортасында саусақ жаттығуы. **(құрастыру,жапсыру,сурет салу,мүсіндеу)** Әже балаларға ризашылығын білдіріп,қоштасады. Балалар бізге бүгін кім келді? Не үшін келді? -Біз қандай көмек көрсете білдік? -Қанша бауырсақ дайындадық? -Бауырсақтың пішіні қандай? -Түсі ше? -Бауырсақты неден дайындадық? -Балалар біз бүгін бауырсақ	сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді, зат есімдерді жекеше және көпше түрде дұрыс қолдануға үйрету, шешендікке, сөз өнеріне, қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Балаларды геометриялық фигураларды танып, атай білуді,заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Ермексаздан әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Жеңіл, ырғақпен қозғалу; жүшпен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану.Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын кеңейту.Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды және ауа райы мен климаттық жағдайлардың	**(сөйлеуді дамыту)** Дәйексөз. Тәрбиеші: «Достық асыл қасиет», «Татулық табылмас бақыт» деген бүгінгі сабағымыздың дәйексөзі. Достық,бақыт туралы кім мақал мәтел біледі? Ойын. «Балабақша бізді неге үйретеді?» Балалар шеңбер бойына тұрады. Ойын бастаушы допты лақтырып: «Балабақша бізді неге үйретеді? деп сұрақ қояды. Тыныштық сәті. Сазды ән қойылады. Қане балалар ынғайлана отырып,көздеріңді жұмыңдар,көз алдарына туған жерлеріңді,оның әсем табиғатын елестетейік.Бәріміз өзіміздің ең бақытты,ең қуанышты сәттерімізді еске түсірейік. Енді көздеріңді ашыңдар. Тақтаға ілгізу. Суретке сәйкес адамгершілік қасиеттерді білдіретін сөздерді тауып айтады. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Тақпақтар айтқызу. **(көркем әдебиет)** Суретпен жұмыс: «Асан мен Үсен» Сұрақ қойып, әңгіме жүргізу. — Кімнің шелегінің көлемі үлкен деп ойлайсыңдар? Неге? — Асан мен Үсеннің қолдарындағы шелектері		күшік Келді маңына тағы екі күшік. Ал, кәнекей санашы Болды сонда неше күшік? 2.Бес қонжық орманға Бара жатты қорбаңдап. Бір қонжық шаршады. Әрі қарай бармады. Ал, кәнекей тез айтшы Қанша қонжық кетті алда? 3.Ағаш басында екі торғай отыр еді. Оларға тағы екі торғай ұшып келді. Барлығы неше торғай болды? **(математика негіздері)** Көңіл күйлерін қандай? - Жақсы сөз естігенде қандай сезімде боласыңдар? - Жағымсыз, жаман сөз естігенде көңіл күйлерің қандай болады? - Білесіңдер ме, адамдардың көңіл күйлері әртүрлі болады: жабырқау, көңілді, жайдары. Көңіл күйлерді ым-ишара арқылы көрсетейік. 1. Қабақтарыңды түйіп, ашулы адамның кейпін көрсетіңдер. 2. Қатты қорқынышты. Қасқырдан қорыққан қоянды немесе үядан түсіп қалған балапанды, мысықтан қорыққан тышқанды және иттен қорыққан баланы бет-әлпетіңмен көрсет. 3. Жылап тұрған адамды көрсет. 4. Жай күліп тұрған адамды және қатты күліп тұрған адамды көрсет. Айару балаларды қуыршақтар жиналған сөреге шақырады. - Біз қуыршақтар театрына келдік. Бұл жерде әртүрлі қуыршақтар тұрады. Олар өте	орамжапырақ бар? – Сәбіз неше? – Ал алма ше? – Неше шиенің суретін көріп тұрсыңдар? – Оң жақка дөңгелек салыңдар. Сол жақтағы суретте неше жеміс пен көгөніс болса, оң жақтағы шеңбердің саны содан біреуге артық болуы тиіс. 3-тапсырма. Педагог балаларға сұрақ қояды және тапсырма береді: – Қандай геометриялық пішіндер бейнеленген? – Бұл геометриялық пішіндер қандай заттарға ұқсайды? Пішіндерді өздеріне таныс заттардың суретіне айналдырыңдар. – Дөңгелектен қандай сурет шығаруға болады? – Ал шаршыдан ше? **(математика негіздері,сурет салу)** Саз әуенімен (үнтаспа қосылады) көбелек пайда болады. Тақпақ «Көбелек» Гүлдер, гүлдер көктесін, Көбелектер көп келсін. Ақ қанатты көбелек, Ауламыздан кетпесін. Көбелек-ау, көбелек, Ауламызға келе кет. Ж.Смаков **(көркем әдебиет)** Фонетикалық жаттығулар - кө-кө-кө-көбелек - үл-үл-үл-қызыл гүл - ыз-ыз-қыз-қанқыз. **(сөйлеуді дамыту)** Балалар, үстел үстіндегі түрлі-түсті көбелектен алыңдар, таңдаған көбелектеріңді алдарындағы гүлдің түсіне

	дайындап.үлкен еңбек жасадық.Еңбек туралы мақал білесіңдер ме? **Музыка** (пән жетекшісінің жоспары бойынша). **Дене шынықтыру (таза ауада)** **Тақырыбы: «Шынығып, шымыр боламыз»** **Міндеттері:** дұрыс бастапқы қалыпты сақтай отырып, әртүрлі орналастырылған кегельдерге допты лақтыруға үйрету. Бағытты өзгерте отырып және заттарға тиіп кетпей заттардың арасымен жүгіру білігін бекіту, майтабан профилактикасы, табан күмбезін нығайту.Ептілікті, жалпы төзімділікті, статикалық тепе-теңдікті сақтау білігін дамыту. Дүниеге оң көзқарасын, мейірімділікті қалыптастыруға ықпал ету. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын: «Доптарды шеңберге сал». Қолға (оң қолға) доп ұстап шашырап жүру, бір-бірден сап түзеу. Кеңістікте бағдар табу қабілетіне назар аударады. Ойын түріндегі жаттығу: «Доппен фигура жаса». Балалардың тұрақты тепе-теңдік сақтауына назар аударады. Негізгі іс-қимылдарды орындайды. Допты еденге лақтыру және қағып алу. Жаттығуды түсіндіру және	өзгеруін бақылау. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** - Балалар қазір жылдың қай мезгілі? - Көктем мезгілінде табиғат құбылыстарында қандай өзгерістер болады? **(қоршаған ортамен таныстыру)** - Көктем мезгілінде біз қандай мерекелерді тойладық, қане есімізге түсірейікші. - Осы көктем мезгілінің соңғы мамыр айында тойланатын тағы бір мереке бар екен. Ол мереке 1 мамыр Қазақстан Халықтарының ынтымағы мен бірлігі күні мерекесі. - Балалар біздің ұлтымыз қандай? - Біз қай тілде сөйлесеміз? Қазақстан халқының өзінің қазақ тілі, ұлттық киіміміз, салт – дәстүріміз бар. Сол сияқты біздің Қазақстанда басқада ұлттар тұрады. Өзбек, орыс, қырғыз, татар және тағы басқа да ұлт өкілдері тұрады. - Қане,ұлт өкілдерін жекеше-көпше түрде бірге айтайықшы. **(сөйлеуді дамыту)** Қане балалар бәріміз экранға қарайық. 1 – слайд: Сурет арқылы әр ұлттардың киімдерімен таныстыру. Балалар, осы ұлттардың барлығы да Қазақстанда тұрады. Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Олар өз елдерінде болмасада,	бірдей ме, әлде әртүрлі ме? — Біз шелектердің қайсысына көп сусын сыятынын айта аламыз ба? (Жоқ, айта алмаймыз.) Балаларға сурет бойынша өз ойларын қорытындылап айтуға мүмкіндік беру. **(математика негіздері)** Саусақ жаттығуы: «Достар» Шығармашылық жұмыс. -Мына жарқырап тұрған күннің шуағын алқанымыз арқылы достық бақыт жылулығын толтырайық. Балалар түстерін өздері таңдап күннің бетін бояйды. **(сурет салу)** Достық-Бақыт бұл үлкен ұғым. Қане енді бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетімізде айтып,үйренген өнегелі ғажайып сөздерімізді қайталап айтып, сандыққа салып қояйық. Ғажайып сөздер. Достық жақсы қасиет. Мен адал, сенімді ,мейірбан,жақсы. **(қазақ тілі)** Қорытындылау. Бүгін біз достық,бақыт туралы әңгімелестік. Достарымызға үнемі жақсы,жылы сөздер айту керектігін үйрендік. Достар әрқашан бір біріне көмектеседі. Достық бар жерде бақыт болады. Дос болып бір –бірімізді ренжітпесек барлығымыз бақытты боламыз.Сендер достарыңның қандай болғанын қалайсыңдар?		мейірімді, ойнағанды жақсы көреді. - Алдымен қуыршақтармен танысайық. - Мынау – үстел үсті театры. – Неге үстел үсті театры деп аталған? - Тағы қандай театр түрлері бар? - Мынау – қуыршақ театры. Қуыршақ театрында қуыршақтарға адамның қолында жан бітіп, тіріледі. - Балалар, бұл жерде басқа да қуыршақтар өте көп. Мына театрға қарандаршы қуыршақтармен ойнағыларың келе ме? **(сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет)** Бұл – саусақ театры. Бұл қуыршақтарды басқару үшін, қолымызды, саусақтарды дайындап алайық. Топ-топ-топ (саусақтарды тез қимылдатып жүгіртеді.) Тук-тук-тук (әр саусақпен үстел үстін тықылдатады). Ойын: «Саусақтар серуендейді». - Балалар, саусақтар серуенге шығады, біз оларға жол көрсетейік. - Енді қуыршақтармен ойнап көрейік. - Балалар, әр кейіпкердің өзіне тән дауысы болады, соны ұмытпаңдар. Өздерің таңдаған қуыршақты тірілтіп, сөйлетуге тырысып көріңдерші. – Мысық тамақ сұраганда қалай дыбыс шығарады? - Аюды оятып жіберсек, қалай ақырады? саусақты кезекпен бас бармакка түйістіріп	сәйкес қондырыңдар. **(жансыру)** Қимылды ойын: «Не,қайда мекендейді?» Шарты: Белгі берген кезде шапшаң қимылмен құстар мен жәндіктердің мекендейтін орнын табу. **(дене шынықтыру)** Еркін ойын. Ермексаздан қалаулары бойынша жәндіктердің бейнесінен көре ұйымдастыру. **(мүсіндеу)** **Музыка** (пән жетекшісінің жоспары бойынша)

	орындалу тәртібін көрсету допты төмен қарай тігінен лақтыру, жерге тиіп секіргеннен кейін саусақтарының арасын ашып ұстау және қатты қыспау. Қатарға қойылған заттарды (кегельдерді) айналып, аяқтың ұшымен иректеп жүгіру. Заттардың арасындағы қашықтық – 1 метр, қатардың ұзындығы – 6 метр. Балалардың арақашықтық сақтау қабілетін, денесін оңға-солға бұру қабілетін қалыптастыру. Спорттық ойын элементтері – кегельдер. «Нағыз мергендер» Дұрыс бастапқы қалыпты ұстана отырып, допты әр жерге қойылған кегельдерге лақтыру. Тәрбиеленушілер 2 метр қашықтықтан допты лақтырады. Тапсырманы алдымен қыздар орындайды, ал ұлдар кегельдерді педагогтің нұсқауы бойынша қояды. Сосын ұлдар лақтырады. Педагог допты тура бағытта екпінді түрде – тұрған кегельдердің ортасына лақтыруға назарларын аударады. «Біз көңілді балалар» ойынын ұйымдастыру. Ойын тәртібін түсіндіру. Құғыншыдан қашып құтылу керектігін, жүгіргенде бір-бірімен соқтығыспау қажеттігін ескертеді. Құғыншыны санамақтың көмегімен	Қазақтардың елін – елім деп, жерін – жерім деп, құрметтеп, үлкен үлгілі, бақытты, өнегелі отбасы болып өмір сүруде. Әлем халықтарының тату – тәтті бейбітшілікте, ынтымақтастықта өмір сүріп отырғаны біздің қазақ елінің арқасы және олар мұны түсініп, жақсы біледі. Сол себепті біздің еліміздің қадір тұтып, құрметтейді. 2 – слайд: Экраннан Елбасы құттықтауы мен Астана қаласы орталық алаңда өткізіліп жатқан шеруді тамашалау. (түсіндірме беру) Ертең 1 мамыр мерекесі. Біздің де Алға қаласының тұрғындары орталық алаңға осындай салтанатты шеруге шығады. Әр ұлт өкілдері өздерінің ұлттық киімдерін киіп, өнерлерін көрсетеді. Өзбек,қазақ,ұйғыр,үнді ұлт өкілдерін бірге айтып қайталау. **(қазақ тілі)** Балалар, ертең біз мерекеге барганда қолымызға не ұстап шығуға болады деп ойлайсыңдар? - Олай болса осы мерекеге арналған шарымыз бен жалаушаларымызды өзіміз дайындайық. - Жалауша қандай пішінге ұқсайды? - Түсі қандай болады? - Ал шар қандай пішінге ұқсайды? - Түстері қандай болады? **(математика негіздері)** Жарайсыңдар балалар,	«Ақпыз,қара,сарымыз» әні орындалады. **(музыка)** **Дене шынықтыру** **Тақырыбы: «Айсұлумен ойнаймыз»** **Міндеттері:** Бөрене бойымен солға және оңға қосалқы адым жасауға, тұрақты тепетеңдік сақтауға және бойды тік ұстауға үйрету. Жұптасып ырғақпен әрі жеңіл жүгіру, өзге балалармен үйлесімді қимылдау қабілетін дамыту. Алыска асық лақтыруға жаттығу, шынтақтан бүгілген қолды екпінмен жазу қабілетін дамыту. Халықтық дәстүрлерге негізделген адамгершілік мінез-құлық нормаларын қалыптастыру, үлкендер мен кішілерге құрмет көрсетуге баулу; қазақтың ұлттық ойындарына деген қызығушылығын нығайту. Толерантты болуға тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойындық сәт: Айсұлу келеді. Айсұлу ойнауға арналған заттар салынған дорба ала келіпті. Ойын түріндегі жаттығу: «Өз жұбыңды тап»; жұптасып жүгіру. Жұптағы балалардың бір-бірімен үйлесімді қимылдауына назар аударады. Шеңберге тұрып орамалдың көмегімен жалпы дамытатын жаттығуларды орындау.		амандасады. Педагогтің көрсеткен жаттығуларын қайталап, саусақтарын үстел үстімен жүргізеді. Көңілді бақалар қалай бақылдайды? - Әтеш таңертең қалай шақырады? **(қазақ тілі)** Еркін ойын: «Аңдар биі» Шарты: музыка әуеніне сәйкес қимылдар жасау. **(музыка)**	

	таңдап алады. Ойын түріндегі массаж: «Бояушы». 1. Бояушы қорғауды бояйды, демалғанды ұнатпайды. Біз де бояу жағатын қылқаламды қолға алып, оған көмектесейік! 2. Аула сыпырушы ағай демалғанды ұнатпайды. Үнемі сыпырады да жатады. Кәне, балалар, біз де сыпырғышты алып көмектесейік. 3. Тігінші инемен киім тігіп, бір тынымтаппайды. Ол да демалғанды жақсы көрмейді. Тезірек инемізді алып, тігіншіге көмектесейік. 4. Міне, мына аспаз сорпа пісіріп жатыр. Ол да демалғанды ұнатпайды. Біз де қасығымызды алып, сорпаны араластыруға көмектесейік. 5. Мынау – ұста. Тақтай кесіп жатыр. Ол да бір демалмайды. Біз де арамызды қолымызға алып, ұстаға көмектесейік, балалар. 6. Ал мына кісі тынымтаппай пианинода ойнайды. Біз де пианинода ойнайық. Қорытынды кезең (Рефлексия). Эмоционалдық фонды қалыпқа келтіру «Күлкі сыйла». Жағымсыз эмоциялар балалардың бір-бірімен сөйлесуіне және олардың денсаулығына кері әсер ететінін ескертеді.	жалаушамыздың түсі көк, пішіні тіктөртбұрышты, ал шарларымыздың түстері әр түрлі, пішіндері домалақ, сопақша болады екен. Ендеше өз қалауларыңызбен алдарыңыздағы қағаз бен ермексазды пайдаланып жұмыстана қойыңыздар. **(сурет салу,мүсіндеу)** Дидактикалық ойын: «Қай ұлттың бас киімі?» Ойын шарты: Көрсетілген әр ұлт өкілдерінің суреттерінің бас киімін тауып кигізу. **(жапсыру)** Балалар сендер достық, ынтымақ туралы қандай мақал – мәтелдер білесіндер? Ырыс алды – ынтымақ. Бірлік болмай, тірлік болмас. Ұрыс, ырысты қашырар Ынтымақ, халықты асырар. **(көркем әдебиет)** Балалардан бүгінгі өтілген тақырып бойынша сұрақ – жауап арқылы қорытынды жасау. Бір – біріңе деген достықтарың мәңгі болсын, ата – аналарың аман болсын. Ал мен сендерге ертең 1 мамыр мерекесіне барғанда қолдарыңа ұстап баратын жалауша мен гүл берейін. Ертеңгі мерекеде әдемі болып жүріңдер. Біздің достығымызды білдіретін «Ақ көгершін» биін билейік. **(музыка)**	Негізгі іс-қимылдарды орындайды. Көлденең жатқан бөрене үстімен жүру (қапталға қарай қосалқы адым жасау). Ойын түріндегі жаттығу: «Бұлақтан өт!» Бұлақтың үлгісін жасау – залдың ортасына көк түсті мата төселеді (ені бұлақтың ұзынығымен бірдей). Бұл – бұлақ, оның үстіне көлденеңінен бөрене қойылады. Балалар аяқтарын суламай, бөрене арқылы екінші жаққа өтуі тиіс. Алысқа асық лақтыру. Ойын түріндегі жаттығу: «Асықты кім алысқа лақтырады?». Қимылдардың ізбе-ізділігіне, лақтыру күшіне назар аударады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қасқырға арналған қақпан». Ойын тәртібін ескерту. Нұсқаулар: бір-бірімен соқтығыспауға тырысу, шеңберді айналып еңбектеу. «Кәне, кәне, халайық, Қасқыр қақпан құрайық. Кәне, қақпан бері бол, Қасқыр, қасқыр, келіп көр!» Қорытынды кезең (Рефлексия). «Сиқырлы асық» Эмоционалдық фонды қалпына келтіру. Тілек тілеу. Айсұлу балаларға өзімен ойнағаны үшін алғыс білдіреді. Балалармен қоштасады.			
Серуенге	Киіну: киім кию ережесін сақтауға үйрету,серуенге арналған құралдарды дайындау,**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары**					

дайындық						
Серуен	**№ 3** **Күннің шұғыласын бақылау** ***Міндеті:*** Күннің шұғыласын бақылау, балалардың ойнауына қандай әсер беретінін түсіндіру. Кішкентай айнамен «сәулелі қоян» деген ойынды ойнату. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс: Жұмбақ жасыру** Ақ сандығым ашылды, Ішінен дүрлер шашылды (Күннің көзі) **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Ақсақ түлкі» (татар халық ойыны)** **Міндеті:** Санамақ арқылы жүргізуші таңдап алу. Ойын барысында бір-біріне соқтықпай,кедергі келтірмей жүгіруге үйрету. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** ***Еңбек:*** **Жолдарды қардан тазарту** **Міндеті:** Берілген тапсырманы жауапкершілікпен орындауға үйрету. Өз еңбегінің нәтижесін көруге, бағалауға баулу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**№ 14** **Аулада тазартушының еңбегін бақылау** **Міндеті:** Аула тазартушының еңбегін бақылау. Еңбек қимылын көру (қар күреу, белгілі бір жерге лақтыру, жолдарды сыпыру). Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу,көмектесуге ынталандыру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс: Тақпақ оқу,жаттау** Еңбек сүйсең, жасыңнан, Бақыттысын, жас ұлан – Дейді атам ылғи да, Сипап менің басымнан. **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Жүгір, отыр, жүгір»** **Міндеті:** Балаларды белгі бойынша үйрету, «отыр», «жүгір» ойын шартын сақтау. Балалардың кеңістікте бағыт-бағдарын тездетуге үйрету. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Аулада үлкендерге көмек беру.** **Міндеті:** Еңбектің маңыздылығын білу. Ойын барысында мадақтау, шапшаңдығын дамыту. Татулық қарым - қатынасқа тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	**№ 3** **Күннің шұғыласын бақылау** ***Міндеті:*** Күннің шұғыласын бақылау, балалардың ойнауына қандай әсер беретінін түсіндіру. Кішкентай айнамен «сәулелі қоян» деген ойынды ойнату. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс: Жұмбақ шешу** Ақ сандығым ашылды, Ішінен дүрлер шашылды (Күннің көзі) **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Ақсақ түлкі» (татар халық ойыны)** **Міндеті:** Санамақ арқылы жүргізуші таңдап алу. Ойын барысында бір-біріне соқтықпай,кедергі келтірмей жүгіруге үйрету. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** ***Еңбек:*** **Жолдарды қардан тазарту** **Міндеті:** Берілген тапсырманы жауапкершілікпен орындауға үйрету. Өз еңбегінің нәтижесін көруге, бағалауға баулу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**		**№ 21** **Торғай, көгершін, үйрек құстарын бақылау Міндеті:** Құстардың көлеміне, түрі-түсіне, шығарған дыбыстарына қарай, аттарын айыра білуге, қимыл іс-әрекетіне назар аудару, қимылдарын салыстыру. Торғай секіреді, ал көгершін жүреді. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Көнтерді қуып жет»** **Міндеті:** Жарысуға үйрете отырып, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбек сүйгіштікке баулу. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру Еңбек: Құстарды тамақтандыр** **Міндеті:** Құстарды тамақтандыруға және олардың қасында өзін-өзі ұстай білуге және құстарға қамқор бола білуге баулу. **Балалармен жеке жұмыс: Тақпақ оқу,жаттау** Үшып, қонып жүр торғай, Жем іздейді. Серігіне табасын жегізбейді, Құттай дәнді киядан көзі шалып, Байғұс сірә көрмейді өгіздерді. **Коммуникативтік дағды**	**№ 19** **Балалармен жеке жұмыс: Тақпақ оқу,жаттау** Алма ағаштың құшағы – Қанат жайған бұтағы. Жапырағы жүрегі, Бұтақтары білегі. **Коммуникативтік дағды** **Қылқанды ағаштарды бақылау (қарағай, шырша)** **Міндеті:** Балаларға қылқанды ағаштарды білуге үйрету. Балабақша аймағындағы өсіп жатқан екі түрлі қылқанды ағашты, сыртқы белгілерінен білу. Басқа ағаштардан ерекшеліктерін көру, оларды атау. Ағаштарды қастерлеп, оларды күтуге тәрбиелеу. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойын: «Жіпті көтеру»** **Міндеті:** Жіпті бекітіп, белгі бойынша жүгіріп келу. Кім бірінші болып мәре жеріне келіп, бірінші болып жіпті тартып алса, сол жеңімпаз. Баланың шапшаңдығы мен ептілігін дамыту. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:Табиғат бұрышындағы жұмыс** **Міндеті:** Үлкендерге көмек көрсетуге тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. **(Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары)**					

Түскі ас	Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қойуын қалыптастыру.Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан кикымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті**)					
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы жағдай жасау. «Әлди-әлди ақ бөпем» музыкасын тыңдату. **Музыка**					
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	1.Төсекте жатып жасайтын жаттығулар. (2-3 минут) Төсекте жатқан орнында көрпені аяғымен серпіп тастап оңға, солға домалау. Отырған жерде көзімізді ашып – жұмып көзімізге жаттығулар жасау. 2. Аркаға арналған « Ауа-райы» жаттығулары: Балалар бірінің артынан бірі тұрып, алдыңғы тұрған баланың арқасына массаж жасайды. 3. Нүктелі массаж: Тамағымыз ауырмау үшін, қолымызбен тамағымызды жоғары-төмен уқалаймыз. 4. Түшкіріп тұмауратпау үшін, нұсқаушы саусағымызбен танауымыздың екі жағын кезектеп үйкейміз. 5. Құлағымыз ауырмау үшін, нұсқаушы және ортанғы саусағымызбен құлағымызды алдынан және артынан уқалаймыз. 1.Төсекте жатып жасайтын жаттығулар. (2-3 минут)					
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдеңетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.(**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті**)					
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	Сюжетті-рольдік ойын «Ертегіні сахналаймыз» **(көркем әдебиет)**	Елімізде тыныштық болып, бірлігі жарасқан ел болайық, әр кез ынтымақта, достықта болайық! Қазақстанымыздың қуаттылығы мен басымызға конған бақытымыз бірлігіміздің берекесін арттыра берсін, бейбітшілік мәңгі ажырамас серігімізге айналып, еліміз бен жеріміз, халқымыз аман болсын. Ал, балалар күніміз ашық болсын деп елімізге тыныштық тілеп, ортадағы күніміздің шумақтарын бірге құрастырайық. Балалардың тілектері: Аспанымыз ашық болсын! Күніміз жарқын болсын! Елбасымыз аман болсын! Көк туымыз биік болсын! Достық болсын! Бірлік болсын! Күніміз ұлысты болсын! Жеріміз ырысты болсын! Ұлттар достығы мәңгі жасасын! Әркашан күн сөнбесін! Бейбітшілік болсын!	Балалар даярлық топтан Мансұр көмек сұрап келіп тұр,қарындасының туған күніне іліп қойған жалаушаларын жаңбыр шайып кетіпті,енді бізден көмек сұрап келіп тұр,көмектесеміз бе? «Әдемі мерекелік жалаушалар» Жұмыстың жасалу жолдарын түсіндіру,қауіпсіздік ережесін еске түсіру. **(құрастыру, жапсыру, мүсіндеу)** Балалардың жасаған жұмыстарына Мансұр алғысын білдіреді.		Композиция құрастыру: «Жанды және жансыз табиғат» Балалар өз қалаулары бойынша екі топқа бөлініп,орындайды және жанды-жансыз табиғат құбылыстары туралы әңгімелеп береді. **(құрастыру, жапсыру, сурет салу, мүсіндеу)**	**Вариативтік компонент:** **«Таза болса табиғат, аман болар адамзат»** **Тақырыбы: «Тірі және өлі табиғаттың байланысы туралы»** **Міндеті:** Бүкіл өсімдіктер мен жануарлар бір-бірімен байланыста екенін, бір-бірісіз тіршілік жасамайтынын түсіндіру. Табиғат байлығысын сезіну мәдениетін тәрбиелеу. **Барысы:** Ғажайып сәт Осы кезде есік қағылып ақ көгершін ұшып келеді. Табиғат ананың хатының келуі. Өлі және тірі табиғат туралы қайталау. Суреттер тамашалау. «Құм, тас, су. Басы «құм» дегенде әр жерде шашыранқы болып отыру. «Тас»дегенде өз қолымен мүсін жасап тұра қалу, «су» дегенде толқын жасап қозғалу». (Балалар қимылмен көрсетеді) Табиғат туралы мақал - мәтелдер:

		Ынтымақ болсын! Әлемде тыныштық болсын! **(құрастыру)**				Таза болса табиғат Аман болар адамзат. Туған жердің суы тәтті Топырағы да ыстық. Сұрақтар арқылы қорытындылау.
Балалармен жеке жұмыс	**Әділбек Асылыммен жеке жұмыс** Айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіріп айтуға үйрету. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)**	**Базарбеков Нұрасылмен жеке жұмыс** Доптарды домалатады, заттарды қашықтыққа лақтырады, доптарды кедергілер арқылы лақтырады және қағып алуға үйрету. **(Физикалық қасиеттері)**	**Ғанибай Саятпен жеке жұмыс** «Бүгін», «кеше», «ертең» ұғымдарын ажыратуға үйрету. **(Танымдық және зияткерлік дағдылары)**		**Еділ Айнамкөзбен жеке жұмыс** Үсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауды үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**	**Болатұлы Санатпен жеке жұмыс** Бірнеше бөліктен тұратын заттарды пішіндеуді, олардың орналасуын ескере отырып, пропорцияларды сақтай отырып, бөліктерді байланыстыра алуға үйрету. **(Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)**
Серуенге дайындық	Киіну: киім кию ережесін сақтауға үйрету,серуенге арналған құралдарды дайындау,**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары**					
Серуен	№ 3	№ 14		№ 3	№ 21	№19
Серуеннен оралу	Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.					
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың мерекеден алған әсерлерімен бөлісу.	Балаларды өздеріне ыңғайлы етіп киіндіру туралы ата-аналарға ескерту.	Баланың бүгінгі көңіл-күйін баяндау.		Ата – аналарға кеңес: Ертеңгі уақытта үйден ойыншық әкелмеу.	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу.

Тексерілді: Сеитқ/ Бердимуратова.С.
Дене шынықтыру. КД Каримова.

БЕКІТЕМІН:

ЖШС-гі «Ақжайық»бөбекжай-балабақшасы

меңгерушісі _____Б.Сансызбаев

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің қызметінің циклограммасы

Мамыр айы

Тәрбиеші: Абдраманова. Х

2024-2025 оқу жылы

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Топ: «Күншуақ» ересек жас тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 5 – 9 мамыр 2025 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларын айуға үйрету. **Қоршаған ортамен танысу**	Балаларды жақсы көңіл -күймен қарсы алу. Әуенді ойын: «Көңіл күй» Міндеті: Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында қимылдар жасау. **Музыка**			
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	**Ата-аналармен жұмыс:** «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.	**Ата-аналармен әңгіме:** Ата –аналарға баланың денсаулығын сақтау жөнінде кеңес беру.			
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Не жетіспейді?» ойыны Міндеті: Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері (таңертең күннің ызғары, күндіз жылынуы т.б.) мен реттіліктері. «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын үйрету. Шарты: жұпқа тәулік бөліктері беріледі, бір бөлікті жасырып, оның қай бөлік екенін тауып, оның ерекшелігін бір – біріне түсіндіреді. **(математика негіздері)**	Ойын: «Ұшатын және ұша алмайтын жәндіктер» Ойын шарты: шеңберінің бір бөлігіне ұшатын,екінші бөлігіне ұша алмайтын жәндіктерді орналастырады. **Құрастыру**			
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені №17				
Таңғы ас	Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру: Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тамақтану әдебін сақтау.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	№5«Заттың санын цифрмен сәйкестендіру» Міндеті: Сәйкес санды таба білуге үйрету. Шарты: Тәрбиеші балаларға әр түрлі суреттері таратып береді.Балалар сол заттарды сандармен сәйкестендіреді. **Математика негіздері**	Ойын: «Түрлі-түсті көбелектер» Ойын шарты:Арнайы фетр материалдарынан дайындалған көбелектерді түстеріне сәйкес гүлдерге жабыстырады және гүлдер мен көбелектерді санап, түстерін атайды. **Математика негіздері,жапсыру**			
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру (таза ауада)** **Тақырыбы: «Тезірек, биігірек, күштірек»** **Міндеттері:** дұрыс бастапқы қалыпты сақтай отырып, әртүрлі етіп орналастырылған кегельдерге доппы лақтыруға үйрету. Жұптасып жүгіргенде бір-бірімен үйлесімді адым жасап, ырғақпен әрі жеңіл жүгіру қабілетін жетілдіру. Бөрене бойымен солға және оңға қосалқы адым жасауға, тұрақты тепетеңдік сақтауға және бойды тік ұстауға үйрету. Құм толтырылған қапшықтарды алыска лақтырып жаттығамыз. Шынтақтан бүгілген қолды	**Тақырыбы: «Тоғайға барамыз»** **Міндеттері:** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға, зат есімдерді жекеше және көпше түрде байланыстыра білуге үйрету. Тыңдалған шығарма кейіпкерлерінің бейнесін сахналық қойылымдарда жеткізе білуге, ерікті ойындарда кейіпкерлердің бейнесін басқа қырынан көрсете білуге мүмкіндік беру. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге, мүсінделген заттың.			

	екпінмен жазу қабілетін дамыту. Дене шынықтырумен айналысуға машығын тәрбиелеу. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ойын түріндегі жаттығу: «Жұбыңды тап!» Балалар өз қалауынша жұп құрап тұрады. Залды айналып «шашырап» жүреді. «1,2,3 – жұбыңды тап!» деген белгі берілген кезде тездетіп жұптасып, екі-екіден сап түзейді. Жұптасып жүгіреді. Жеңіл, ырғақпен жүгіруге, қозғалыс бағытын сақтауға тырысады. Жұппен жүгіру. Жұптағы балалардың бір-бірімен үйлесімді қимылдауына назар аударады. Дыбыстардың көмегімен орындалатын тыныс алу жаттығулары. 1. «Кірпі». Тыныс алу гимнастикасы. Б.қ. – н.т. 1 – бастарын оңға бұрады – мұрынмен шуылдап қысқа дем алады. 2 – бастарын солға бұрады – аузын жартылай ашып дем алу. 2. «Реттеуші». Б.қ. – аяқтарының арасын ашып тұрады. Бір қолды жоғары көтереді, екіншісін қапталға созады. 1 – оң қолды жоғары көтеріп, сол қолды қапталға созады (мұрынмен дем алады). 2 – сол қолды жоғары көтеріп, оң қолын төмен түсіреді, «р-р-р» дыбысын шығарады. 3. «Қаздар ұшып келе жатыр». Б.қ. – н.т. 1 – қолдарын қапталға қарай созып көтереді (дем алады). 2 – қолдарын төмен түсіреді, «г-у-у» (демін шығарады). 4. «Маятник». Б.қ. – қолды белге қойып (дем алу). 1 – алға еңкейеді (дем шығару). 2 – б.қ. (Дем алу). 3 – солға еңкейеді (дем шығару). 4 – б.қ. «т-у-у-х» дыбысымен демін сыртқа шығару. 5. «Кемпірқосақ». Б.қ. – н.т. 1 – мұрнымен терең демалып, қолдарын қапталға созады. 2 – демін 3-4 секунд іште ұстайды. 3 – жымияды, «с» дыбысын айтады, іші мен кеуде қуысын босатып, ауаны сыртқа шығарады. Бастапқыда қолдарын алға созады, кейін кеуде тұсынан айқастырып, өз-өзін иықтан құшақтайды: бір қолды қолтықтың астына жібереді, екіншісімен иығын ұстайды. 6. «Үлкен болып өс». Б.қ. – н.т. 1 – қолдарын жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен тұрады (дем алу). 2 – қолдарын төмен түсіріп, табанын толық басады (демді сыртқа шығару), «у-х-х»деген дыбыс шығарады.	фигуралардың бетін тегістеуге үйрету.Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақша көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, бұршақ, кемпірқосақ) кеңейту. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау.Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Ой қозғау: -Балалар қазір жылдың қай мезгілі? -Көктем мезгілінен кейін жылдың қай мезгілі келеді? -Біз қай мемлекетте тұрамыз? ҚР Президенті кім? -Ауылымыз қалай аталады? -Қай балабақшаға келеміз? -Тобымыз қалай аталады? -Жәрайсыңдар,балалар бүгін ауа-райы тамаша екен ауыл маңындағы тоғайға серуенге барамыз ба? Топ серуенге шығу. (Тоғай ережесін түсіндіру) Серуенге барайық, Әсем әнге салайық, Оңға,солға көз салып, Табиғаттқа қарайық. Қаялдама: «Тоғай» -Ой балалар айналаға қараңдаршы нелерді көріп тұрсыңдар? -Өзенде нелер жүр? -Қандай балықтар? -Балалар гүлдер солып қалыпты,қалай ойлайсыңдар оларға не керек? Балық,гүл создерін жекеше-көпше түрде айту. Ғажайып сәт: Гүлдерге су бүрку арқылы олардың ашылғанын тамашалау. -Балалар гүлдер су ішіп жайқалып,көңілденіп калды,бізге рахмет айтып жатыр. **(сөйлеуді дамыту,қазақ тілі)** Ойын: «Түрлі түсті көбелектер» Шарты: Гүлдердің түсіне сәйкес келетін көбелектерді орналастыру. **(жапсыру)** Тосын сый: Ағаштың түбінен кішкентай көжекті тауып				

	Негізгі іс-қимылдарды орындайды. Спорттық ойындардың элементтері - кегельдер. «Нағыз мергендер» Дұрыс бастапқы қалыпты ұстана отырып, допты әр жерге қойылған кегельдерге лақтыру. Тәрбиеленушілер 2 метр қашықтықтан допты лақтырады. Алдымен тапсырманы қыздар орындайды, ал ұлдар педагогтің нұсқауы бойынша кегельдерді қойып шығады. Сосын ұлдар лақтырады. Педагог допты тура бағытта екпінді түрде – тұрған кегельдердің ортасына лақтыруға назарларын аударады. «Ара» – бетке арналған массаж. Ра-ра-ра – гүлде отыр ара. Ел-ел-ел – кең далаға кел. Ді-ді-ді – ара қанатын сермеді. Ал-ал-ал – ара жинайды бал. Қорытынды кезең (Рефлексия). Ойын түріндегі жаттығу: «Дұрыс көрсет», жүргізуші рөлін орындау: «Көңіл күйің қандай?», «Көңіл күйлерің қалай?» **Тақырыбы: «Мамандықтар»** **Міндеттері:** Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.Балалардың түрлі әрекеттерінде әңгімелерді тыңдауға қызығушылыққа баулу.Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдардың көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сойлеу мәнерін өз бетінше қолдануға, түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу.Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозгалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру.Шығармашылық қиялды дамыту.Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, өз бетінше от жақпау, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде тәныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау). **Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Шаттық шеңбері Гүл өсірсең, терлеп мұның аты еңбек Кесте тіксең зерлеп мұның аты еңбек Қырға шықсаң, өрлеп мұның аты еңбек Қиындықтың бәрін еңбекқана жеңбек	алу. -Бұл не екен балалар? — Көжек қандай? (көжекке сипаттама жасау) 1 топ: Ойын: «Көжекке сәбіз бересік» Шарты: Үлкен-кіші сәбіздің суретін салу.**(сурет салу)** 2топ: Ойын: «Көжекке сәбіз берейік» Шарты: Ермексаздан сәбізді мүсіндеу. **(мүсіндеу)** Көжек: балалар сендер қандай ақылдысыңдар менде сендермен балабақшаға барғым келеді. -Балалар көжекті өзімізбен бақшаға алып кетеміз бе? Серуенге барайық, Әсем әнге салайық, Оңға,солға көз салып, Табиғатқа қарайық. 2 аялдама: «Балабақша» Жеке-жеке балаларға тапсырма. 1 топ: Пазл құрастыру қандай бейне шықты әңгімелеу ұсынылады.**(құрастыру)** 2-топ: «Пішіндердің үйін тап» геометриялық пішіндерді өз ұяшығына орналастырады,атайды,неге ұқсайтынын табады.**(математика негіздері)** Сергіту сәті: «Ақ қоянмен көңілді» **(дене шынықтыру,музыка)**			

	-Балалар, қазір біз көрмеге барамыз.Сендер мұқият қарап,көрмеден не көргендеріңді естеріңе сақтап алыңдар. -Мынау не? (жиһаздарды көрсетеді шкаф,теледидар, орындық диван т.б) -Олар неден жасалған? -Бұларды бір сөзбен қалай айтамыз? Ал мынау не? (үтік,теледидар, кіржуғыш машина) -Бұларды бір сөзбен қалай айтамыз ? -Мыналар нелер? (қант,макарон,сусындарт,б) -Балалар осы көрсетілген заттарды кімдер жасайды? -Дұрыс айтасыңдар, күнделікті тұрмыста қолданатын заттардың барлығын да, ойлап табатын да адамдар екен.Біз бүгін осы заттардың қалай пайда болғандығы жайлы әңгімелейміз. -Кірді қалай жуып жатыр? -Үйдің ішін немен сыпырып жатыр? -Яғни , бұрын барлық үй шаруасын адамдар қолмен атқарған екен.Кір жуу, үй тазалау,от жағу сияқты жұмыстар уақытты көп алатын да демалуға уақыт мүлдем аз болатын.Соған бауланысты адамдар жұмыстарын жеңілдету үшін кір жуатын машинаны, шаңсорғышты,ыдыс жуатын машына,толқынды пешті т.б ойлап тапқан балаларға көрсетіп айтып түсіндіріледі. -Балаларға ойыншықтармен жиһаздардың бұрын қалай жасалғандығы, ал қазір қалай жасалатындығы туралы айтып түсіндіріледі. -Осының бәрі адамдардың еңбегі екен, гүлге су құйсақта, ыдыс жусақта еңбектенеді екенбіз. **(қоршаған ортамен танысу)** Сергіту сәті: «Көңілді гимнастика» Қолымызды көтереміз,оң қолды төмен түсіріңдер,сол қолды жоғары, оңға бұрылу, солға бұрылу. **(дене шынықтыру)** Ғажайып сәт: Қонаққа балабақша аспазшысы келеді. Сәлемдесіп қонақты қарсы алады. Аспазшы апайдың еңбегі жайлы айтып өтіледі. -Балалар бізге тамақты кім пісіреді екен? -Біз қандай тамақтар жейміз бала бақшада? -Тәтті бәліш,сорпа, картоп сәбесі.әр түрлі шырындар т.б. -Осының барлығын кім бізге дайындайды екен ,әрине аспазшы апай. -Бізге жасап жатқан аспазшы апайдың еңбегі екен балалар,сол үшін ол кісінің еңбегін бағалауымыз қажет екен.Ал енді аспазшы апайымыз бізге түскі ас әзірлеу керек екен, олай болса біз ол кісіге көмектесейік.				

	(сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет) Топқа бөліну. Саусақ жаттығуы: Саусақтарым кішкентай. Көп нәрсені меңгерді. Айналыпты шеберге, Жұмыс істеуді үйренді. Қамырды аламын, Алақанға саламын. Домалатып ойнаймын, Қызығына тоймаймын. 1 топ. Ойын: «Дастархандағы бауырсақ» Шарты: (Дәстүрден тыс) Қақпақтармен бастыру әдісі арқылы сурет салады. **(сурет салу)** 2 топ. Ойын: «Тәтті тоқаш» Шарты: тұзды қамырдан тоқаш жасайды. **(мүсіндеу)** 3 топ. Ойын:«Орнына қой» Шарты: қызғылт-сары түсті шаршыны алып, оның бұрыштарын қайшымен қию арқылы дөңгелек жасайды. Дайын бауырсақтарды ыдысқа жоғары-төмен әдемілеп орналастырады. **(математика негіздері,жапсыру)** 4 топ. Ойын: «Асханаға қажетті заттарды тап!» Шарты: Бөліктерді дұрыс құрастыру арқылы асханаға қажетті заттарды атайды. **(құрастыру)** Мақал-мәтел:Еңбек етсең ерінбей Тояды қарның тіленбей. Еңбектің наны тәтті. -Аспазшы апайымыз бір демалып қалғанын айтып қоштасады. **Музыка** – пән жетекшісінің жоспары бойынша.				
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киінуді жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қалағалауды әдетке айналдыруға баулу. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру)				
Серуен	**№ 29** **Балалармен жеке жұмыс** Тақпақ: «Балабақша» Балабақша базарлы үй, Қаладағы ажарлы үй. Шаттығы бар шуақты, Өз үйіміз сияқты. **Коммуникативтік дағды** **Ересек балалардың ойындарын бақылау**	**№ 18** **Ағаштардың гүлденуін бақылау** **Міндеті:**Ағаштар бүр жарды, одан кейін жапырақ шықты енді гүлдеді. Басқа гүлдеген ағаштардың гүлімен салыстыру. Балаларды табиғатты қорғауға тәрбиелеу арқылы олардың әдемілігіне сүйсіндіру. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Балалармен жеке жұмыс** Жұмбақтар:			

	Міндеті: Балалардың киімдеріне назар аудару (куртка, шапка, бессаусақ т.б.), балалар қыста қалай киінгендерін естеріне түсіру. Балалардың далада бұрынғыдан көп серуенде болатындарын бақылау, себебі күн жылынды. Ауа райының қалай өзгергенін бақылау. **Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру** **Қимылды ойындар: «Батыл балалар»** **Міндеті:**Жіпке тартып өрмелеу: балаларды батырлыққа, күштілікке, ептілікке тәрбиелеу. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек:Ауладағы жұмыстар: арам шөптерді жұлып, ағаштардың түптерін қопсыту.** **Міндеті:**Балалармен арам шөптерді жұлып, оны бір орынға жинау, бірге жұмыс жасауға үйрету. Таза, жинақы, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**	1.Жаз болса жайнап, Саясында ән салып, Құстар жүрген сайрап. Бұл не? (Ағаш) 2.Жазда жатсаң – көленкесінеалады, Қыстажатсаң – жанынрахаттабады. (Ағаш) **Коммуникативтік дағды** **Қимылды ойын: «Домалақты жерге түсіріп алма»** **Міндеті:**Берілген дыбыс бойынша қасықты қолына алады. Қасыққа кішкентай домалақ шарды салып түсірмей берілген жерге жеткізу, ептілікке баулу. **Физикалық қасиеттерін жетілдіру** **Еңбек: Алаңдағы жұмыстар. Міндеті:**Жасаған күс ұясын ағашқа орнатуды үйрету. **Танымдық іс – әрекет дағдылары**			
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. (Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)				
Түскі ас	Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақтану тәртібін сақтаудың адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. (Салауатты өмір салтын қалыптастыру, мәдени-гигеналық дағдылар, сауықтыру-шынықтыру шаралары)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа ілін (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	1.Жалпы жетілдіру жаттығуы: Балалар төсекте жатып, бастарын оңға, солға бұрады.. Балалар төсекте жатып, қолды екі жаққа созу, жұдырықтан жұму. Балалар төсекте жатып, велосипед тебу. Қолтырауын болып, бір қырынан төсек үстінде аяқ - қолды созу. Балалар төсекте отырып, бір - біріне қарап сәлемдесу. 2.Тыныс алу жаттығуы: Ку - ка - ру, ку - ка - ри – ку, ку - ка - ри - ку. Табанға арналған денсаулық кілемшелерімен жүру. 3.Беті - қолымызды жылы сумен жуып, сүлгімен сүртінейік. Балалар кәне жарты шеңберді құрайық: Кел балалар тұрайық, Қолымызды жоғары созайық. Еңкейеміз еденге, арқамызды тік ұстап, Бір демалып алайық. 4. Тыныс алу жаттығулары: Арқа мен жатып бір қолы кеудеде, екінші қолын ішіне қою. Ауаны ішке тарту: іштің көмегімен қолды кері итеру, жай дем шығару: іштің тартылуы б.қ келу. 5.Тамағымызды тұзды сумен шаю. **(Сауықтыру-шынықтыру шаралары, салауатты өмір салтын қалыптастыру)**				
Бесін ас	**Гигиеналық шараларды орындау**				

	Ас алдында колды сабынмен жуу,қол орамалды қолдануын пысықтау. **Мәдени-гигиеналық дағдылары** Үкыпты тамақтану дағдыларын,ас құралдарын қолдануды жетілдіру.				
Балалардын дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар карау және тағы басқа әрекеттер)	Топ болып жұмыс жасау. Қиынды пішіндерді,ермексазды қолдану арқылы композиция құрастыру. Шарты: Қызғалдақ гүлін құрастырып,жапсыру, себелеп тұрған жаңбыр бейнесін ермексаздан жасау,ағып жатқан судың суретін салу. **(құрастыру,сурет салу,жапсыру,мүсіндеу)** «Көктем сәні» ертегісін сахналау.	Ойын: «Ойлан тап!» Ойын шарты бойынша бірнеше жәндіктер арасынан тәрбиеші атаған жәндікті тауып, сипаттауы тиіс. Ойын: «Не артық?» Ойын шарты бойынша: карточкадағы жәндіктен артық затты шенбермен қоршайды. **(қазақ тілі)**			
Балалармен жеке жұмыс	**Әділбек Асылыммен жеке жұмыс** Теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарын үйрету. **Танымдық және зияткерлік дағдылары**	**Базарбеков Нұрасылмен жеке жұмыс** Өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларын айуға үйрету. **(Коммуникативтік дағды)**			
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киінуді жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру)**				
Серуен	**№ 29**	**№ 18**			
Балалардын үйге қайтуы	Кеңес: «Үйде балаңыздың өзіне-өзі қызмет көрсетуіне қандай жағдай жасайсыз?»	Демалыс күндері күн тәртібін сақтауын ата-аналардан талап ету.			

Тексерілді Сынып Бердишуратова С.Х

Дене шынықтыру Карпенова Д

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Топ: «Күншуақ» ересек жас тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 12 – 16 мамыр 2025 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Көңілді әуенмен қарсы алу. Міндеті: Балалардың көңілін көтеру. Гимн айту. **Музыка**	Балалардың дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **Сөйлеуді дамыту**	Түрлі –түсті шармен қарсы алу. Міндеті: Балаларға жақсы көңіл –күй сыйлау. **Музыка**	Көңілді әуенмен қарсы алу. Міндеті: Балалардың көңілін көтеру. **Музыка**	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. **Сөйлеуді дамыту**
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын танертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайыны жайлы әңгімелесу	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	№12 «Бұл қандай ертегі?» Шарты:Қиылған ертегілердің суретін құрастырып қандай ертегі шыққанын атау,ертегіні айтып беру. **Құрастыру**	№14 «Мамандықтарды ата» Шарты: Суретке қарап мамандық иесін табу. **Сөйлеуді дамыту,құрастыру**	№19 «Көп және біреу» Шарты: Балалар берілген суреттерді қарастырады. Көп зат және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп, екі жаққа қояды **Математика негіздері**	№43 «1 ден 5 ке дейінгі сандар» Шарты: 1 ден 5 ке дейінгі сандарды ретімен орналастыру, тура және кері санау. **Математика негіздері**	№1 «Үқсас суретті тап» Шарты:Балалардың алдына кәртішке тараты лады,сол кәртішкеде бейнеленген ұқсас суретті табу,әңгімелеу. **Сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру**
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені №18				
Таңғы ас	Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру: Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тамақтану әдебін сақтау.				
